



Құрметті әріптестер!

Мұғалімнің мүддесін, талап-тілегін қанағаттандыруға арнап шығарылған «Ертіс дарыны» хабаршысы, «Жас дарын» мектебі ұжымының атынан дарынды оқушылардың интеллектуалдық және кәсіптік бағдарын дамыту үшін жағдай жасап, тұлғаның дамуына, өз қабілеттеріңнің ұшталуына ықпал еткен еңбектерің жемісті болсын. Сіздердің кемел ақылдарыңыз, дархан мінездеріңіз, ұйымдастырушылық қабілеттеріңіз, шәжірттеріңіз өнеге болсын. Сіздердей асылдың сынығы болар ізбасар оқушыларыңыз көп болсын!

С.Т. Хасанова, «Жас дарын» мектебінің директоры.



**«Жас дарын» мамандандырылған мектебінің
педагогикалық ұжымы**

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЕРТІС
ДАРЫНЫ» АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
РЕГИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ЕРТІС ДАРЫНЫ»

«Ертіс дарыны» аймақтық ғылыми-тәжірибелік
орталығының ғылыми-тәжірибелік журналы 2003 жылы
құрылған

«ЕД» хабаршысы
Вестник «ЕД»

Научно-практический журнал регионального научно-
практического центра «Ертіс дарыны» основан в 2003 г.



Павлодар қаласының «Жас
дарын» мамандандырылған
мектебі

Қазақстан Республикасы,
Павлодар қаласы,
Ленин к-сі, 125
Телефон: 61-81-32, 61-81-32
Директор: Хасанова Сауле
Төлегенқызы

Сөзі мен әні: Қ. Хабибулин, Қ. Сатиев

«Жас дарын» әнұраны

1. «Жас дарын» - білім мектебі,
«Жас дарын» - өмір көктемі.
Өмірдің гүлі – балалар,
Шаттықпенен «Жас дарын» деп жар салар.

Қ- сы:

«Жас дарын» - білім ордасы,
Көңілдің саясы – «Жас дарын».

2. Болашақ жолы сайрасын,
«Жас дарын» өрге самғасын.
Талабы биік мектебі,
«Жас дарынның» әсем әні шырқалсын.

3. Білім мен ғылым еккені,
«Жас дарын» бағы жайнасын.
Бөленіп нұрға мектебім,
Болашақ дарын жолы сайрасын.

Мазмұны

«ЖАС ДАРЫН» МЕКТЕБІ – АҚЫЛ-ОЙ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕСІГІ»

С.Т.Хасанова -----

Мектеп жөнінде қысқаша ақпарат -----

Всегда в пути... В.Н.Афанасьева -----

« БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ, МОДЕЛЬДЕР МЕН СТЕНДТЕРДЕГІ

МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІГІ» А.С.Рахимжанова -----

«КРЕАТИВТІ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕКТЕПТІК МЕНЕДЖМЕНТ»

С.Т.Хасанова –мектеп директоры,

ғыл. жет. – п.ғ.к., ПМПИ проф. В.Н.Афанасьева -----

БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗ ШОҒЫРЫ (ұстаздар мен оқушылардың зияткерлік жеңіс марафоны)-----

« Тәрбие тал бесіктен бас талады»А.М.Арынгазина-----

КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ:

«Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту» А.С.Рахимжанова-----

«Проблема адаптации иностранного УМК по обучению английскому языку в специализированной школе» М.Б.Куватова-----

«Концепция обучения математике на английском языке в специализированной школе «Жас дарын» г.Павлодара»

Ж.Ж.Жунусова-----

«Использование мультимедийных интерактивных технологий при коммуникативном обучении иностранному языку» С.Б.Хасанова-----

«Использование ролевых игр в обучении иностранным языкам»

Г.Р.Ильясова-----

Ғалымдар мектепте (Ғылым мен білім берудің интеграциясы мәселесі)

К.О.Омарова-----

«Мой Учитель» (О Муратхане Нурмагамбетовиче Ильясове) . Ж.Ж.Жунусова

«Ведущий к вершинам Олимпа...» Г.Р.Ильясова-----

«Жеңіс тұғырына жетелеуші» А.Х.Сумбаева-----

ТҮЙНЕКТЕП ЖИНАЛҒАН МҰҒАЛІМДЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕН...

«Заман талабына сай мектеп» Б.Х.Әбдіжүсіпова-----

«Школа, устремленная вперед» С.Б.Хасанова-----

«Өз ісінің білгірі» С.Ғ.Бекібаева-----

« С детства мечтала быть учителем...» Ж.Ж.Жунусова-----

«Керегесі кеңейген іргелі мектеп» Ғ.Қ.Тұрсынов-----

Химия пәнінен үшінші деңгейлі есептерді шешу технологиясынан үлгілер

(Әлібеков Мұрат Сабырұлының тәжірибесінен)-----

«Жарықтың интерференциясы. Жарық толқындарының дифракциясы»

тақырыбына арналған физика пәнінен сабақ жоспары (Сумбаева Алтын

Хайроллақызының тәжірибесінен)-----

«Тендеулер, теңсіздіктер» тақырыбына технологиялық карта

(А.Қ.Хабылбекованың тәжірибесінен) -----

ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА БЕРЕТІН МЕКТЕП

«Білімнің бесігі мектеп деген...» Г.Ә.Сәрсекее-----

«Берекелі бірлік болсын...» Б. Сағындықұлы-----

«Несколько теплых слов о школе «Жас дарын»» И.Ю.Синицына-----

«Биік белестерден көріне беріңіздер...» А.М.Жакина-----

« Ұстаз еңбегі – өшпес ұлы мұра» Қ.М.Абдуллаева (ата-ана)-----

« Мұғалім – мадаққа да, сыйға да лайық тұлға» Мектеп ата-аналары-----

«Мың шұғылалы мұзарттар» А.Марат-----

«Жас дарын» мекте бі туралы жақсы ой...*С.Н.Бекболатов*-----
«Болашақ түлектердің лебізі»-----

ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ

«ЖАС ДАРЫН» МЕКТЕБІ – АҚЫЛ-ОЙ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕСІГІ»

«ҚР ұлттық білім саясатын жүзеге асыратын мектеп – ол қазақ мектебі. Мектеп – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін, білім, рухани құндылықтарды жас жеткіншек бойына сіңіретін құтты орда» *С.Т.Хасанова*

Мектеп жөнінде қысқаша ақпарат

«Всегда в пути»

«Есть в Павлодаре небольшая школа, которая расположилась почти на берегу Иртыша и почти в центре города (напротив ЦУМа), символизируя тем самым сердце земли Прииртышской, давшей краю и стране целое созвездие талантов, перечень имен которых призвана продолжить эта школа, как ее называют, «колыбель разума и творчества». Почему?..» *В.Н.Афанасьева*

« БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ, МОДЕЛЬДЕР МЕН СТЕНДТЕРДЕГІ МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІГІ»

« Мектептің өз тәжірибесіндегі материалдарын модель түрінде таныстырудың маңыздылығы да аз емес, ол нақты, сыйымды және қысқа, әрі ғылыми тұрғыда мектеп жөнінде керекті ақпарат беруде ерекшеленеді» *А.С.Рахимжанова*

«КРЕАТИВТІ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕКТЕПТІК МЕНЕДЖМЕНТ»

« Мемлекет саясаты – мектептік менеджмент ұйымдастырылуының алғашқы және ең маңызды көзі. Біздің «менеджмент» ұғымына байланысты өзіндік көзқарасымыз ең алдымен, күтілетін нәтижеге қол жеткізу іс-әрекетімен байланысты және кез келген іс-әрекет ретінде үрдісті сипатта болады» *С.Т.Хасанова –мектеп директоры, ғыл. жет. – п.ғ.к., ПМПИ проф. В.Н.Афанасьева*

БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗ ШОҒЫРЫ (ұстаздар мен оқушылардың зияткерлік жеңіс марафоны)

« Тәрбие тал бесіктен басталады»

«Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі, біріншіден, ұрпақтан – ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез – құлық нормаларына қатысты білім және дағды беру үдерісі» *А.М.Арынгазина*

КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ:

«Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту»

« Бүгінгі күннің мәселесі - дарынды көптілді тұлғаның сапалы білімін жетілдіруіне ықпал тигізетін дидактикалық шарттарды тауып, қамтамасыз ету...» *А.С.Рахимжанова*

«Проблема адаптации иностранного УМК по обучению английскому языку в специализированной школе»

«Обучение английскому языку на базе аутентичных материалов имеют несомненные преимущества перед обучением с помощью изданий отечественных авторов. Это, в первую очередь, соответствие стандартам CEFR, высокая методическая продуманность УМК, аутентичность и современность языкового материала, широкое разнообразие дополнительных материалов к учебному курсу, Интернет поддержка»
М.Б.Куватова

«Концепция обучения математике на английском языке в специализированной школе «Жас дарын» г.Павлодара»

«Несмотря на то, что математический язык – международный язык, в концепции модернизации казахстанского образования среди условий, необходимых для повышения качества общего образования, особо выделяется необходимость обучению основ математики на различных языках, предполагающая широкие и гибкие возможности построения индивидуальных образовательных траекторий» *Ж.Ж.Жунусова*

«Использование мультимедийных интерактивных технологий при коммуникативном обучении иностранному языку»

«Преимуществами таких технологий, по сравнению с другими комплексами обучения иностранному языку (видео-аудио кассеты, учебники, тетради, таблицы, стенды, фотографии, иллюстрации), являются: интерактивность, объединение выше перечисленных средств обучения на одном носителе (PC-disk или DVD-disk), что дает возможность раскрывать разные стороны приобретаемых знаний, углублять их и связывать, а непрерывное обогащение ума обучаемого разносторонним содержанием создает благоприятные условия для более глубокого осмысления полученных сведений»
С.Б.Хасанова

«Использование ролевых игр в обучении иностранным языкам»

«Ролевая игра – методический прием, относящийся к группе активных способов обучения практическому владению иностранным языком. Ролевая игра представляет собой условное воспроизведение ее участниками реальной практической деятельности людей, создает условия реального общения» *Г.Р.Ильсова*

Ғалымдар мектепте (Ғылым мен білім берудің интеграциясы мәселесі)

«И.Д.Исмоилов. Он первый ученый в республике Таджикистан, защитивший докторскую диссертацию по специальности 01.01.06 - алгебра, теория чисел и математическая логика. В настоящий момент является, единственным специалистом в области аналитической теории чисел в Республике Казахстан» *К.О.Омарова*

«Мой Учитель» (О Муратхане Нурмагамбетовиче Ильясове)

«Такие слова как математическая красота, строгость, точность, логичность в моем мышлении ассоциируются ни с кем иным, как с Ильясовым Муратханом Нурмагамбетовичем» *Ж.Ж.Жунусова*

«Ведущий к вершинам Олимпа...»

«С 2009г. в школе «Жас дарын» занятия по подготовке к олимпиаде по английскому языку ведет кандидат филологических наук Саурбаев Ришат Журкенович» *Г.Р.Ильсова*

«Жеңіс тұғырына жетелеуші»

«Талғат Сапарғалиұлы Досанов үш жыл бойы «Жас дарын» мектебінің олимпиадалық резерв тобын физика пәнінен олимпиадаға дайындап жүрген жас ғалым.

Ол - жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, болашаққа жан-жақты дамыған, толыққанды азамат етіп қалыптастырушы ғалым» *А.Х.Сумбаева*

ТҮЙНЕКТЕП ЖИНАЛҒАН МҰҒАЛІМДЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕН...

«Заман талабына сай мектеп»

«Дарынды балаларға арналған мектептің әрбір ұстазы, өз заманының алдыңғы қатарлы білімдері: әр сабағында білімнің біртұтас жүйесін ендіріп, оқушыларын әлемдік ақыл-ойдың қол жеткен табыстарымен сусындауына өз бетінше білім алуына, шығармашыл бастамаларға бейім болуына баулып, жұмыс істеуде» *Б.Х.Әбдіжүсіпова*

«Школа, устремленная вперед»

«Жас дарын в моем представлении это школа, устремленная только вперед, завоевывающая высоты в казахстанском образовании» *С.Б.Хасанова*

«Өз ісінің білгірі»

«Мектептегі информатиканы оқытудың негізгі міндеті – ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру. Осы мақсатты жүзеге асыруда, төзім мен ерік-жігері мол, ізденімпаз ұстазымыздың бірі - информатика пәнінің мұғалімі Момынов Қуат Мырзатайұлы» *С.Ф.Бекібаева*

«С детства мечтала быть учителем...»

«...Ни один день не похож на предыдущий. Можно только удивляться тому, насколько может быть разнообразна работа учителя! Сколько нового и полезного приносит каждый день, сколько возможностей и перспектив...» *Ж.Ж.Жунусова*

«Керегесі кеңейген іргелі мектеп»

«Мектептегі әр ұстаз үлкен жүректілігімен, сауаттылығымен өз шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, оның өмірге нық қадам басып, нағыз Адам болып қалыптасуына, жан-жақты еңбек етуде» *Ғ.Қ.Тұрсынов*

Химия пәнінен үшінші деңгейлі есептерді шешу технологиясынан

үлгілер (Павлодар қаласының “Жас дарын” мамандандырылған мектебінің жоғары санатты химия пәні оқытушысы Әлібеков Мұрат Сабырұлының тәжірибесінен)

«Жарықтың интерференциясы. Жарық толқындарының дифракциясы»

тақырыбына арналған физика пәнінен сабақ жоспары (Павлодар қаласының “Жас дарын” мамандандырылған мектебінің жоғары санатты физика пәні оқытушысы Сумбаева Алтын Хайроллақызының тәжірибесінен)

«Теңдеулер, теңсіздіктер» тақырыбына технологиялық карта

(Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің математика пәні мұғалімі А.Қ.Хабылбекованың тәжірибесінен)

ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА БЕРЕТІН МЕКТЕП

«Білімнің бесігі мектеп деген...»

«Облысымыздағы іргелі, өзіндік білім-тәрбие өрнегі бар білім ошақтарының бірі» *Г.Ә.Сәрсек*

«Берекелі бірлік болсын...»

«Қазақ жаңа қауымының қалыптасуы жас жеткіншектердің қазіргі жетістіктерімен көрініс керек. Жас буын кемел біліммен сусындаса ғана болашақ барысын айқындайды. Сондай білім ошағының бірі, бірі емес бірегейі – Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі» *Б. Сағындықұлы*

«Несколько теплых слов о школе «Жас дарын»»

«Мне посчастливилось работать в школе «Жас дарын» с сентября 2002 года. Именно посчастливилось, потому что такого доброжелательного коллектива, таких воспитанных, вежливых, порядочных, по-настоящему интеллигентных детей, родителей я не встречала ни в одной другой школе нашего города за 20 лет работы в народном образовании и лучших школах области» *И.Ю.Синицына*

«Биік белестерден көріне беріңіздер...»

«Павлодар қаласындағы «Жас дарын» мектебі бүгінгі таңда облысымыздағы қабілетті, дарынды, шығармашылық бағыттағы оқушылар оқитын білім ошақтарының бірі» *А.М.Жакина*

« Ұстаз еңбегі – өшпес ұлы мұра»

«Ұстаз еңбегі - өшпес ұлы мұра. Ұжымның нәтижелі еңбектерінің негізгі көзі – дарынды балаларды анықтап, оның қабілетін арттырып, шынайы өмірге қалыптастыру» *Қ.М.Абдуллаева (ата-ана)*

« Мұғалім – мадаққа да, сыйға да лайық тұлға»

«Нағыз ұстаз жауапкершілігі мол жұмысты мінсіз атқарып, өз отанын сүйетін, тіл мен дінін құрметтей білетін, мәдениеті, жан-жақты дамыған ұрпақ даярлай біледі. Өйткені ұрпақ тағдыры – ертеңгі ел тағдыры» *Мектеп ата-аналары*

«Мың шұғылалы мұзарттар»

«Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», – десе, Абылайхан Төле биді, Шәкәрім ұлы ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтесе, біз мектебіміздің көшбасшысы – Хасанова Сәуле Төлегенқызын ешкіммен салыстыруға болмайтын ұлы, дана да, дара тұлға деп санаймыз. Өйткені ол – өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салып, болашаққа адастырмас ақ жол сілтейтін асыл жан» *А.Марат*

«Жас дарын» мекте бі туралы жақсы ой...

«Павлодар қаласы «Жас дарын» мамандандырылған мектебі туралы тек жақсы тілектер, ойлар айтуға болады. Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалы драма театры мектептермен тығыз байланыс жасайды...» *С.Н.Бекболатов*

«Болашақ түлектердің лебізі»

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» демекші, «Жас дарын» жалпы орта білім беру ошағының еліміздің жас азаматтарын оқытуда атқарған еңбегі орасан зор. Он жылдан аса уақыт бойы, алғаш іргесі қаланған сәттен бері мектеп талай-талай дарынды балаларды үлкен жолға, келешек өмірге даярлаумен айналысуда» *Қ.Сұлтанғазина*

«Мектебімнің іргесінің қаланғанына 13 жыл болып та қалды. Мұндай ұзақ емес, бірақ қуанышты сезімдерге, толғанысты сәттерге толы уақыт ішінде осы оқу ордасы көптеген елеулі оқиғалар кешіп, облыс, Республика деңгейлерінде ауқымды дәрежедегі мәртебеге ие болып, жалпыға ардақты мектепке айналды» *Н.Темірова*

Сәуле Төлегенқызы Хасанова - дарынды балалармен жұмыс істейтін Республикалық «Дарын» орталығы желісіндегі динамикалы түрде дамып келе жатқан мектептердің бірі – Павлодар қаласының **Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің** директоры, ағарту ісінің үздігі, дарынды жетекші, алғашқы күннен бастап қала университеттерімен, кафедраларымен, ғалымдарымен белсенді ынтымақтастықта болып, мектеп ұжымын қатан ғылыми негізде басқара білген дарынды басшы.

«ЖАС ДАРЫН» МЕКТЕБІ – АҚЫЛ-ОЙ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕСІГІ

ҚР ұлттық білім саясатын жүзеге асыратын мектеп – ол қазақ мектебі. Мектеп – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін, білім, рухани құндылықтарды жас жеткіншек бойына сіңіретін құтты орда.

Бүгінгі таңда еліміздің білім берудегі негізгі саясаты - әлемдік білім кеңістігіне ену екені көпшілікке мәлім. Бұл ұстаным «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі дамуы» атты тұжырымдамасында да өзекті ой болып отыр.

Осыған орай Президенттің 1996ж. 24 мамырдағы № 3002 «Дарынды балаларға арналған мектепке мемлекеттік қолдау, дамыту туралы» өкіміне сәйкес Павлодар қаласында Павлодар облысы әкімінің 1999 жылғы 19 тамыздағы шешімі негізінде дарынды балаларға оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін арнайы «Жас дарын» мектебі ашылды. Ашылған жылы мектеп оқушыларының саны – 45 болып, барлығы 3 сынып-комплектісі болса, қазіргі таңда 17-сынып-комплектісі, 319 оқушы дәріс алып жатыр.

Оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отыра, *білім беру үдерісі екі бағытта жүргізіледі*: жаратылыстану- математикалық, қоғамдық-гуманитарлық. Бұл жүйенің *ерекшелігі* келесіде: 5-9 сыныптарға математика пәнін жеделдете оқыту; 5-6 сыныптардың оқыту үдерісіне жаратылыстану- математикалық бағыттағы пәндерді (физика, информатика, химия) енгізу; қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту: 5-8 сыныптарға – қазақ тілін, 10-сыныбында – Қазақстан тарихын, 9-сыныбында – ағылшын тілін.

Мектебіміз дарынды балаларға арналған болғандықтан, білім мазмұны бүгінгі күн талабымен шектеліп қалмай, өсіп келе жатқан елдердің озық үлгілеріне үңіліп, болашаққа құлаш сермеуі қажет екендігі бәрімізге де белгілі.

Біздің бала дарындылығымен жұмысымыз - осы үш негізгі бағыт арқылы іске асырылуда: мектеп түлегі мақсат ретінде; барлық мектеп жүйесі құрал ретінде; мұғалім - мақсатқа жету шарты іспетті.

Қойылған мақсаттарға, биік дәрежелерге жету үшін дарынды ұстаздар мен ғалымдардың қауымдастығы талмай еңбек етуде. «Мектеп жүрегі» деп тек мектеп мұғалімдерін ғана емес, сондай-ақ, мектептегі метапәндер жүйесінде қызмет атқаратын аға ұстаздарды да атауға болады. Жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылым кандидаттары, профессорларының зор нәтижелі еңбек еткендеріне қарап-ақ, «мектеп жүрегінің» дұрыс соғылуына әсері молын байқаймыз.

Бала бойындағы дарындылық қасиеттерін дамыту шараларының ең бастысы – оқытудың іскерлік мазмұны. Мектеп мұғалімдерінің алдына қойған мақсаты да осы. Мектепте жоғары біліктілік санатты – 28, бірінші біліктілік санатты – 6, екінші біліктілік санатты- 6 мұғалім жұмыс істейді.

Мектеп ұстаздары заман ағымына сай, яғни, жаңа өмір талаптарына бейімделіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды. Жетістіктердің белесіне оқушысын шығарып қана қоймай, өздері әрдайым іздену үстінде. Жеңістері де баршылық. Мәселен, экономика пәнінің мұғалімі- Ельтаева Гүлнар Рашатбекқызы “Жыл әдістемесі”- облыстық ең үздік әдістеме сайысында жүлделі І-орынды иеленді; өнер пәнінің мұғалімі –Белгібаева Гүлшекер Манатқызы “Актив студио” бағдарламасы бойынша облыстық сабақтар презентациясы сайысында – жүлделі ІІ орынды иеленді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің

мұғалімі Арынғазина Әсел Мұратқызы, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері – Хасанова Сәуле Барықызы, Куватова Мадина Борисқызы, Ильясова Гүлмира Раушанқызы орыс тілі пәнінің мұғалімі Рахимжанова Армангүл Сартайқызы, информатика пәнінің мұғалімі Момынов Қуат Мырзатайұлы, тарих пәнінің мұғалімі Итемгенов Бақытбек Ұпышұлы сынды ұстаздар - мұғалімдердің облыстық пәндер олимпиадасының жеңімпаздары. Арынғазина Әсел Мұратқызы, Қақабаева Айнаш Манатайқызы - оқу – зерттеу жұмысындағы жетістіктері үшін облыс әкімінің грантын иеленді. Мектептің жас ұстаздары – Шаймұрат Азамат Боранбайұлы, Жүнісова Жәмиля Жұмайқызы – республикалық «Дарынды оқушыға – талантты ұстаз» сайысының жеңімпаздары, ал, Азамат Боранбайұлы оның үстіне облыстық «Жыл мұғалімі» сайысының жеңімпазы атанып, облыс әкім грантын иеленді.

Мектеп имиджін құрастыратын мұғалімдер қатарында: тәжірибелі әдіскер-ұстаздар Бокаева Роза Сұнғатқызы, Хабылбекова Айсұлу Қайырбекқызы, Бегалина Жұпар Бегалықызы, Аятова Зәуреш Бейсембіқызы, Қабылова Күлбағила Қазезқызы – I Қазақстандық математик мұғалімдері съезінің делегаты, оқушысы – Хабибуллин Қуаныш – Халықаралық Жәуітіков олимпиадасының күміс жеңімпазы, Сумбаева Алтын Хайроллақызы – Ы.Алтынсарин медалінің иегері, оқушылары – Сабыржан Айжас – республикалық, Бекжанов Әлібек – халықаралық астрофизика олимпиадасының III дәрежелі жүлдегері, Қабылова Айсұлу Мәжитқызы – I Қазақстандық мұғалімдер съезінің делегаты, республикалық панорамалық сабақтар сайысының, «Жыл мұғалімі» сайысының жеңімпазы, Бейсембаева Нағима Әмзеқызы – оқушысы Хасен Арман – география пәнінен 2012 жылғы республикалық ғылыми жобалар сайысының I дәрежелі жеңімпазы.

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» дегендей, білім теңізінде мектебіміз ерке кемедей толқындармен ойнап, алға тартып, жүзгені шағын да болса, он екі жылға жуық уақыт аралығындағы жетістіктерінен айқын көрінеді.

Он екі жыл ішінде мектеп сегіз рет мектеп түлектерін шығарды: ҰБТ қорытындылары бойынша жыл сайын облыс көлемінде I орынды иеленіп, республикамыздың «ең үздік 5 мектеп» қатарында.

Оқушылардың білім деңгейінің көтеріліуі – ол мектептің оқу-тәрбие үдерісінің жүйелі түрде қалыптасқандығын, мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс істеуге бейімделгендігін, оқушылардың оқуға деген қызығушылығының артқандығын, оқу-тәрбиелеу жұмысының ғылыми жолға қойылғандығын көрсетеді. Он бір жыл бойы оқуды үздік оқып, «Алтын белгі» иегері атанған мектеп түлектері: Карымова Марал, Қыпшақбаева Маржан, Смагулов Мадияр, Айтымбетова Назым, Байтенова Гүлнар, Дәуренова Әлия, Ызғұтты Әнир, Оспанова Әсел, Ауғалиева Дәрия, Жұмкенов Ризабек, Ахметова Аида, Аушахманова Жанар, Хабибуллин Қуаныш, Макеев Бинур, Шалаева Әйгерім, Шалипова Нұргүл, Султангазинова Гүлжанат, Жаксылыков Бейбарыс, Сыздыкова Салтанат, Рахимжанова Нұрила, Жүнісова Әмина, Қалтенова Асылтас, Тельман Әйгерім, Жүнісов Әнуар, Жүсіпбеков Мансұр, Сейтказина Айдана, Жуаспаева Әнел, Кенжебалина Нұргүл, Ракишева Ақмарал.

Мектебімізден түлеп ұшқан қарлығаштарымыздың әрқайсысы – жан – жақты дамып ашылған тұлға деуге болады. Әрқайсысы мектеп қабырғасында өзін - өзі жан – жақты таныта біліп, түлектеріміз жыл сайын 100% жоғары оқу орындарына түседі. Олар мемлекетіміздегі жоғары оқу орындарында ғана емес, шетелдердегі МИСИС, МГУ сынды оқу орындарында және еліміздің КБТУ, Назарбаев Университеті сынды оқу орындарында оқиды. Сонымен бірге мектеп түлектері Кәрімова Марал, Қыпшақбаева Маржан, Жүсіпбекова Самал, Балтабаев Нұрсұлтан, Ызғұтты Әнир, Оспанова Әсел «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде Чехия, Америка, Англия елдерінде дәріс алып жатыр.

Күн көзі энергиясының табиғи күшімен ұсталынған бала мектептен шексіздікке төрт қозғалыс бағытын алады. Соның алғашқысы – интеллектуалдық тәрбие. Ол әр түрлі интеллектуалдық сайыстардан көрініс табады, соның бірі - пәндік олимпиадалар. Нәтижелерге келер болсақ, пән олимпиадалары бойынша облыстықта - 102, республикалықта - 12, халықаралықта - 5 жүлделі орындар. Ғылыми жобалар сайысы бойынша, облыстықта - 68, республикалықта - 15, халықаралықта - 21 жүлделі орындар.

Республикалық «Алтын жабағы» сайысында – 75, Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық сайысында – 230, Халықаралық «Кенгуру» сайысында – 216, облыстық интеллектуалдық марафонда – 210 жүлделі орын. «Эйдос» атты Халықаралық дистанциондық эвристикалық олимпиадасында біздің оқушыларымыз лаурет атанса, «Әлем эрудиттары - 2011» атты интернет арқылы өткізілетін Халықаралық олимпиадасына 6 – 11 – сынып оқушыларының командалары қатысып, жүлдегерлер атанды. Республикалық «XXI ғасыр көшбасшысы» сайсына 11 оқушымыз қатысты. Сабақтан тыс тәрбиелік іс – шараларға келер болсақ, соңғы 3 жылдың ішінде оқушыларымыз мектептің ұстанған төрт бағыты бойынша көптеген жетістіктерге жетуде. Атап айтсақ, эстетикалық бағыт бойынша жүлделі орындардың сапалық көрсеткіші төмендегідей: би- 16, күй сайысы – 2, ән – 17, сурет - 5 орын; салауатты өмір салтын насихаттау бағыты бойынша, каратэ- 6, таэквондо- 39, муайтай – 9, көркем гимнастика – 31, бокс – 4, шахмат – 13, ұлттық ойын тоғызқұмалақ -30, қазақша күрес – 4 жүлделі орындар.

Мектептің ұстанған бағыттары бойынша мектебіміздің ерекшелігін білдіретін дәстүрлер қалыптасты. Олар: мектепшілік “Ботақан” атты интеллектуалдық сайысы, “Менің ізденістерім” атты шағын ізденіс жобалар сайысы, пәндік регаталар, дебат ойындары, пән апталықтары, «Экономикалық кампания» атты мектептің Қамқорлық кеңесінің жұмысы, «Жыл мұғалімі», «Жыл оқушысы» номинацияларының иегерлерін тағайындау және т.б.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бағытында, халықтың асыл қазынасын, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында «Мұрагер» атты домбыра үйірмесі, өнер арқылы балалардың шығармашылық қабілетін ашып, дамыту мақсатында би үйірмесі жүргізіледі. Мектебімізде пресс – орталығы жұмыс жасап, тоқсанына бір рет мектептің өмірі толық қамтылған «Жас дарын » үнқағазын шығарады. Дарынды балалардың психологиялық қорғалуын арттыру, ата – аналар мен педагогтардың әлеуметтік педагогикалық күзиреттілігін, өсіп келе жатқан ұрпақтың психологиялық денсаулықтарын нығайту мақсатында мектепте психологиялық қызмет жұмыс атқарады. Мектеп психологы Темірғалы Қызғалдақ Медығатқызы қабылдауына оқушылар, мұғалімдер және ата – аналар кіріп психологиялық ақыл – кеңес ала алады.

2007-2008 оқу жылында ҚР ғылым мен білім беру Министрлігінің №387 бұйрығы мен Павлодар қ-ың білім беру Департаментінің №105/353 бұйрығы негізінде Дарынды балаларға арналған оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін арнайы мектепте 3-тілде білім беру эксперименті басталды. Эксперимент бойынша, Коставлетова Айгүл Баянқызы - орыс тілін орыс мектептеріне арналған бағдарлама бойынша, Омарова Әсел Уалитденқызы - экономиканы ағылшын тілінде, Жүнісова Жәмиля Жұмайқызы - математика факультативін ағылшын тілінде, Саргулов Серік Дүйсенұлы – биология пәнін ағылшын тілінде жүргізеді. Бұлармен қатар көптілділік мәселесін одан әрі дамыту мақсатында француз тілі мен қытай тілі еңгізілді.

Қорыта келгенде, «Жас дарын» арнайы мектебі – бұл білім кеңістігіндегі инновациялық іске бағыт алған және халықаралық қоғамның, мемлекет пен аймақтың талаптарына сай келетін түлек тұлғасын қалыптастыруды мақсатқа ұстанған мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың бірлескен ұжымы.

Болашақта халқымыздың озық елдерінің алдыңғы қатарында көрінуіне орасан септігін тигізер шәкірттеріміз көбейе берсе, нұр үстіне нұр болғай!

Мектеп жөнінде қысқаша ақпарат

Дарынды балаларға арналған оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін арнайы жалпы білім беру мектебі Президенттің 1996ж. 24-мамырдағы № 3002 «Дарынды балаларға арналған мектепке мемлекеттік қолдау, дамыту туралы» өкіміне сәйкес Павлодар қаласында Павлодар облысы әкімінің 1999 жылғы 19-тамыздағы шешімі негізінде ашылды.

Педагогикалық ұжымның негізін жоғары және І санатты мұғалімдер мен үздікке аяқтаған ғылым магистрлары құрайды.

Мектептің негізгі мақсаттары болып табылатын келесілер:

- Негізгі мақсатқа жетудің тәсілі болып табылатын мектептің дарынды тұлғек тұлғасының қалыптасуы;
- Мақсатқа жету шарты тәрізді бала дарындылығы феноменіне сай келетін мұғалім тұлғасының қалыптасуы;
- Мақсатқа жету құралы болып қабылданатын креативтік менеджмент – болашақ бесжылдық кеңістігінде бағдарламалық ұстанымдардың орындалуын қамтамасыз ететін негізгі механизм. Ол үш блоктан құрылады: қызметкерлерді басқару блогы, оқыту үдерісін басқару блогы, тәрбиелеу үдерісін басқару блогы. Сонымен қатар ДБ арналған креативті дидактика құрастырылады (оның кілтті сөзі – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ)

Мектеп өмірінің жүйесі педагогикалық инноватика қағидаларын іске асырады, яғни:

- Оқыту үдерісі іс-әрекеттік мазмұн теориясына негізделіп құрылады (В.В.Давыдов);
- Тәрбиелеу ісі ұжымдық шығармашылық іс технологиясы негізінде жүргізілетін тұлғаның әлеуметтенуі ретінде қарастырылады (И.П.Иванов);
- Өз нәтижеге жету технологиясына шығу рейтингтік, аралық және қорытынды нәтижелерді анықтау ісіне әрдеңгейлік, тұлғаға – бағытталған, құзыреттілік қатынас жасау негізінде ұйымдастырылатын ОТҮ мониторингтік серіктестік жасауды да шарттайды;
- Педұжымның ең негізгі жетістігі болып басқарылатын дидактикалық жүйенің өзі-өзін басқаратын дидактикалық жүйеге айналуы саналады (Ж.А.Караев).

Оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отыра, **білім беру үдерісі екі бағытта жүргізіледі: жаратылыстану- математикалық, қоғамдық-гуманитарлық.** Бұл жүйенің **ерекшелігі** келесіде:

1. 5-9 сыныптарға математика пәнін жеделдете оқыту;
2. 5-6 сыныптардың оқыту үдерісіне жаратылыстану- математикалық бағыттағы пәндерді (физика, информатика, химия) енгізу;
3. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту (5-6 сыныптарға – қазақ тілі, 9ә сыныбында – Қазақстан тарихы, 8ә сыныбында – ағылшын тілі).
4. 2007 жылдан бастап мектеп көптілділікті дамыту бойынша облыстық эксперименталдық алаңына енді:
 - 7а,8а,9а, сыныптарында – биология, экономика және математиканың факультативтік курсы ағылшын тілінде жүргізіледі;
 - 7ә,8ә,9ә, сыныптарында - орыс тілі орыс мектептерінің бағдарламасы бойынша оқытылады.

Арнайы мектептің тәрбиелік үрдісі де оқушылардың контингентінің ерекшелігін есепке ала құрылады.

Біріншіден, тербиенің кез-келген жүйесі тәрізді, ол - Д.К.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, - «адамдық тұлға бастау арқылы сыртқа шығады», дәлірек айтқанда, оның басты жетелейтін тұлғасы мұғалім – оқушыға оқу, кәсіби және әлеуметтік-психологиялық (жеке даралық) мәселелерін шешетін жетекші.

Екіншіден, біздің жүйенің өзіндік құралы - дарынды балалар үшін табиғи ортаны құруға арналған мақсат болып табылады.

Үшіншіден, мектептің тәрбие жүйесі өткен негативтерді жоюға бағытталған - «дұрыс өмірде бала дұрыс өседі» деген Л.В.Выготскийдің принципі бойынша, мектептің

барлық өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған, құндылықтардың жаңа дәстүрлерін құруға арналған – тәрбие жұмысының қалыптылығы, «сабақтылығы».

Мектептің тәрбиелік кеңістігін *бес приоритет* қалыптастырады :

- ғылыми жоба;
- сайыстар;
- интеллектуалдық марафон;
- көркем шығармашылық;
- қайырымдылық іс-әрекеті

Мектеп ұстаздары заман ағымына сай, яғни, жаңа өмір талаптарына бейімделіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды. Жетістіктердің биігіне оқушысын шығарып қана қоймай, өздері әрдайым іздену үстінде. Жетістіктері де баршылық. Мәселен, мектеп «Педагогикалық шеберлік – 2009» сайысында «Ең үздік мектептің Даму бағдарламасы» номинациясы бойынша - жүлделі I орынға, «Креативті нәтижеге бағытталған мектептік менеджмент» тақырыбындағы жобамен «Орта білім беру ұйымының ең үздік менеджері» номинациясы бойынша

республикалық байқауда жүлделі III орынға ие болды. Сонымен қатар, мектеп ұстаздары пән олимпиадаларының, республикалық «Ең үздік панорамалық сабақ» атағының, «Жыл әдістемесі» облыстық ең үздік әдістеме, “Ең үздік авторлық бағдарлама”, облыстық «Педагогикалық шеберлік» сайыстарының, “Актив студио” бағдарламасы бойынша облыстық сабақтар презентациясының жүлдегерлері болса, 3 мұғалім оқу – зерттеу жұмысындағы жетістіктері үшін облыс әкімі грантының иегерлері атанды.

Он үш жыл ішінде мектеп сегізінші рет мектеп түлектерін шығарды: ҰБТ қорытындылары бойынша: 2004 жылы орта ұпай – 87,79; 2005 жылы орта ұпай – 101,2; 2006 жылы орта ұпай – 98,2; 2007 жылы орта ұпай - 99,7; 2008 жылы орта ұпай – 107,5, 2009 жылы орта ұпай -115,1, 2010 жылы – орта ұпай 118,2, 2011 жылы – орта ұпай – 115,5. Үш жыл бойы мектеп республика бойынша «10 үздік мектептердің» қатарында жүрсе, соңғы жылы нәтижесі бойынша «5 үздік мектептің» қатарына енді. Он үш жыл ішінде 29 оқушы «Алтын белгі» иегері атанды.

Мектеп оқушылары түрлі қалалық, облыстық, республикалық, білім додаларында аймағымыздың ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі сайыстарда еліміздің атақ – даңқын, мәртебесін асқақтатып жүр.

Мектептен түлеп ұшқан қарлығаштардың әрқайсысы – жан – жақты дамып ашылған тұлға деуге болады. Әрқайсысы мектеп қабырғасында өзін - өзі жан – жақты таныта біліп, түлектер жыл сайын 100% жоғары оқу орындарына түседі. Сонымен бірге мектеп түлектері **Кәрімова Марал, Қыпшақбаева Маржан, Жүсіпбекова Самал, Балтабаев Нұрсұлтан, Ахметова Аида, Ызғұтты Әнияр, Оспанова Әсел, Бимағанов Абылайхан, Абзал Инабат** «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде Чехия, Америка, Англия елдерінде, **Сұлтанғазина Гүлжанат, Хабибуллин Қуаныш, Жүнісов Әнуар, Жүсіпбеков Мансұр** Назарбаев Университетінде дәріс алып жатыр.

Педұжым барлық білім беру үдерістердің жанашылдығы оқытудың соңғы нәтижеге бағытталатынын болжамдайды деген белгілі ережені қабылдайды.

Ұжымның көрсетілген бағыттар бойынша іс-әрекеті мамандандырылған «Жас дарын» мектебінің, 2012-2013 жылдан бастап, халықаралық бакалавриат мектебіне көшуіне дайындығын қамтамасыз етуі тиіс.

Оның кепілі ретінде мектептің Даму бағдарламасының мақсат қойып отырған ұжымның жетістіктері қабылданады (креативтік менеджмент, ДБ арналған дидактика, ОТҰ субъектілерінің өзара қарым-қатынасы).

Жас та болса қанатын кеңге жайып отырған мектебіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасы бағытында жұмыс істеп жатқан көшбасындағы мектептердің бірі деуге болады. Мектеп алғашқы қадамдарын сәтті бастап, бүгінде мемлекетіміздің «Бес үздік білім ордасы» атанып, талайларға өмір мектебі болған өресі биік, ұлттық сана- сезімі жоғары, білімге құштар, халықаралық білім кеңістігіне шығуға даяр ұрпақ тәрбиелеп жатқан дарынды балаларға арналған мектебіміздің өткен күні- үлгі-өнеге, бүгінгісі – айқын, болашағы- жарқын.

Всегда в пути...

К.п.н., проф. В.Н.Афанасьева –
научн. рук. школы «Жас дарын»

Есть в Павлодаре небольшая школа, которая расположилась почти на берегу Иртыша и почти в центре города (напротив ЦУМа), символизируя тем самым сердце земли Прииртышской, давшей краю и стране целое созвездие талантов, перечень имен которых призвана продолжить эта школа, как ее называют, «колыбель разума и творчества». Почему? Да потому что это *специализированная школа для одаренных детей с казахским языком* обучения, и сегодня она подводит итоги своей работы.

Создание школы проходило на волне нашей независимости и символизировала собой реализацию Президентской Программы восхождения Казахстана на Олимп цивилизации через многие прорывы, в том числе и в системе образования, в работе с одаренными детьми.

Мир движется к когнитивному обществу, и интеллектуальные ресурсы любого государства становятся залогом его процветания и самоутверждения. Как считают ученые, «смысл работы с одаренностью – в лучшем использовании человеческих ресурсов». Именно этими идеями озадачен наш Президент, предлагая обществу программу посткризисного развития Казахстана, нацеленную на повышение качества человеческого капитала, создание интеллектуального ресурса в нашей стране, конечным результатом этой программы должна стать «интеллектуальная нация 2020».

Вряд ли наше образование и общество в целом могут сетовать на недостаток внимания со стороны государства и правительства к решению проблемы детской одаренности. Что мы видим?

- Повсеместно открыты специализированные школы для одаренных детей, а сегодня их количество пополняется так называемыми «интеллектуальными школами», соответствующими уровню международного стандарта.
- В Республике функционирует РНПЦ «Дарын» с многочисленными региональными филиалами. В нашей области это «Ертіс Дарыны» – структура, аккумулирующая все области работы с одаренными детьми.
- Имеется «Концепция выявления, поддержки и развития одарённых детей в РК». Разработаны многие проекты как ее дополнение, в частности, проект «Концепции развития элитарного образования в РК».
- Дает свои первые результаты конкурсная система отбора талантов по программе «Болашак», с каждым годом расширяющаяся по инициативе Президента.
- И наша школа-юбиляр – тоже детище президентской политики в области развития детской одаренности.

Говорить о любой школе можно в трех аспектах – со стороны общего, особенного и уникального. Общим для «Жас дарын» является то, что она дает хорошее среднее образование, соответствующее общеобязательному государственному стандарту. Маркой особенного стал контингент учащихся – дети с проявленными способностями и с общей одаренностью, обучение и социализация которых находятся под пристальным контролем государства и соответствующих органов.

Что же касается уникальности школы, то её с самого начала жизни отличают неповторимые пути, получившие выражение в нормотворческих школьных документах. Это Концепция формирования и развития специализированной общеобразовательной школы для одаренных детей с государственным языком обучения. (2000г.); это Программы развития специализированной школы для одаренных детей на 2001-2006 и на 2007-2012гг.. Наконец, это многочисленные проекты общешкольного, группового и индивидуального значения (по развитию полиязычия, по поиску деятельностного содержания обучения, по регионализации образования одарённых детей, по видам

обобщений в обучении, по формированию общественно-активной специализированной школы и др.).

В чем конкретно наметились её приоритеты?

Во-первых, уникальность школы выражается её эмблемой, символизирующей миссию и философию ученической жизни.

Вот её содержание:

Одаренный ребенок, поддержанный естественными силами солнечной энергии, получает от школы три направления движения в бесконечность -интеллектуальное, эстетическое и физическое. Отсюда школа формирует способности - системно видеть мир и творить новое, знать и чтить прошлое, понимать прекрасное и поддерживать гармонию духа и разума.

Символ нескончаемости развития, взятый из казахского орнамента, выражает народную мудрость беспредела человеческих возможностей и веру в его высокое предназначение.

Во-вторых, цементирующей основой школьной жизни стал тот ее образ, в котором концентрируется вся методология и который нашел свое выражение в трех стендах нормативно-философского содержания (они украшают фасад нижнего этажа школы): «Республика Казахстан и одаренные дети (Почему возникла проблема одаренности в государстве и образовании?)»; «Феномен детской одаренности (Миф или реальность?)»; «Школа «Жас дарын» как колыбель разума и творчества».

И в-третьих, сама методология школы получила конкретное выражение в следующих постулатах, хорошо усвоенных каждым субъектом образовательного процесса. А именно:

- Казахстанская школа реализует сегодня модель образования, ориентированного на результат (ООР), где в качестве результата выступает личность выпускника, в том числе и школы «Жас дарын»;
- Модель такого выпускника должна удовлетворять запросам международного сообщества, республиканского, президентского заказа и окружающего социума – региона, родителей, самих учащихся;
- Достижение главного результата – создание интеллектуальной нации 2020 – зависит от управленческих функций в образовании – учителя и руководителя специализированной школы;
- Источником и средством достижения весомых результатов является утверждаемый культ творчества в коллективе и в образовательном процессе (компетентностно направленное учебное задание, школьный научный проект, состязательно-соревновательная форма учебно-воспитательной работы).

Все перечисленные и другие концептуальные идеи успешно претворяла и претворяет в жизнь школа «Жас дарын». Доказательством этого могут служить лишь некоторые её результаты:

- средний балл ЕНТ не опускался ниже 115;
- показатель ПГК – 94%;
- количество за 10 лет призовых мест в предметных олимпиадах – 111, из них республиканского и международного уровня – 18;
- победителей школьных научных проектов – 76 (республиканского и международного значения – 28).

Сегодня в школе вместе с педагогами-исследователями работают 15 учёных – представителей разных вузов города. Важную роль в повышении качественных показателей сыграли два фактора: материальная база школы и практикоориентированная наука, что обеспечило коллективу успех.

Самое большое богатство школы – это состоявшийся, высокого качества человеческий капитал, интеллектуальный ресурс в лице и учащихся, и учителей, и ученых, образующих монолитный коллектив единомышленников. И во главе его скромная, но со стальным характером высокопрофессиональная личность – Сауле Толегеновна Хасанова. Поистине школу определяет и красит прежде всего директор.

Сначала в роли заместителя по научно-методической работе, потом в качестве руководителя школы, она всегда оставалась главной мозговой артерией, идейно, научно и нравственно питающей каждого члена коллектива.

Отдавая дань первому директору «Жас дарын» *Гульбаршин Жумажановне Мукашевой*, которая начала строительство школы с возведения ее методологического фундамента, Сауле Толегеновна не просто вникала в разрабатываемые Концепции – она их «проживала» вместе со своими коллегами. И мне как научному руководителю всегда было и есть очень комфортно работать с таким руководителем.

Ведь это она с присущим ей энтузиазмом направила коллектив на решение проблемы регионализации содержания образования одарённых детей. Именно на школьной скамье, как считают авторы Концепции прогноза развития образования, дети должны «заболеть» болями своей Малой и Большой родины, чтобы потом успешно реализовывать свои мечты детства на практике. И с каждым учителем Сауле Толегеновна продумывала локальные эксперименты, нацеленные на поиск регионального и деятельностного содержания образования. Это она первая грамотно внедрила в школьном менеджменте идею системного подхода к работе всех управленческих служб, которую потом стали перенимать и другие директора школ. Смысл опыта заключается в том, что целевая программа учебного года циклично распределяется на несколько блоков (в зависимости от количества педсоветов.) И достижение поставленных целей организуется поэтапно: сначала проблема изучается, исследуется на научно-методическом семинаре, потом она переплавляется в методические рекомендации, которые обсуждаются и принимаются методсоветом, а затем их выполнение в УВП контролируется мониторинговыми (постоянными или временными) службами, и вердикт выносится на педсовете.

Например, сейчас коллектив завершает работу по проблеме креативности. В сентябре прошел семинар для учителей на тему «Законы творчества»; в октябре состоялся методсовет по вопросу «Креативный УВП: от теории к практике» и в ноябре подведены итоги на педсовете «Интеллектуальный ресурс одаренных школьников – по результатам первой четверти учебного года». Вот так работает школа, её директор и весь коллектив.

Когда впервые попадаешь сюда, сразу не можешь просто понять, откуда льются тепло и уют, почему появляются спокойная уверенность, комфортность и удовлетворенность? Оказывается, эта атмосфера и есть та среда, в которой живут и зреют наши молодые дарования. Неписанным законом в отношении учителя к ученику стало стремление распознать уникальность, поддержать талант и поверить в его успех. Как считают психологи, очень важно, соприкасаясь с одаренными детьми, вовремя похвалить, не выделять одного, не унижать другого, исключать однообразие, не регламентировать жёстко жизнь.

Все это достигается ценой невероятных усилий руководства, коллектива и каждого учителя в отдельности. Доверить будущее страны, конечно, можно только человеку, совмещающему в одном лице и педагога, и психолога, и новатора, и ученого.

Но где найти таких? А они есть и успешно работают в нашей школе. Недавно коллектив готовил для одного нестандартного документа рубрику под названием «Имя собственное», так выстроилась целая шеренга личностей, среди которых и учащиеся, и учителя, и ученые. Назовем лишь некоторые имена из них.

Многие годы в рамках полиязычия ведет спецкурс по русскому языку доктор филологических наук, *Бейсембаев Амангельды Ракишевич*. Его работа направлена на формирование языковой компетенции, что выражается в отношении к языку как живому организму и в умении пользоваться языком для решения жизненно важных проблем. Занятия проходят в форме дискуссий, в поиске наиболее адекватных средств выражения мыслей. Результат налицо: ученики Амангельды Ракишевича – постоянные победители детских конкурсов и олимпиад.

В школе вообще очень мощно представлен языковой блок образования. Здесь учителя и русского, и иностранного, и родного казахского языков, например, два завуча *Рахимжанова Армангуль Сартаевна* и *Камелова Батима Кабиденовна* ведут русский язык

на экспериментальном уровне: первая исследует роль обобщений (фреймов, таблиц и моделей) в обучении русскому языку, вторая осуществляет углубленное изучение языка на коммуникативной основе. Этой же задаче подчиняют свои уроки учителя иностранного языка *Куватова Мадина Борисовна, Ильясова Гульмира Раушановна, Хасанова Сауле Бариевна*. А *Кабылова Айслу Мажитовна* – учитель казахского языка и литературы – не только готовит олимпиадников – победителей, но и сама уверенно побеждает своих коллег в различного рода учительских состязаниях. Результат их усилий – та поликультурная личность выпускника школы, которая формируется уже сегодня. А именно:

- культура – через языки (полиязычное образование);
- национальные корни – через изучение родного языка;
- знание своей и всемирной истории – через знакомство с судьбами и произведениями носителей языков;
- овладение нормами успешной коммуникации – через создание полиязычной языковой среды;
- мир, согласие и толерантность – через знание государственного языка и превращение его в язык межнационального общения.

Есть в школе и другая планида – точных наук. Естественно-математическое объединение учителей и учащихся – это мозговой центр школьной жизни. Возглавляет его сама директор – математик по образованию, сумевшая обеспечить динамику математического развития одаренных детей. Сподвижники её – *Бокаева Роза Сунгатовна, Кабылова Кулькен Газизовна, Жарова Токмеиль Жайлауовна* и др. – основатели этой школы, заложившие фундамент математическому направлению. Их ученики параллельно занимаются в школе олимпийского резерва, которую возглавляет тоже учитель математики *Ким Владимир Сергеевич*.

Но самая главная фигура в этом интеллектуальном тандеме – это ученый ПГПИ, кандидат физико-математических наук *Муратхан Нурмагамбетович Ильясов*. Именно он шлифует математические способности детей, обеспечивая им победные траектории развития. Только благодаря такому удивительному сочетанию умов, талантов и профессионализма учителей, ученых и учащихся школа превратилась в настоящую кузницу талантов. Над ней уже горит звездарий молодых дарований. Это победители и призеры Республиканских и Международных соревнований научных проектов и олимпиад.

Человеческий капитал, естественно, самое большое богатство этой маленькой школы, и благодаря ему она строит свои грандиозные планы на будущее. Цель текущего пятилетия (2007-2012 гг.) – идентифицировать школу с государственной политикой развития в Казахстане элитарного образования, внедряя систему менеджмента качества, обогащая учебный процесс для одаренных детей деятельностным содержанием, разрабатывая новые элективные курсы. Все это позволяет коллективу ставить амбициозную задачу – на базе «Жас дарына» создать специализированную школу международного бакалавриата.

Обобщим сказанное. Если, характеризуя школьный менеджмент, аналитики-эксперты отмечают, что:

- данная школа не существует изолированно, а является частью «общего дома», каким воспринимается все образовательное пространство;
- школа сильна ясностью своих методологических позиций, раскрывающих её миссию, философию, политику;
- центральной фигурой всей школьной системы остается личность выпускника, а его модель рассматривается как цель и ожидаемый результат работы всего педагогического коллектива;
- лицо школы и ее выпускника определяет личность учителя, от профессионализма которого зависят конечный результат и имидж учебного заведения.

Если вы услышите такие слова, то знайте: они о школе «Жас дарын», которая, пройдя путь более чем в 10 лет, только начинает набирать обороты. Ведь ее девиз –

идти вперед и не сдаваться. Вот и сегодня, когда наше образование, по инициативе Президента, решает проблему формирования функциональной грамотности учащихся, она уже готовится к проведению грандиозного научно-методического семинара по проблеме: «Что такое функциональная грамотность одаренной личности?»

Таким научным форумом она собирается завершить свой 2012-й учебный год, связав проблему функциональной грамотности с проблемой личного менеджмента учителя одаренных детей, тем более, что модель менеджера школы уже опробирована участием в республиканском конкурсе 2011г.

Итак, специализированная школа для одаренных детей «Жас дарын» продолжает свой путь в будущее...

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ, МОДЕЛЬДЕР МЕН СТЕНДТЕРДЕГІ МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІГІ

**А.С.Рахимжанова – мектеп директорының
ғылыми-әдістемелік жұмысы
жөніндегі орынбасары**



1999 жылы ашылған мектеп қоғамның элитарлы қабатын қалыптастыру мақсатына бағытталған, «интеллектуалдық ұлт – 2020» құруға ықпал ететін арнайы оқу орны болып қалыптасты.

Мектептің өзіндік ерекшелігі - конкурстық негізде қалыптасқан және әлеуметтенуі мен оқытылуы мемлекеттің және оның филиалдарының қатаң байқауындағы бірыңғай дарынды балалардың құрамымен жұмыс істеу. Сондықтан мектеп әдістемелігі осындай

жалпы қол жеткізген құжаттар негізінде құрылды, яғни:

- ҚР дарынды балаларды дамыту және қолдау тұжырымдамасы (1999);
- ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (2004);
- ҚР білімінің жалпы міндетті мемлекеттік стандарты. Жалпы орта білім беру (Жоба, 2006);
- ҚР 12-жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы (Жоба, 2005);
- «Дарын» атты ғылыми-тәжірибелік орталықтың республикалық материалдары («Дарын» журналы 1999 жылдан бастап қазіргіге дейін).

Мектептің нормошығармашылық құжаттарынан байқалған мектептің алғашқы өмір сүруінен бастап қайталанбас қырлары мен өзіндік басымдықтары мектептің ерекшелігін айқындай түседі:

- Мемлекеттік тілде жүргізілетін дарынды балаларға арналған арнайы жалпы білім беру мектебін дамыту және қалыптастыру тұжырымдамасы (2000ж);
- 2001-2006 жылдарға дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептің Даму бағдарламасы;
- Жалпы мектептік мәніндегі бірнеше жобалар (дарынды балаларды оқыту мазмұнын іріктеу жобасы, дарынды балалардың білімін жалпыландыру бойынша, қоғамдық белсенді мектепті қалыптастыру бойынша, т.б.)

Мектептің өз тәжірибесіндегі материалдарын модель түрінде таныстырудың маңыздылығы да аз емес, ол нақты, сыйымды және қысқа, әрі ғылыми тұрғыда мектеп жөнінде керекті ақпарат беруде ерекшеленеді.

Мектеп өмірінің жағымды шешілген мәселелерін санамалайық.. Алдымен, мектеп өзінің ерекшелігін методологиялық деңгейде ала білді.

Біріншіден, басқаларға мүлдем ұқсамайтын, мектептің миссиясы мен философиясын белгілейтін мектеп эмблемасы құрылды. Оның мазмұны:

Күн көзі энергиясының табиғи күшімен ұсталынған дарынды бала, мектептен шексіздікке үш қозғалыс бағытын алады: интеллектуалды, эстетикалық және жеке бағыт.

Қазақ өрнегінен алынған таусылмайтын даму символы адамдық қасиеттің шексіздігі мен оған арналып белгіленген жоғары сенімге деген халықтың даналығын көрсеткен.

Мектеп Ертіс жағасында – аймақтың тағдырын шешуге қатысуды тосатын тұтас таланттар жұлдыздарын өсірген жерде тұр.

Екіншіден, мектеп өмірінің негізін қалаушы оның барлық әдістемелігі өзіндік іріктелген нормативті – философиялық мазмұндағы стандарттерде көрінісін тапты:

- Қазақстан Республикасы және дарынды балалар (Неліктен мемлекет пен білім беруде дарындылық мәселесі пайда болды?);
- Бала дарындылығы феномені (Миф әлде ақиқат?);
- «Жас дарын» мектебі – ақыл мен шығармашылық бесігі».

Үшіншіден, мектептің әдістемелік жүйесі білім беру үдерісінің әрбір субъектісімен жақсы меңгерілген келесі ұстанымдарда көрініс тапты. Бұлар:

- Қазақстан мектебінің бүгінгі моделі – нәтижеге бағытталған білім беру (НББ), түлек тұлғасы нәтиженің сапасы ретінде қабылданады, соның ішінде «Жас дарын» мектебінің түлегі де.;
- Мұндай түлек моделі халықаралық қоғамның, республикалық, Президент сұранысын және қоршаған әлеуметтің талабын қанағаттандыруы тиіс (аймақтық, ата-аналардың, оқушылардың өзінің);
- Басты нәтижеге жету – интеллектуалды ұлт 2020 құру – білім беру құрылымын басқаруына – мұғалім мен арнайы мектептің жетекшісіне байланысты;
- Ғылыми – ізденушілік құралдар арқылы қаратырылатын дарынды балаларға арналған мұғалім моделін қалыптастыру және біліктілігін арттыру (эксперимент және семинар) – бұл екінші мектептің сәтті шешкен мәселесі;
- Көлемді нәтижеге жету құралы мен көзі болып, ұжым және білім беру үдерісіндегі шығармашылықтың басымдылығы (құзыретті міндет, мектептің ғылыми жобасы немесе оқу қызметінің қарапайым сайыстық-жарыстық моделі).

Осы және барлық басқа тұжырымды идеялар «Жас дарын» мектеп өміріне сәтті енгізілді.

Мектеп өмірінің сапалы көрсеткіштерінің көтерілуіне екі фактор маңызды рөл атқарды: мектептің материалдық базасы және тәжірибеге бағытталған ғылым ұжымның дамуын белгіленген бағыттарды қамтыды.

«Жас дарын» мектебінің жаңартылған стратегиялық бағытына келетін болсақ, ол дарынды балаларға білім беру саласындағы Президент саясатымен және ағымды тарихи кезеңнің нормативті құжаттарымен шартталған.

Мектептің мүмкіндіктерімен тығыз байланыстағы мектеп ұжымының стратегиялық бағыты келесі анықталған басыдылықтардың шешілуіне байланысты.

Алдымыздағы бесжылдықтың негізгі мақсаты – бала дарындылығы феномені деңгейімен барлық қызмет көрсетулер мен арнайы бағыттағы оқу-тәрбие үдерісінің субъектілері деңгейін сай келтіру, яғни, мемлекеттік жалпы орта білім беруді дамыту саясаты негізінде орындау. Бұл мақсаттың орындалуы ұжымның белсенді іс-әрекетте болуына байланысты.

Педагогикалық ұжым қалыптасқаннан бері дарынды балаларға арналаған мектептің оқу-тәрбие жүйесін қалыптастыруға бағытталған ғылыми ізденісте.

1999-2002 жж мектебіміз Тұжырымдамамыздың мазмұнымен сәйкестендіріліп жобаланды. Осы уақытта мектептің таңбасы мен 6 графикалық блоктардан тұратын моделі қалыптасты:

- мектептің жалпы құрылымы (кесте 9);
- ОТУ субъектілері блогы (кесте 10);
- оқу мазмұнының блогы (кесте 11);
- әдістемелік идеялар блогы (кесте 12);

- тәрбиелеу жұмысы блогы (кесте 13);
- педменеджмент блогы (кесте 14).

Әрі қарай мектептің дамуы бесжылдықтарға бөлініп жоспарланды.

2002-2007 жылдары дарынды балаларға арналған мектептің базалық тәртіптер, факультативтер мен элективті курстар арқылы аймақтық компонентті көрсететін мазмұнын іріктеу мәселелеріне арналды.

Сонымен қатар дамыта оқыту, бүкіл педагогикалық инноватиканы аймақтандыру мен эстетизациялау сұрақтары қарастырылды. Осы бесжылдықтағы зерттеулер нәтижелерімен педұжым мүшелері шетелдерде (Чехословакия, Болгария) өткен, Павлодар қаласының жоғарғы оқу орындарында өткен (мысалы, ИНеУ -де: Дарынды балаларды оқытудағы аймақтық компонент мазмұны мен білім берудің біріктірілу көзі ретінде) ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасады.

Осы бесжылдықта жеке мұғалімдермен және топтық түрде апробациядан өткізілген локальдік эксперименттер қойылды. Оның ішінде: «ДБ оқытудағы жалпылаудың түрлері мен қызметі», «Мамандандырылған мектептегі оза оқыту жолдары», «ДБ арналған мектептегі бастауыш сынып оқушыларына білім беруді аймақтандыру», т.б. Осы уақытта қазіргі таңда іске асырылып жатқан ««Жас дарын» - қоғамдық белсенді мектеп» жобасы да құрылған болатын.

Мектеп мұғалімдерінің мектеп мәселелеріне байланысты локальдік эксперименттерді ұйымдастыру тәжірибесі жинақталды.

Жаңа бесжылдық кезең – 2007-2012 жж – креативті менеджмент пен креативті дидактика ерекшелігін іздестіруге бағытталған.

Жүйелі деңгейдегі шығармашылық іс-әрекет бүкіл ұжымның даму динамикасын анықтау қажет. Бұл алдымыздағы бесжылдықта басқарудың бүкіл ұйымдасқан құрылымдары инновациялық тәртіпте жұмыс істеулері қажет деген сөз: педагогикалық кеңес, мектеп кеңесі, жалпымектептік ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитеті (демеушілер мен қамқоршылардың қатысуымен).

Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаты – мұғалімнің кәсіби дайындығы сапасын көтеру арқылы мектептегі білім беру сапасын көтеру, сонымен бірге мектеп ұжымының соңғы нәтижесін қамтамсыз ету (берілген қасиеттер бойынша тұлға қалыптастыру).

Мұғалімнің кәсіби өсуінің механизмі болып кезең – кезеңімен, мектептің даму бағдарламасына сәйкес келіп отыратын мектепшілік ғылыми-әдістемелік семинар анықталады.

Үш жылда (1999-2002) : адаптациялық кезең, бұндағы семинардың мақсаты – педұжымды дарынды балалармен жұмыс істеуге бейімдеу. Ең негізгісі – бала дарындылығы феноменімен танысып зерттеу.

Бірінші бесжылдық (2002-2007): дамыта оқыту теориясы мен тәжірибесін меңгеру кезеңі, сонымен қатар, мазмұнның іріктелуі мен аймақтануын қарастыру. Бұл жылдардағы семинарлық сабақтардың басымдылығы – теория мен практиканың ұштасуы.

Екінші бесжылдық (2007-2012) арнайы кәсіби дайындықтағы мұғалімнің екінші концентрының көрінісін беруі тиіс, яғни, барлық оқылған мен меңгерілген нәрсе бір мақсатқа бағытталады – шығармашыл тұлғаның қалыптасуына. Осыдан «креативті дидактика» дейтін мұғалімнің шығармашылығымен оқушының шығармашылығы қалыптасатын атау пайда болады.

Семинарға қатысушылар әдістемелік теорияның тақырыптарына, технологияларға қайта оралып келеді, бірақ, жаңа, жоғары деңгейде. Біз бұны креативті менеджмент және креативті дидактика деп атаймыз. Жоспарланған бесжылдықта әрбір оқу жылы ғылыми-тәжірибелік конференциямен аяқталып отырады.

Мектеп 2012 жылға «Интеллектуалды ұлт -2020» мемлекеттік бағдарламасына қатысуға мүмкіндігі мен қабілеті жеткілікті элитарлық білім беру мекемесі ретінде шығуға дайын. Бұл мақсатты ҚР Елбасы Н.Ә.Назарбаев қойып отыр. Біздің мектебіміз де алға шығу үшін қажетті даярлық үстінде:

- ұжым әрекетінің кілтті сөзі болып «шығармашылық» сөзі анықталады;

- креативті менеджмент мектеп іс-әрекеті компоненттерінің өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін мектеп жұмыскерлерін, оқыту-тәрбиелеу үдерісін басқаруда жүйелі қанынасты анықтайды;
- мектептің мақсаттық магистралі мектеп түлегі тұлғасын қалыптастыруға бағытталған, яғни, планетарлық креативтік ойлау қабілеті дамыған мәдениет адамын қалыптастыру;
- соңғы нәтижеге жетудің шарты ретінде мұғалім тұлғасы табылады – ойшыл, нағыз маман, бала дарындылығы феноменіне сәйкес тұлға.

АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



ҚОЛЫМЫЗДА – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КӨК ТУЫ, ЕЛТАҢБАМЫЗДА – БАР
ХАЛЫҚТЫҢ БАСЫН БІРІКТІРЕР КИЕЛІ ШАҢЫРАҒЫМЫЗ,
АРМАНЫМЫЗДЫ АЛҒА АПАРАР ҚАНАТТЫ ПЫРАҚТАРЫМЫЗ БАР.



САРҚЫЛМАЙТЫН, ТЕРЕҢ БОЙЛАҒАН
САЙЫН, КЕРІСІНШЕ, ЕСЕЛЕП АРТА
БЕРЕТІН БІР БАЙЛЫҚ БАР, ОЛ – БІЛІМ.
АЛ БІЛІМ НЕГІЗІ – МЕКТЕП.



«ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ОТАНЫМ, ОНЫҢ
МЕН ҮШІН ЖАУАПТЫ ЕКЕНІ СΙΑҚТЫ,
МЕН ДЕ ОЛ ҮШІН ЖАУАПТЫМЫН».



КЕШЕ БОЛМАҒАННЫҢ БҮГІН
БОЛУЫ МҮМКІН, БҮГІН
БОЛМАҒАННЫҢ ЕРТЕҢ БОЛУЫ
МҮМКІН.



БӨРІ ДЕ ӨЗІМ ТУЫП-
ӨСКЕН ҚАЗАҒЫМНЫҢ
ЖЕРІНЕ ЖЕТПЕЙДІ.
БАЛАЛАЛЫҒЫМНЫҢ,
САҒЫНЫШЫМНЫҢ АЛТЫН
ҚАЗЫҒЫ СОНДА ЕКЕН...



XXI ҒАСЫР МӘДЕНИЕТТІҢ, ҒЫЛЫМ МЕН АҚЫЛ-ОЙ
БӘСЕКЕСІНІҢ ҒАСЫРЫ БОЛМАҚ.



ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ – КЕМЕЛ БІЛІМ
МЕН КЕМЕЛ ҒЫЛЫМДА.

ҚАЗІР ЫНТЫМАҚТАСУ МЕН ІСКЕРЛІК
КЕЗЕҢІ. АРМАҒАРАҢ ИСКЕ АСЫРА АЛУДА
КҮШ-ЖІГЕРІ, ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМІ МОЛ,
ТАЛАНТТЫ ДА ҚАЙСАР АДАМДАРДЫҢ
УАҚЫТЫ.



ЕГЕР СЫПАЙЫЛЫҚ АДАМ КӨРКІ ДЕСЕК, ОЛ ДАРЫНДЫ
ЖАСТАРДЫ ОДАН ӨРІ КӨРІКТЕНДІРЕ ТҮСЕДІ.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ. ОЙ БӨЛІСТІМ ХАЛҚЫММЕН.

ОЙЫМЫЗ ЕЛБАСЫМЕН, ЖҮРЕГІМІЗ ҚАЗАҚСТАНМЕН

“Жас дарын” мектебінің дамуын басқару жүйесі

Жаңа мекеме жаңа басқару жүйесін талап етеді

ДИРЕКТОР ЕҢБЕГІ-СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТ

БІРІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ МЕНЕДЖЕЛЕР КОМАНДАСЫ

Басқару-бүгін және болашақта енгізуге болатын жаңалықтарды сауатты жүргізе білу.

Педагогикалық істе бірсәттілік жаңартулардың болуы мүмкін емес.

М.Потащник


ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖОЛЫ

МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОЛЫ (1999 - 2004)

ОРЫНДАЛУЫ	ШЕШІМІ	ТАЛҚЫЛАУЫ
Түзетулер Бақылау Басқару Дәлелдемелер	Ғылыми-тәжірибелік конференция Қамқоршылар кеңесі Ата-аналар жиналысы Педагогикалық кеңес	Директордың қатысуымен өтетін кеңестер Сыныптық ұжымдар Әдістемелік бірлестіктердің қызметі
ҚАҒИДАЛАР: - билікті орталықтандыру, бөліп беру балансы; - өзгерістердің бейнесі. ӘДІСТЕР: - ғылыми дәлелдемелер; - технологияландыру; - дәлелдемелер; - модельге келтіру.		

ОЙДЫҢ ТУУЫ

Бірінші деңгейдегі менеджерлер командасы



КОНЦЕПЦИЯ ЖОБАЛАУ КЕЗЕҢІ
1999-2000 жж.
Шығармашылық құжаттар мөлшері
1-3 сыныптар

ҚҰРЫЛУ КЕЗЕҢІ 2000-2001 жж.	ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ 2001-2003 жж.	ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕСІН ТАЛДАУ 2003-2004 жж.
- Тәжірибе әзірлемесі; - Ұжымның бейімделуі; - Бағыттандыратын ғылыми конференциялар; Мұғалімдер мен оқушылардың сайысқа шығуы	- ТӘЖЖ-жоспарын іске арысу; - Д.Б. оқытуда әрекетті мазмұнын іздегіру; а) оқу тапсырмаларды құрастыру арқылы; ә) жинақтау арқылы; б) технологиялар байқау арқылы тәжірибелерін жүргізу. Оқушылардың пән бойынша олимпиадаларға шығуы, ғылыми жобалар сайыстарына қатысуы	Дарынды бапалардың оңту жүйесін түзету. Дарынды бапалармен жұмыс істеуде өзінің тәжірибесін жинақтап қорытындылау. Қорытындығылыми-тәжірибелік конференция. Олимпиада орнықты позициялары.
1-8 сыныптар	1-11 сыныптар	

Басқару жетістігі - әр мұғалімнің дәлелді негіздемелеріне байланысты.

Ұстаздармен оқушылар барлығына бірге қатысады. Ойнайды, сайысады, достасады, бірге өмір сүреді.

ӘР ҰЖЫМ МҮШЕСІНІҢ ЕҢБЕГІ-БІР МАҚСАТҚА БАҒЫТТАЛҒАН ӘРЕКЕТ

Оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін дарынды балаларға арналған “Жас дарын” мектебінің моделі

Мектептің әдістемелік негізі

ФИЛОСОФИЯ:

1. Өнер арқылы шығармашылық шыңына және азаматтық орын белгілеу.
2. Ұлттық түптамьрдан жалпы адамдық құндылыққа және өлкеңінің, мемлекетіңнің дамуына дейін.

Жас кезең аспектісіндегі мектеп құрылымы

Жас кезеңнен өту әлеуметтік пәндік ұйымы



МИССИЯ

Жас дарындарға өмірі жолдама беру.

Мектеп бітіруші түлек тұлғасының төрт қыры:

БІД таңдап алынған әрекеттік салады шығармашылықпен қолдана білу қабілеті

ИНТЕЛЛЕКТУАЛ

ЭСТЕТИКА

Әлемдегі әсемдік пен сұлулықты түсіну және тудыру қабілеті

СӨС

Жанның, тәннің және ақыл-ойдың гармониясын сақтай білу қабілеті

ЕЛЖАНДЫ

- Өткенді құрметтеу қабілеті (ғасырлар тереңіндегі идеал)
- Бүгінгі жаңғырту (демократиялық құндылықтар)
- Болашаққа дайындау (оқу және карьера)


САЯСАТ:

1. Балаларға балалық шақты сақтап қалу.
2. Мұғалім мен оқушылар ұжымын қалыптастыруда конкурстық жүйе.
3. Қабілетіне қарай дара немесе дифференц. оқыту.
4. Ерекше бюджеттік қаржыландыру.

Оқыту процесі



“Жас дарын” мектебінің тәрбиелеу жүйесі



КРЕАТИВТІ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МЕКТЕПТІК МЕНЕДЖМЕНТ

(«Орта білім беру ұйымының ең үздік менеджері» номинациясы бойынша республикалық байқауға ұсынылған жоба)

Жоба авторы – С.Т.Хасанова – мектеп директоры
Ғыл. жет. – п.ғ.к., ПМПИ проф. В.Н.Афанасьева

Қазір біз көптеген маңызды уақиғаларға толы кезеңде өмір сүрудеміз.

Біріншіден, Қазақстан 20-жылдық тәуелсіздік аясында өркениетті елдің Олимп шыңына өрлеудің және қарқанды дамудың үлгісін танытуда.

Екіншіден, басталған жаһандану дәуірі - өзгерістер дәуірі – экологиялық ресурстарды сақтап қалу, экономика мен қоғамның даралануы, ақпаратпен қамтамасыз ету тәрізді қалыптасып қалған категориялардың өзгеруіне әкеледі.

Үшіншіден, бұл өзгерістер жағдайында төтеп беруші күш және жалғыз ғана үміт ретінде ғасырдың бар ауыртпашылығын өз мойнына жүктеп, қарамақайшы күштер соқтығысынан жеңімпаз болып шығатын адами ресурс болып табылады.

Жаһанданудың ең негізгі қауіп-қатері, ғалымдардың айтуы бойынша, әлемдегі күннен күнге болып жатқан өзгерістерге біздің бейімделу қабілетіміздің ілісе алмауында. Сондықтан, егер адам тез арада өзгертін әлемге бейімделіп, өмір сүре алса, онда жаһандану – жақсы.

Мәселе - ондай адамды қалай қалыптастыру қажет? Барлық тізбек жолдар білім беру саласына келіп тіреледі. Н.Ә.Назарбаев жаңа ғасырдың басымды бағытын осы саламен байланыстыруда: «Ең маңызды ұлттық идея – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінде. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, оның білімділігі деңгейімен, азаматтарының білімділігімен анықталады (1,246.). Бұл жағдай білім беру саласының қоғамдағы рөлі мен орнын қайта қарастырылуын, білім беру миссиясының өзгеруін, яғни, білім беру саласының еліміздің экономикасы, өндіріс саласымен қатар қарастырылуын мойындауды қамтамасыз етті. Сондықтан, білім берудің негізгі қызметі – адами болмысты ашуда.

Қазіргі кезеңде болып жатқан көптеген катаклизмдерге қарамастан, әлем когнитивті қоғам құру жолында. Бұндай қоғамда *білім* мен *шығармашылық*-адамның ең бағалы құндылықтары болып саналады. Европа кеңесі білім беру ұйымдарының қазіргі жастар бойында қалыптасуы міндетті 5 кілтті құзыреттіліктерді анықтап отыр:

- өмірге қажетті мәселелерді қайшылықсыз жолмен шешу мүмкіндігі;
- көпұлтты қоғамда, өзге елдің дәстүрін, тілін, дінін қадірлеу арқылы өмір сүре білуге;
- әр түрлі тілде ауызша және жазбаша формада қарым-қатынас жасай алу қабілеті;
- ақпараттық технологияларды игере білу және ЖАҚ ақпаратына шығармашылық көзқараспен қарай білу;
- өмір бойы оқуға қызығушылық, кәсіби білім алуға дайындық (2,127 б)

Н.Ә.Назарбаев Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттерімен кездесуде: «Келешек адамының жаңа әлеуметтік сипаты қалыптасуда. Мемлекетке бүгін жаңа формация адамдары – шынайы мамандар, шығармашыл, қалыптан тыс ойлайтын тұлғалар қажет. Элита сөзінің жақсы мағынасындағылар, мемлекеттің дамуын өз жауапкершілігіне алуға қабілетті, оның әлемдік қоғамға енуіне, ғылыми, өндірістік, техникалық потенциалын өсіретіндер керек» (3,124 б).

Қазіргі педагогикалық ғылым мен білім беру қоғамдығын алаңдататын басымдықтар:

- әлемдік стандарттарға жауап беретін 12 жылдық жалпы орта білім;
- ҚР азаматының менталитеті қалыптасқан үш тілдік түлек тұлғасы;
- құзыреттілік түрдегі білім қасиетін іздеу мен бақылау жүйесі, яғни өзгермелі жағдайда өмір сүруге бейімділігі (4,986).

Және жопарларымыз мен ұмтылыстарымыздың іске асырылуына жетекшілік ететін ең негізгі мәселе - мұғалімнің кәсіби шеберлігі; оның тәжірибе барысында Ү.Б.Жексенбаева айтып өткен «тұлға триумфін» іске асыру қабілеті мен дайындығы (5,386).

Аталмыш ой-тұжырымдар динамикасы белгілі бағалау тәсілдерімен өлшенетін тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, мұғалім мәртебесін көтеру, педагогикалық менеджментті дамыту және т.б. бағыттар бойынша жолдарды анықтайтын «2011-2020 жж арналған білім беру саласын дамыту бағдарламасында» көрініс тапты.

Өндіріс үдерістерінің түйісіне байланысты пайда болған ғылым ретінде бір жарым ғасырдан астам тарихы бар білім беру менеджментінің даму мәселесі көп жылдан бері алғаш рет мемлекеттік деңгейде қойылып отыр.

1996ж бұл мәселе жөнінде «Қуатты және дені сау қоғамның негізін құрайтын білім. Бүгінгі күні білім саласында көптеген өзгерістер болып жатыр. Және осындай күрделі кезеңде жоғары кәсіби деңгейдегі басқару қажет» (6,66). Ал, 15 жылдан кейін сапалы білім беру сапалы басқаруға байланысты болады: «Қазіргі заманға сай мектеп мұғалімі – бұл пән беруші ғана емес, мектептегі ОТҮ барлық түрлерінің ұйымдастырушысы; қазіргі заман университетінің профессоры – бұл ғылыми қызметкер ғана емес, сонымен қатар педагог және нақты жобаларды құрып, іске асыратын менеджер (7,46).

Сонымен, менеджмент мәселесі жаңа емес, бірақ өзекті. Сондықтан біздің зерттеу жұмыстарымыздың тақырыбын таңдаудың себебі болып отыр.

1. Мектепшілік басқаруды ұйымдастырудың әдістемелік көздері

Д.Н.Кулибаеваның сипаттамасы бойынша «Білім беру тұжырымдылық, күрделі, ашық, динамикалық, мақсатқа- бағытталған (дамып жатқан), басқарулы жүйелер қатарына енуде» (8, 696). Және бұл жүйенің негізгі ерекшелігі болып саналатын оның мемлекеттік құрылымдар мен қоғам дамуымен өзара әрекетте болуы. Мектепті бекітетін, оны салатын, мақсаты мен қызметін анықтайтын, бағдарламаларын құрастыратын қоғам, осы мағынада «қоғам қандай болса, мектеп те сондай».

Егер қоғам дағдарыс жағдайында болса, мектептің қиын жағдайға ұшырайтыны анық. Бірақ, тарих өмірдің ең қиын, ауыр кезеңдерінде де уақытты оза келген, өз негізін қалаушыларының есімдерін (А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский) мәңгілікте тарих беттерінде қалдырған, «маяк» бола білген мектептердің қалыптасуына әсер еткен кері сәттерге де куә.

М.М.Поташниктің айтуы бойынша, «мектеп қоғам дамуының алдында жүріп локомотив тәрізді болуы мүмкін, бірақ, сол жағдайда, егер қоғам рельстік жолдар сала білсе» (9, 126).

Қазақстанда осындай рельстік жолдарды мемлекет салуда. Біріншіден, мемлекетіміз тәуелсіз мемлекет ретінде білім беру саласына халықаралық кеңістікке жол ашты, тоталитарлық тәртіп кезіндегі кері мағынадағы демократия, гуманизм және оқу мен оқыту мекемесі тәрізді таңдау еркіндігі қағидаларын өмірге қайта келтірді. Ал, бүгінгі күні, Қазақстанның 20-жылдық тәуелсіздігінен кейін, мемлекет саясатының арқасында (кесте 1) қол жеткен құндылықтар жөнінде сөз көтеруге болады.

Мемлекет саясаты – мектептік менеджмент ұйымдастырылуының алғашқы және ең маңызды көзі.

ҚР «Білім туралы» Заңы барлық білім беру мекемелеріне (4 бап, 33,34 тармағы) ұйымның қызметтенуі мен дамуына байланысты ұйымдастыру-маңызды сұрақтарын шешумен қатар кадрлік-қаржыландыру сұрақтарын шешу құзыреттілігімен қамтамасыз етті.

Билікпен кез келген деңгейде қолдана білу керек, және бұл жағдайда заң талабы мен менеджменттің ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын шығармашылықпен байланыстыру ерекше маңызды.

Мектептің басқару моделін құрастыру барысында алдымызға қоятын міндеттердің бірі – осы.

Бұл модельдің негіз қалаушы ұстанымдары келесі:

Біріншіден, кез келген мектеп, кез келген білім беру ұйымы жекеленген түрде өмір сүрмейді: белгілі мазмұнға толы құрылымды – ұйымдасқан және өзара байланысқан блоктар жүйесі тәрізді бола отыра, одан да жоғары деңгейде – қала, облыс, республика, әлемдік қауымдастық білім беру кеңістіктің жүйе бөлігі болып табылады.

Егер басқарушы мектеп ішіндегі және мектептен тыс байланыстарды көре алмаса, оны құра алмаса, бұндай мектеп өз дамуын тоқтатады. Және бір орында тұрып қалу – ол да көштің соңында қала беру деген мағынаны дәлелдеудің қажеті жоқ.

Екіншіден, кез келген мектеп өзінің миссиясын, философиясын, саясатын анықтайтын әдістемелік позицияларымен мықты. Осы және басқа түйінді ойлардың қалыптасуы мектеп басқарудың ғылыми негізін құрайды. Толық көлемде олар мектептің нормошығармашылық құжаттарына еніп отыр – Тұжырымдамасына, Ережесіне, Даму бағдарламасына.

Үшіншіден, бүкіл мектеп жүйесінің орталық фигурасы – мектеп түлегінің тұлғасы – біз үшін мақсат тәрізді, бүкіл мектеп ұжымының барлық деңгейдегі, барлық бағыттағы затталған нәтижесі ретінде қабылданады.

Төртіншіден, қызметкерлерді, ОТҮ-ін, жалпы мектепті басқаруға жүйелі қатынас жасауды нақты нәтижелерге қол жеткізудің қажетті шарты тәрізді қарастырамыз.

З.М.Садвакасованың «ұйымдастырылған менеджмент: кестелер мен сызба-нұсқаулар» (10) еңбегінде модельдік формалар арқылы қолайлы жазылып көрсетілген көптеген қатынастар мен стильдер жөнінде айтатын болсақ, біз бұл сұрақтың кешенді шешуін анықтадық.

Біздің теориямыз бен тәжірибеміз көптеген әдістемелік қатынастар, технологиялар мен әдістерден тұрады: ғылымилік, стратегиялық, жүйелілік, адамиорталандырылған, яғни, «қазіргі уақыттағы әртүрлі әдістерді, қатынастарды, тәсілдерді, басқару әдістерін кешенді қолдану» тәрізді **біріктірілген** қатынастан (10,32б) және жүйенің ең маңызды құраушылары болып табылатын білім мекемесін басқарудағы **стратегиялық** (10, 11-19б) және **жүйелі-кешенді** (10,26б) қатынастар.

«Педагогикалық менеджмент» ұғымының негізгі анықтамасы ретінде келесілерді алдық: Т.К.Шамованың – «бұл ұйымның тиімді және әсерлі қызметтенуі мақсатындағы интеллектуалдық, материалдық және қаржы ресурстарының жұмылдырылуы б/ша ғылым, өнер және іс-әрекет» (11,5б), З.М.Садвакасованың – «Бұл жалпы ұйым үшін минималды шығын жасап, максималды пайда түсіру экономикалық жағдайындағы «адами ресурстарын» басқарудың ғылыми негіздері (10,5б)

Біздің «менеджмент» ұғымына байланысты өзіндік көзқарасымыз ең алдымен, күтілетін нәтижеге қол жеткізу іс-әрекетімен байланысты және кез келген іс-әрекет ретінде үрдісті сипатта болады (12,18б).

2. Білім беру ұйымы менеджерінің моделі (мектептік деңгей)

Біздің құрастырған моделіміздің негізгі тірек нүктесі болып табылатын «білім берудегі менеджмент» журналының бірінші нөмірінде басылған (16,3б) «менеджмент» ұғым ағашы. Оның өзегін құрайтын сипаттамалар мен әрекеттер – **қарым-қатынасқа түсе білу (коммуникация)** мен **шешім қабылдау**.

Менеджердің осы және басқа да операциялары бір мақсатқа бағытталған – адамды белгілі бір істерді орындауға қызықтыру. Адамдардың қызығушылығымен жұмыс істеу – басшының негізгі қызметі. Оның адамдарды қызықтыра алуына жалпы ұжымның жетістіктерге қол жеткізуі байланысты.

Өкінішке орай, бұл кез келген басшының қолынан келе бермейді, себебі басшының бойында көптеген сапа-қасиеттердің қалыптасуы қажет. Олар барлығы біріккен түрде ғана ұжымда да, ұжымнан тыс та басшы адамдардың жағымды имиджін қамтамасыз ететін бедел-үстемін құрайды. Жалпы, мұғалімнің де, басшының да тұлғасы осы үш құрастырушылардан тұрады: сыртқы келбетінен (киімі, қимыл-қозғалысы), сөйлеу

мәдениетінен және кәсіби шеберлігінен (арнайы білімі мен шығармашыл тұрғыда ойлау қабілеті). Осы сапалардың барлығы моделімізде детальді көрсетілген (кесте 6). Бұл модель жанама түрде, тұлғаны сипаттау арқылы ғана басқарудағы қатынастар мен стильдерді іс-жүзіне асыруға қажетті сапалардың көрінісін беруде.

Ұйымда стратегиялық менеджментті іс-жүзіне асыруға директордың мақсатқа бағытталу, істерді рет-ретімен қою әрекеттері арқасында ғана мүмкіндік туады; адамиорталандырылған менеджмент келесі шарттың орындалу барысында ғана іске асырылуы мүмкін: егер директор қарым-қатынастың этикасы мен психологиясын меңгерген болса. Әрине, ұжымда қалыптасатын ең оптималды нұсқау – бойында формалды басшы (заң ретінде билік ету) мен формалдыдан тыс беделдің (басқаруда әсер беретін субъективті қабілеттері) сапа-қасиеттері біріккен идеалды көшбасшысының басқаруы.

Және білім ұйымы басшысының – инноватор ретіндегі тағы бір сапа-қасиетіне көңіл аудару өте маңызды – өз командасын құру, қалыптастыру қабілеті. Мектептің даму жолында кездесетін объективті кедергілерден өте білу сол қалыптасқан басқару командасының сапалылығына байланысты.

И.Дерзкованың айтуы бойынша, нағыз менеджерлер командасының құрылу үдерісі бірнеше кезеңнен өтеді. Барлық командалар құрылу барысында «сәтті мен сәтсіз, бір орында тұрып қалу мен өрлеу кезеңдерінен» өтіп отырады. Сауатты әкімшілік осы үдерістерді орап өту мүмкін емес екендігін жақсы түсініп, басқарудың адекватты әдіс-тәсілдерін таңдауға тырысады» (17,316).

Қорытынды ретінде менеджердің аса маңызды көңілімізді аударған **басымды сапаларын** атап өткіміз келеді. Осы сапалар менеджер тұлғасының негізгі аспектілерін анықтайды: *әлеммен байланысы, қоршаған кеңістікпен байланысы, кәсіби шеберлігі, ашықтығы, жағдайды меңгеру (бақылау жасай алу) және ... тәкаппарлық қасиетінің болмауы.*

3. Педагогикалық ұжымның инновациялық іс-әрекеті креативті менеджмент нәтижесі тәрізді («Жас дарын» мектебі тәжірибесінен)

Жобаның бұл бөлімі педагогикалық менеджмент теориясының тәжірибе жүзіндегі іске асырылуын (бір ұйым мысалында) көрсетуді көздеуде. Нақтылап айтсақ, біз Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі іс-әрекетінің ғылымға негізделген тәжірибесін ұсынамыз. Бұл мектептің менеджері – осы жобаның авторы¹.

Өзіміз құрған мектеп әдістемелігі мектептің даму жолын бағыттауда.

Ал енді біздің жүйеміздің тәжірибеде қалай жұмыс істейтінін көрейік.

Ең алдымен бізге шығармашылық менеджменттің ерекшелігі неде екенін анықтау қажет (жалпы білім беру менеджментіне қарағанда).

Егер мектептегі қарапайым басқару жүйесі іс-әрекеттің үш блогы болса: персоналды басқару, оқу үрдісін басқару және тәрбиелеу үрдісін басқару (кесте 3) – онда шығармашылық менеджменттің негізі А.И.Доровскийдің құрастырған ең негізгі немесе бірнеше шығармашылық заңдары болу керек.

Біздің интерпретациямызда бұл «адам интеллектісінің спираль бойынша қозғалыс заңдылығы спиральдің жаңа иірімінде интеллекттің даму кезеңінде анықталған ақпараттың ұмытылып, осы ақпаратқа қайта келуі.

Интеллект дамуының спиральдануы – бұл естегі ақпарат бөлігінің өшірілуі ғана емес, жаңа иірімді ақпараттың пирамидадағы жаңа өзектіліктің «орындалуы» (11,236).

Мұның мәнін мектеп менеджментіне қатысты заңдылығын алайық.

Шығармашылық заңы бойынша бұл мақсаттар қайталанып әрі әрбір келесі даму иірімінде жоғары дамыған деңгейде шешіліп отырады. Бұл иірімдер әртүрлі тартылыста болуы мүмкін: 5 жылдықтан (мектептің даму бағдарламасы) оқу жылына дейін (жалпы мектептің жылдық жоспарларының органиграммасы).

Біздің тәжірибеміздің мәні оқу жылының мақсатты бағдарлама циклді бірнеше блоктарға таралуында (педкеңес санына байланысты). Қойылған мақсаттарға жету кезеңдермен ұйымдастырылады: ең алдымен мәселе танылады, ғылыми-әдістемелік семинарларда зерттеледі, содан соң ол әдістемелік нұсқауларға айналады, олар әдістемелік кеңестерде қолға алынып талқыланады, ал содан соң орындалуы мониторингтік бақылау арқылы жүргізіледі (үнемі және уақытша) және педкеңесте қаулыға шығады. Мысалы, ұжым қазіргі уақытта шығармашылық мәселесі жұмысын қорытындылауда. Қыркүйекте - мұғалімдердің «Шығармашылық заңдары» тақырыбында семинары өтті. Қазанда - «Шығармашылық ОТУ: теориядан тәжірибеге» сұрағы бойынша әдістемелік кеңес өткізілді және қарашада - «Оқу жылының бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша – дарынды балалардың интеллектуалдық ресурстары» атты педкеңесте қорытындылар шығарылмақ. Осылай бүкіл мектеп, оның директоры мен барлық ұжым жұмыс істейді.

Креативті менеджменттің тағы бір маңызды жағы – оның мақсаттық бағдарламасы, яғни мақсаттар тізбегі – халықаралық және мемлекеттік деңгейден мектептің 5-жылдыққа арналған даму мақсаттарына дейін.

Біздің жылдық органиграммаларымыз екі бөліктен құрылады: «әдістемелік және тәжірибелік. Біріншісінде мектептің негізгі үш бағыты бойынша іс-әрекеттер анықталады: көптілділікті дамыту эксперименті (оқушыларды үш тілде оқыту), мектеп қалыптасуының тақырыбы (креативті менеджмент) және ғылыми-әдістемелік тақырып (дарындыларға арналған дидактика). Және әрбір бағыт бойынша логикалық тақырыптар тізбегі құрылады: 5-жылдық тақырыбы – жыл тақырыбы – мақсаттары – міндеттері – жетістіктерге қол жеткізу тәсілдері – болжамды нәтиже.

Екіншісінде, тәжірибелік бөлімінде мақсаттық бағдарламаны іске асыратын фактілер, іс-шаралар, ұйымдастыру актілері көрініс табады. Бұл теория мен тәжірибенің байланысы, бір жағынан, нақты менеджмент жүйесін құруға мүмкіндік береді, екіншіден, ұйым мақсаттарын іске асыру бойынша кадрлармен жұмыс жүйесін құруға мүмкіндік береді. Осындай тәртіпте мектеп 10 жылдан астам әрекеттенуде. Бірақ, нақты, өз әрекетіміздің мағынасын соңғы 2-3 жылда айқын көрудеміз.

Айтылғанды қорытындылайық. *Егер, мектептік менеджментті сипаттау барысында эксперт-талдаушылар келесідей байқаулар жасайтын болса:*

- *Аталмыш мектеп жекеленген түрде емес, бүкіл білім беру кеңістігі аталатын «ортақ үйдің» бөлігі болып табылса;*
- *Мектеп өзінің философиясын, миссиясын, саясатын анықтайтын нақты әдістемелік ұстанымдарымен мықты болса;*
- *Бүкіл мектеп жүйесінің орталық фигурасы болып табылатын мектеп тұлғесінің тұлғасы, ал оның моделі – мақсат және бүкіл мектеп ұжымы жұмысының болжамды нәтижесі тәрізді болса;*
- *Кәсіби шеберлігінің арқасында соңғы нәтиже мен мектеп имиджінің ашылуын қамтамасыз ететін мектеп мұғалімінің тұлғасы болса;*
- *Егер сіздер осындай сөздерді еститін болсаңыздар, біліп қойыңыздар: бұл 10-жылдық жолын өтіп, енді өрлеп келе жатқан «Жас дарын» мектебі туралы. Және де талпыныс алатын нүктелері де белгілі – ол **дарындыларға арналған дидактика мен креативті менеджмент.***

Қорытынды

Жасалған жұмыс көлемінен келесі қорытындыларды шығаруға болады.

1. Кез келген мектепті үш қырынан сипаттауға болады – жалпы, ерекше және айырықша. Жалпы жағынан айтатын болсақ, біз Мемлекеттік стандартқа сай орта білім береміз. Мектептің ерекшелігі – элитарлық типтегі мектеп (мамандандырылған, гимназия, лицей, интеллектуалды мектеп), жалпы білім беру (бейімделу) және кәсіби (колледж), -«жоғарыдан» заңдық құжаттыр, нұсқаулар, ережелермен қамтамасыздандырылатын тип.

Бұл басшыға басқару іс-әрекеттерін жүргізуде жеңілдік етеді. Бірақ, бұл жағдайда да барлық басқару қызметтерін іске асыратын жүйе қажет; тәртіп пен реттілік қажет; өз мамандығының шеберлері – жақсы ұстаздар қажет; өз әдістемелік қатынасынды таңдап алу, өзіндік жеке басқару стилін құру қажет және т.б.

2. Бірақ нағыз менеджер мектептің басқа мектептерге ұқсамайтын, қайталанбас жолдарын анықтайтын үшінші қырынан сипатталған жағдайда ғана ашылуы мүмкін. Бұл кезде іскер басшының қолында менеджмент өнерге айналады, ал мектеп «айқайлап» тұрған тәрбиелеу жөніндегі тұжырымды ойы бар автордың есіміне ие болады. Мысалы, Ш.Амонашвилидің «өмір мектебі», А.Тубельскийдің «өзін анықтау мектебі», В.В.Давыдовтың «есею мектебі», С.Исламгулованың «жаңа педагогикалық ойлау мектебі», т.б.

Дарынды балаларға арналған мектеп ретіндегі ерекшелігіміз ОТУ аймақтандыру бағытында (оқушыларымыз туған өлке мәселелерімен мектеп қабырғасынан бастап толғанулары керек) және креативті менеджментті іске асыруымызда деп ойлаймыз (барлығының және әрқайсысының шығармашылығы басқару заңдары бойынша құрылады).

3. Біздің үш блокты сипаттамалары бар (психолог, инноватор, көшбасшы) құрастырған моделіміз арқылы бүкіл педагогикалық қауымға жеткізетін тұжырымды ойымыз – мектепке тұлға культінің қайта оралуында емес, адамдарды басқару құқығы еліміздің болашағын өз қолына алатын, бойында қызғаныш, қатыгездік, кекшілдік қасиеттері байқалмайтын, тек ерекше тұлғаларға беріледі. Менеджменттік өнері тек білім және жоғары кәсіби шеберлік пен ғылымға негізделген тұлғаға ғана беріледі.

4. Өзінің көпжылдық тарихында педагогика уақыттың үнемі жаңа міндеттер қойып отырған кезеңінен өтті. Біз «винтиктер» емес, өз өмірінің субъектілерін тәрбиелеу мәселесін шешіп отырдық, біз оқушыларымыздың тек білімімен ғана қанағаттанбай, олардан шығармашылық ойлауды талап еттік; біз ондай миссия үшін жаңа формация мұғалімдерін даярладық.

Жаһандық ақпараттық қоғам менеджерлердің өздерінің білім алу сапасы мәселесін қойып отыр. Және де бұл жерде ғылым мен тәжірибе негіздерін білім беру субъектілерінің барлығы – оқушы, ата-анадан бастап мұғалім мен ғалымға дейін меңгерген жеке, өзіндік менеджмент жөнінде сөз көтерілуде. Ал бұл әңгіме үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі көлемді өзгерістер жасауға ықпал етуде.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. Ойларыммен халқыммен бөлісемін.//Алматы, «Мектеп», 2007.
2. С.В.Шишов, В.А.Кальней. Мектеп: білім беру сапасының мониторингі// М., 2000.
3. Т.Садыков. Болашақтың интеллектуалды бейнесі.//Алматы,2006.
4. «Білім беру саясаты: қоғаммен диалог» халықаралық конференция материалдары//Алматы, 2002.
5. У.Б.Жексенбаева «Қазақстанның 12-жылдық мектебі қандай болмақ»./ «12-жылдық білім беру», 2005.
6. И.А.Лебедева. Білім берудегі менеджмент.№1,1996.
7. К.Н.Нарибаев. Менеджерлердің білім алу сапасының мәселелері.// «Білім беру әлемінде», №4.2011.
8. Д.Н.Кулибаева.Халықаралық типтегі білім беру жүйесін басқарудың әдістемелік негіздері.//Алматы,2006.
9. Қазіргі мектепті басқару. Ред.М.М.Поташник//М.,1992.
10. З.М.Садвакасова. Ұйымдастыру менеджмент: сызба-нұсқа мен кестелер//Алматы,2006.
- 11.Мектеп басқарудағы менеджмент. Ред.Т.И.Шамова//М., МНП «Магистр»,1992.
12. В.С.Ильин. Оқушы тұлғасын қалыптастыру (біртұтас үдеріс)//М., «Педагогика», 1984.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҮШКОМПОНЕНТТІ МОДЕЛІ

III. Мектептің приоритеттері

Модель негізі

Ойлаудың құрылымдық-жүйелі типімен, қоғамдық маңызды азықты құруға арналған әлеуметтік адаптацияланған шығармашыл тұлға

II. Мемлекеттік сұраныстар

1. Ұлттық дәстүр мен мәдениетке адалдық.
2. Қызметтік сауаттылық (әлеуметтік - психологиялық адаптация).
3. Өсу және өзін-өзі жетілдіру сезімі.
4. Аймақтық мәселелер білімі.
5. Көркемдік талғампаздық.

1. ҚР азаматының менталитеті:
 - мемлекеттік тіл және ұлттар арасындағы қатынас тілін білу,
 - мемлекеттік рәміздерді құрметтеу,
 - мемлекеттік заңдарды сақтау,
 - евразилікті ғасыр идеологиялары тәрізді қабылдау.
2. Халыққа, экология және ғылымға қызмет ету.
3. Жанұяда және ұжымда әлеуметтік ролдің орындалуы.
4. Өзін-өзі білу және СӨС.

I. Халықтар арасынан күтетініміз

1. Жанжалсыздық.
2. Жан-жақты мәдениеттілік.
3. Коммуникабельділік.
4. Ақпараттық сауаттылық.
5. Өмір бойы білімге арналған мотивация.

Дарынды баланың портреті

1. Білімнің жүйелі сипаты;
2. Интеллектуалдық іс-әрекетке және шығармашылыққа деген қажеттілігі;
3. Коммуникативтік мәдениеті;
4. Ақпараттық сауаттылығы;
5. Елжандылығы;
6. Өмір бойы білім алуға

**Ғылыми, өнер,
экономика**

САЯСАТ: 1) әрқайсысын жекелей оқыту;
2) қарым-қатынасқа ашық болу;
3) жеке бас ерекшелігін қолдау.

2) қарым-қатынасқа ашық болу;
3) жеке бас ерекшелігін қолдау.

универси

A T A- A H A

Блок С

**Оқыту емес,
ОҚЫП, БІЛІМАЛУ**

[illegible]

Kəci6i

стандартка


сәйкестік

**Мамандықтың
әлеуметтік
мәнділігі**

**Бала дарындылығы
феноменіне
адекваттілік**



МЕКТЕПШІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК МОДЕЛІ



Өмір сүру ортасы

Оқу үдерісі	Сыныптан тыс жұмыс	Мектептен тыс жұмыс	Қоғамдық-ғылыми қатынастар
- Құзыреттілік қатынас - Инновациялық іс-әрекет - Технологизация - Бағалау емес, қызығушылықты ояту	- Тұлғаға-бағытталған бағдарлама - Білім беруді аймақтандыру - Жанұя, мектеп және қоғам бірлігі - қызығушылық б/ша клубтар - көркем және спорттық академиялар	- Әр типті мектептермен қатынас жасау - Қызықты кездесулер клубы - Регаталар - Спорттық мейрамдар	- Пән олимпиадалары - МҒЖ сайысы - Халықаралық сайыстар - Ғылыми-тәжірибелік конференциялар

БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗ ШОҒЫРЫ

(ұстаздар мен оқушылардың зияткерлік жеңіс марафоны)

Жыл номинанттары

Хасанова Сәуле Төлегенқызы – мектеп директоры, Білім беру үздігі, ҚР Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған медалімен марапатталды. «Нәтижеге бағытталған мектептік менеджмент» тақырыбындағы республикалық педагогикалық жобалар байқауының III дәрежелі жүлдегері.



Сумбаева Алтын Хайроллақызы – физика пәнінің жоғары санатты ұстазы, Б.Алтынсарин медалінің иегері, физика пәнінен олимпиадаға дайындау бағдарламасының авторы, оқушылары жыл сайын облыстық, республикалық, халықаралық пән олимпиадаларының жүлдегерлері мен жеңімпаздары (Сабыржан Айжас – Республикалық астрофизика олимпиадасының III дәрежелі жүлдегері, Бекжанов Әлібек – астрофизикадан Халықаралық пән олимпиадасының III дәрежелі жүлдегері, 2011ж).



Бейсенбаева Нағима Әмзеқызы – география пәнінің жоғары санатты ұстазы. Мектептің олимпиадалық команда жетекшісі, оқушылары пән олимпиадаларының, Республикалық ғылыми жобалар сайыстарының жеңімпаздары (Хасен Арман – Республикалық оқушылар ғылыми жарыстарының жеңімпазы, 2012ж), Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды, наурыз, 2012ж.



Керіпжанова Алмагүл Закенқызы – биология пәнінің мұғалімі. Мектептің олимпиадалық команданың жетекшісі, оқушылары пән олимпиадаларының, оқушылар ғылыми жарыстарының, I аймақтық Сәтбаев олимпиадасының (Әбтаева Замира, 2011ж), «Ертіс өңірі оқушыларына» арналған I эвристикалық олимпиадасының (командалық II орын), облыстық юниорлар олимпиадасының (Қожайбердиева Әйгерім, Қадыр Әнуар) жүлдегерлері. Облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» марапатталды, наурыз, 2012.

Итемгенов Бақытбек Ұпышұлы – тарих пәнінің ұстазы. Облыстық мұғалімдердің пән олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, ҰБТ-ға арналған тестілеу сұрақтарының expertі, оқушылары жыл сайын тарих пәнінен 100 % сапа көрсетуде, орта ұпайы – 22,7; мектептік олимпиадалық команданың жетекшісі, оқушылары облыстық пән олимпиадалары (Шакратов Елдос, Файзолла Есей, 2012) мен халықаралық ғылыми жарыстарының жеңімпаздары (Мағжан Тілек, I орын, 2011).





Сырттанова Айнаш Тохтарханқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оқушысы Республикалық пән олимпиадасының күміс медаль иегері (Төлеубаева Фарида, Қарағанды, 2012ж), Облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» марапатталды, наурыз, 2012.

Шаймұрат Азамат Боранбайұлы – тарих пәнінің мұғалімі, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» - Республикалық мұғалімдер олимпиадасының жеңімпазы (мамыр, 2011ж), облыстық мұғалімдер пән олимпиадасының III дәрежелі жүлдегері, облыстық «Жыл мұғалімі» сайысының II дәрежелі жүлдегері, облыс әкімі грантының иегері (қазан, 2012ж).



Жыл номинанаттары

Бекжанов Әлібек – 9-сынып оқушысы, Халықаралық астрофизика олимпиадасының III дәрежелі жүлдегері, қыркүйек, 2012ж

Хасен Арман – 11-сынып оқушысы, география пәнінен Республикалық оқушылар ғылыми жарыстарының жеңімпазы, Алматы, 2012ж

Төлеубаева Фарида – 10-сынып оқушысы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің облыстық пән олимпиадасының жеңімпазы, Республикалық пән олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, Қарағанды, 2012

Марат Ахбөне – 11-сынып оқушысы, Республикалық «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» -өлең шығару сайысы жеңімпазы, облыстық Абай оқуларының екі мәрте жеңімпазы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Республикалық пәндер олимпиадасының IV орын, СДУ грантының иегері.

Талипова Дариға – 11-сынып оқушысы, ағылшын тілінен облыстық пәндер олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, 2012ж, Республикалық ғылыми жарыстардың III дәрежелі жүлдегері, Алматы, 2012ж.

Нұрпейісова Айнұр – 11-сынып оқушысы, ағылшын тілінен облыстық пәндер олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, 2012ж, Республикалық ғылыми жарыстардың III дәрежелі жүлдегері, Алматы, 2012ж.

Оразымбетов Еламан – 11-сынып оқушысы, физика пәнінен облыстық пәндер олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, Республикалық пәндер олимпиадасының

қатысушысы, облыстық ғылыми жоба сайысының II дәрежелі жүлдегері, физика, биология пәндерінен I аймақтық эвристикалық олимпиаданың II дәрежелі жүлдегері.

Ыбырай Дәулет – 11-сынып оқушысы, биология пәнінен облыстық пәндер олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, Республикалық пәндер олимпиадасының қатысушысы, облыстық ғылыми жоба сайысының III дәрежелі жүлдегері, физика, биология пәндерінен I аймақтық эвристикалық олимпиаданың II дәрежелі жүлдегері (команда мүшесі ретінде).

Төлеубаев Шыңғыс – 10-сынып оқушысы, француз тілі пәнінен облыстық пәндер олимпиадасының II дәрежелі жүлдегері, Республикалық пәндер олимпиадасының IY орын иегері, Қарағанды, 2012ж.

ДАРЫНДЫ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ, НЕМЕСЕ МЕКТЕПТІК ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ

Тәрбие тал бесіктен басталады



Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі, біріншіден, ұрпақтан – ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез – құлық нормаларына қатысты білім және дағды беру үдерісі. Екіншіден, адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру. Мектеп – балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Әл – Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек», «Оқу мен тәрбие – құстың қос қанаты» деген ұлағатты сөздері тегін айтылмаса керек. Мектептің оқыту тәрбиелеу үдерісі тәжірибесіне табыс енгізу үшін балаларға берілетін тәрбиенің маңызы зор.

2001-2007 жылдарға арналған мектебіміздің тәрбие жұмысының негізгі мақсаты - өз қаласы, аймағы, жерінің дамуы мен гүлденуіне өз қабілетін бағыттаған түлек тұлғасын қалыптастыру болатын. Жүйелі мектеп жұмысы барысында дарынды тұлғаның аймақтық мәнде қалыптасуы жүйеге түсті деуге болады.

Әлемдегі жаһандану бүгінгі күннің негізгі мәселесіне айналып отыр. Жаһандану бүкіл әлемге әсер ететініне байланысты болғандықтан, кілтті өзгерістермен біздің де түйісуімізге тура келді. Бұл компьютерлік сауаттылық, бәсекелестіктің негізгі шарты болып отырған - құзыреттілік, шығармашылыққа, алдыңғы қатарда болуға деген қажеттілік, көптілділік. Бұл негізгі мәселелерді есепке ала отыра, мектептің 2007-2012 жылдарға арналған Дамыту бағдарламасы негізінде, оқыту тәрбиелеу үдерісінде соңғы бесжылдықта болған өзгерістерге орай, мектептің тәрбие үдерісінің жаңа мақсаты анықталды.

Сонымен мектептің 2007-2012 жылдарға арналған **тәрбиелеу жүйесінің негізгі мақсаты:** бәсекеге қабілетті білімді, тәрбиелі, әлемді кең көлемде танытын, өзгерістерге дайын, өмірге қажетті мәселелерді шеше алатын, ақпараттық мәдениетті (компьютерді және техникалық құрал – жабдықтарды еркін пайдалана алатын) көптілді (үш тілде жазбаша және ауызша еркін қарым – қатынас жасай алатын полимәдениетті тұлға), креативті (өзін креативтілік тұрғысынан ұйымдастыра білетін), қоғамымыздың сұраныстарын қанағаттандыратын, бүкіл республикалық, халықаралық деңгейге көтерілетін түлек тұлғасын, элита қалыптастыру.

Тәрбие жүйесінің миссиясы Н.Ә.Назарбаевтың мынандай сөздерінен алынған: “Болашақ адамының жаңа әлеуметтік мінездері қалыптасты. Мемлекетімізге қазіргі таңда жаңа формациядағы адамдар қажет – жоғары шығармашыл, өз ісінің хас шеберлері, стандарттан тыс ойлайтын тұлғалар, еліміздің дамуын өз қолына ала алатын, оның әлемдік қауымдастыққа кіруіне үлес қосатын, бір сөзбен айтқанда “Элита” қажет”. Президентіміздің “Интеллектуалды ұлт - 2020” ұлттық жобасының иегерлері де осы қоғам

элиталары болғандықтан, мектепте өткізілетін оқыту, тәрбиелеу іс - әрекеттерінің барлығы осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған.

«Жас дарын» мектебі 1999 жылы дүниеге келісімен, мектеп түлегінің пішіні айқындалып, нақтыланды. Ол мектеп эмблемасына айналды. Бұл эмблема 2006 жылдан бастап оқушылардың төсбелгісі ретінде қолданылып келеді.

Эмблеманың функционалдық мазмұнына келер болсақ: күн көзі энергиясының табиғи күшімен ұсталынған дарынды бала, мектептен шексіздікке төрт қозғалыс бағытын алады: **интеллектуалдық** (таңдап алынған әрекеттік салада білім, білік және дағдыны шығармашылықпен қолдана білу қабілеті), **эстетикалық** (әсемдік пен сұлулықты түсіну, тудыру және адамдарға қуаныш сыйлау қабілеті; сұлулыққа-қайырымдылық және достастыққа тәрбиелеу), **салауатты өмір салтын қалыптастыру** (жанның, тәннің және ақыл-ойдың үндестігін сақтай білу қабілеті; нашақорлық, зорлық- зомбылық және террорлық әрекет, заңбұзушылыққа жол жоқ), **елжандылыққа тәрбиелеу** (өткенді құрметтеу және ғасырлар тереңінен келе жатқан құндылықтарды қабылдау қабілеті; демократиялық құндылықтарға сүйене отырып бүгінгіні жаңғырту; алдағы оқуға және карьералық өсуге, яғни, болашаққа дайындалу қабілеті; аймағымыздың тарихын жан-жақты меңгерген, ұлтжанды тұлға болып тәрбиеленіп шығу).

Қазақ өрнегінен алынған таусылмайтын даму символы адамдық қасиеттің шексіздігі мен оған арналып белгіленген жоғары сенімге деген халықтың даналығын көрсеткен. Эмблеманың астыңғы жағында келтірілген толқындар, мектеп көптеген таланттар мен жұлдыздарды өсірген Ертіс жағасында орналаса отырып, сол түлектердің аймақтың, әлемнің тағдырын шешуге қатысуын тосып тұрғандығын білдіреді.

М. Жұмабаев «Баланың дұрыс өсуінің негізгі бір шарты – киімнің дұрыс болуы» деген сөзі негізінде 2007 жылдан бастап мектеп бірінғай мектеп формасын енгізді.

Оқушыларды тәрбиелеуде мектеп облыстық білім беру басқармасы, Республикалық “Дарын” , «Ертіс дарыны» ғылыми – тәжірибелік орталықтарымен, педагог мамандардың біліктілігін арттыру институты және жоғары оқу орныдарымен тығыз қарым – қатынаста. Олардың ұйымдастырып өткізетін әртүрлі интеллектуалдық бағыттағы білім додаларына оқушыларымыз белсене қатысады. Шәкірттердің алып жатқан білімдері мен көзқарастарын кеңейту, шындау , дүниетанымдарын байыту мақсатында оқушыларды мектептен тыс танымдық бағыттағы мекемелерге апару мектепте дәстүрге айналған. Оның қатарына қала мұражайларларын, кітапханаларын атауға болады. Олардың тарапынан ұйымдастырылған түрлі іс – шараларға, дәрістері мен тақырыптық баяндамаларына, сайыстарына үнемі қатысып тұрамыз.

Тәрбие – педагогикалық үдерістің өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін құрамдас бөлігі. Олай болса, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдасу, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арттыру одан да күрделі мәселе. Жалпы тәрбие жұмысын ойдағыдай жүзеге асыруда барлық педагогикалық ұжым мен оқушылардың ата – аналары, сынып жетекшілері бірлесе жұмыс атқарады. Мектебімізде оқушылардың бағыттарын анықтауға көмектесіп, қалыптасуы мен дамуына жан – жақты жағдай жасайтын сынып жетекшілеріміз: Махамбетова Б.Қ., Жарова Т.Ж., Сырттанова А.Т., Тұрсынов Ғ.Қ., Төлекова Б.Қ., Кабылова К.Ғ., Хасанова С.Б., Сумбаева А.Х., Сыпатаев Е.В., Белгібаева Г.М., Кабылова А.М., Какабаева А.М.

Мектептің ұстанған 4 бағыты бойынша мектебіміздің ерекшелігін білдіретін дәстүрлі іс-шараларымыз қалыптасты. Олар: мектепішілік “Ботақан” интеллектуалдық сайысы, “Менің ізденістерім” атты шағын ғылыми жобалар сайысы, пәндік регаталар, дебат ойындары, пән апталықтары, «Экономикалық кампания» атты мектептің қамқорлық кеңесінің жұмысы, «Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі», «Жыл мұғалімі», «Жыл оқушысы», «Жыл ата - анасы» номинацияларының иегерлерін тағайындау, «Отан қорғаушылар күніне» орай «Жас дарын сұлтаны», 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Жас дарын аруы» сайысы және мұғалімдер күніне орай «Болашақ мектебінің бір күні» атты өзін - өзі басқару күні және т.б.

Мектептің тәрбие іс – шаралары бойынша атап айтатын нәтижелеріміз : де баршылық: орталық алаңда өткізілген «Наурыз» мерекесінде киіз үй тігіп, бағдарлама қою – гран – при; «Жастар» квн командасы – Гран – при, «КВН кубогының » иегерлері; оқушыларымыз облыстық, дәстүрлі «Жас ұлан» әскери – патриоттық ойынының жеңімпаздары; 20 оқушымыз Республикалық «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының қатысушылары. Оқу мен шығармашылық іс - әрекетін тең ұстаған оқушыларымыз мектептен тыс түрлі бағыттағы үйірмелерге қатысып, ән, би, күй, сурет, тоғызқұмалақ, шахмат, мәнерлеп оқу, спорт түрлерінен жоғары нәтижелерге жетуде. Мектебімізде Қазақстан Республикасы спорт шеберлері атағының иегерлері Қасқырбаева Диана (көркем гимнастика), Байтенов Бернар (муайтай), Қабылдин Бақытбек (каратэ) оқиды.

«Еңбек өмірдің шырағына май құяды, ал қиял оны тұтандырады» демекші сабақтан тыс уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру бағытында, халықтың асыл қазынасын, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында «Мұрагер» атты домбыра үйірмесі, өнер арқылы балалардың шығармашылық қабілетін ашып, дамыту мақсатында би үйірмесі жүргізіледі. Мектебімізде пресс – орталық жұмыс жасап, тоқсанына 1 рет мектептің өмірі толық қамтылған «Жас дарын» үнқағазын шығарады.

Мектебімізден түлеп ұшқан қарлығаштарымыздың нәтижелері мектептің оқыту, тәрбиелеу үдерісінің дұрыс жолға қойылғанының айқын дәлелі. Өйткені олардың әрқайсысы жан – жақты дамып ашылған тұлға деуге болады. Әрқайсысы мектеп қабырғасында өзін - өзі жан – жақты таныта біліп, жыл сайын 100% жоғары оқу орындарына түседі.

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде емес, мектеп ішіндегі тәрбие іс – шараларымен, мектептен тыс жүргізілетін тәрбиелік әрекеттермен де ұштасып жатады. Ол сабақ үстінде жүзеге асырылатын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру мақсаттарын жүзеге асырады. Мектептің тәрбие жүйесінің мақсаттарында көрсетелгендей бәсекеге қабілетті білімді де тәрбиелі, көптілді, креативті, халықаралық деңгейге көтерілген түлек тұлғасын қалыптастыру мақсатында ұстаздар мен ата – аналар бірлесе еңбек етуде.

Арынғазина Әсел Мұратқызы
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту

А.С. Рахимжанова –
мектеп директорының орынбасары

2007 жылдан бастап «Жас дарын» мектебі оқушыларды үш тілде оқытудың облыстық эксперименттік ауданы болып табылады.

Осы эксперименттің бастапқы кезеңінде біз көптеген сауалдарға кездестік, осы сауалдардың жауаптары эксперименттің мақсатын, міндетін және мазмұнын, сонымен қатар ең бастысы осы істің нәтижесі ретінде нені бағалайтынымызды нақты анықтау керек болатын.

Полимәдениетті тұлға, полимәдениетті тәрбие беру ресми түрде мақұлданатын инновация мазмұнының кілтті ұғымдары болып табылады. Айтылған ұғымдарды әр автор өзінше түсіндіретінін ескере отырып, біз «полимәдениетті тұлға» ұғымының нақты түсінігін анықтағаннан кейін, оны қалыптастыру мен дамыту жоспарларын құруымыз керек.

Ең алдымен, ғылыми-жаратылыстану бағытындағы бір немесе бірнеше пәндер ағылшын тілінде, орыс тілі қазақ мектептерінде – орыс тілінде оқытатын мектептердің бағдарламасы бойынша бұйрықпен бекітілген болатын. Мемлекеттік тілде оқытылатын біздің мектепте барлық берілген талаптар сақталып орындалды.

Оқушылардың ұстаздары мен ата-аналары қойған ең басты сұрақ: үш тілде оқыту кезінде оқу материалын меңгерудің сапасын қалай қамтамасыз етуге болады. Себебі, мектеп мамандандырылған және оның әр оқушысында талапты жоспарлары бар болғандықтан. Сондықтан, тіл құзіреттілігі дамуының негізін құрайтын, оқушыға тілдерді терең меңгеруге мотивация тудыратын, 3 тілде меңгерген пәндер бойынша жоғарғы нәтиже көрсетуге негіз беретін білім беру кеңістігін құру қажет.

Бұл мәселені шешу жүйелік көзқарасты, көптілді тұлғаны қалыптастыру мақсаттық бағдарламасына үйлесімді әдістер мен технологияларды іздестіру қажеттігін талап етті.

Бүгінгі таңда білім беруде тілді пайдалану барысында қиындық көрмейтінімізді сыртқы бақылау нәтижелерімен дәлелдеуге болады. Мектеп ҰБТ-дан жоғары нәтижелерге ие болып (орта ұпай 115), республиканың 10 үздік мектептер қатарына кіреді. Мұғалімдердің әлеуметтік-мамандық оңтайлылығы инновацияны меңгерудің шарты ретінде қолданылады. Мұғалімдер қазіргі таңда сыни тұрғысынан ойлау, модульдік оқыту мен дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиялары бойынша жұмыс істейді және өз білімін жетілдіру бойынша жеке дара маршруттарын құрастырады. Өзін өзі ұйымдастыру мен өзін өзі бақылау тәсілі негізінде портфолио (мұғалім мен оқушының) әдісі қолданылады. Оқу жұмысын жарыстық-бәсекелік (регата, турнир, конкурс, көптілділік олимпиада, пән апталықтары) түрінде ұйымдастырудағы көптеген тәжірибе жинақталды. Оқушылар 7 сыныпқа келген кезде шет тіліндегі мәтінді өздігінен сөздіксіз оқи алады.

Исмоилов Д. с 01.09. 2007г. по настоящее время работает профессором кафедры «Математика» Инновационного Евразийского Университета г. Павлодар, РК. Активно работает и поддерживает будущих молодых специалистов. Руководит магистрантами, аспирантами и докторантами. Оппонировал кандидатские диссертации претендентов на соискание ученой степени кандидатов физико математических наук (МГПИ им. Ленина, МГУ им. Ломоносова, ТГУ им. Ленина Душанбе и МИ с ВЦ АН РТ). Тесно сотрудничает со средними школами г. Павлодара. Руководит научными проектами школьников по математике. Его ученики активно участвуют в олимпиадах и соревнованиях (областных, республиканских) по научным проектам. Занимается с одарёнными учениками.

Сфера его научных интересов: классическая теория чисел, диофантовый анализ, алгебраическая и аналитическая теория чисел, теория тригонометрических сумм, теория вероятностей и комплексный анализ. Исмоилов Д. является известным специалистом в области теории суммирования арифметических функций, одним из

создателей теории оценок полных рациональных тригонометрических сумм и сумм характеров Дирихле от многочленов и рациональных функций. Внес заметный вклад в решение аддитивных проблем делителей и распределения целых точек на алгебраических поверхностях. Является основоположником нового направления - Теории последовательностей «наследия».

Твердо убежден в том, что одним из наиболее оптимальных способов (ключей) к познанию мира является наука МАТЕМАТИКА, ибо язык математики во всём мире единый, и она объединяет все народы во всём мире.

Омарова К.О.- учитель математики
школы «Жас дарын»

Мой Учитель (О Муратхане Нурмагамбетовиче Ильясове)

Такие слова как математическая красота, строгость, точность, логичность в моем мышлении ассоциируются ни с кем иным, как с Ильясовым Муратханом Нурмагамбетовичем. И это не случайность. Этот человек, будучи преподавателем в ПГПИ являлся также самым страшным моим «сном» во время сессии. Но, не смотря на все бесконечные зачеты, экзамены и его любимые ИДЗ, Муратхан Нурмагамбетович привил во мне любовь к математике своим упорством, трудолюбием и стремлением оставить в наших головах и сердцах как можно больше математического величия и божественности. Вместе с тем, что у Муратхана Нурмагамбетовича довольно- таки, вспыльчивый, грозный, требовательный характер, он гармонично сочетается с его непревзойденным, ярким, метким юмором.

Оказавшись в «Жас Дарыне», первым, кого я увидела в школьном коридоре, был именно мой любимый преподаватель. Чему я бесконечно обрадовалась. Теперь я его узнала уже с другой стороны, для меня открылись новые его грани педагогической, просветительской деятельности. Будучи научным руководителем таких учеников, как Жунусов Ануар, Хабибуллин Куаныш и многих других учеников нашей школы, которые неоднократно являлись призерами математических олимпиад, Муратхан Нурмагамбетович показал пример идеального учителя одаренных детей.

Я глубоко уважаю его труд, энтузиазм и энергичность. Он навсегда останется для меня эталоном настоящего Учителя и Мастером своего дела.

Ж.Ж.Жунусова

Ведущий к вершинам Олимпа...



Саурбаев Ришат Журкенович, кандидат филологических наук, профессор кафедры иностранных языков ПГПИ, специалист в области теоретической грамматики английского языка, синтаксической типологии.

С 2009г. в школе «Жас дарын» занятия по подготовке к олимпиаде по английскому языку ведет кандидат филологических наук Саурбаев Ришат Журкенович. Саурбаев Р.Ж. также консультирует учеников старших классов по научным проектам по филологии. Под руководством ученого учащиеся школы добились значительных результатов. В 2012г. второе место в областной олимпиаде по английскому языку заняла ученица одиннадцатого класса Талипова Д., третье место заняли ученики девятого класса Кожаммет Ж. и Калыков Б., а также ученица десятого класса Бимаганова Т. В областном конкурсе научных проектов Талипова Д. и Нурпеисова А. заняли второе место с проектом «Роль социальной рекламы в демократизации казахстанского общества». Этот же проект занял третье место в республиканском

конкурсе научных проектов. Проект «Лингвострановедческий аспект в концепте «свобода» в русском, английском и казахском языках» учеников Кожахмет Ж. и Такировой Е. занял третье место в областном конкурсе научных проектов. Это достижения, которых достигли учащиеся школы «Жас дарын» благодаря Саурбаеву Р.Ж., только за 2011-12 уч.г. Саурбаев Р.Ж. является крупным ученым в области филологии не только на территории Казахстана, но и всего СНГ. После окончания Павлодарского педагогического института, Ришат Журкенович поступил в аспирантуру Московского педагогического государственного университета им. В.И. Ленина, где он работал под руководством известного российского ученого-германиста, доктора филологических наук, профессора Блоха М.Я. В 1998г. Саурбаев Р.Ж. защитил кандидатскую диссертацию на тему «Парадигматика осложненного английского и татарского языков». В данное время работает над докторской диссертацией «Принципы осложнения предложения в современном английском языке». Под руководством Саурбаева Р.Ж. защищены 20 магистерских диссертаций. Ученый имеет более 100 научных и методических трудов. Неудивительно, что учащиеся школы «Жас дарын» успешно выступают на олимпиадах и конкурсах научных проектов под руководством такого ученого. Надеемся, что победы наших учащихся будут приумножаться с каждым годом благодаря сотрудничеству с профессором Саурбаевым Р.Ж.

Ильясова Г.Р.-учитель английского языка

Жеңіс тұғырына жетелеуші



Талғат Сапарғалиұлы Досанов үш жыл бойы «Жас дарын» мектебінің олимпиадалық резерв тобын физика пәнінен олимпиадаға дайындап жүрген жас ғалым. Талғат Сапарғалиұлының жалпы болмысы, адамгершілігі, адам баласына пайдалы болуға тырысуы, айналасындағы адамдармен қарым – қатынасы олимпиадалық додада сәтсіздік орын алмайтынына алғашқы күннен бастап сенім тудырды. Ол - жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, болашаққа жан-жақты дамыған, толыққанды азамат етіп қалыптастырушы ғалым.

Әлемнің параллель дамитынын ескере отырып, Талғат Сапарғалиұлы аймақтық қана емес, халықаралық деңгейдегі есептерге дейін қарастырып оқушылардың білім аумағын кеңейте түсуде аянбай еңбек етуде. Ең дәмді тағамның өзі жалықтырмай ма, сол сияқты оқытуда да баланың қызығушылығын жоғалтып алмас үшін аса сақтықпен түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып еліктіре, қызықтыра оқытады. Біздің мектепте физикадан дайындық үстіндегі оқушылардың еліктейтін, соған ұқсасам деп армандайтын бір ғана адамы бар, ол- Талғат Сапарғалиұлы Досанов.

Басталған істің сәтті аяқталуын тек шыдамды, қиындықты жеңе білетін адам ғана көретініне сенімдімін. Ешқандай материалдық компенсациямен өлшенбейтін орасан зор еңбегінің арқасында өзі бастаған жастарды жеңіс тұғырына жеткізіп, жетелеп келе жатқан ғалым – ұстаз. Жас ұстаз оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеп, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуда, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып келеді.

Сумбаева А.Х. - «Жас дарын » мектебінің физика пәнінің мұғалімі

ТҮЙНЕКТЕП ЖИНАЛҒАН МҰҒАЛІМДЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНЕН...

Заман талабына сай мектеп

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Әбдіжүсіпова Б. Х.



Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал боп табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында жас ұрпаққа осы замандағы білім беру міндетін айқын қойғаны белгілі. «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек», - деп атап көрсеткен.

Ұлттың ақыл-ой әлеуетінің басы мектеп қабырғасынан басталады. Қаламыздағы жалпы білім беретін оқу орындарының ішіндегі «Жас Дарын» үздік мектебінің құрылғанына былтыр 10 жылдық мерейін атап өтті. Алдына шығармашылық жағынан белсенді, интегративті тұлға қалыптастыру мақсатында білім мазмұнының тұтас, жан-жақты, проблемалық байланыстарын ашатын технологиялар таңдау міндетін алға қойған мектеп директоры Сәуле Төлегенқызы басшылық етіп отырған мектеп ұжымы бүгінгі күн талабына сай еңбек етуде. Яғни, Абай атамyzдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол!» деген үндеуін орнықтыру үшін шәкіртке өзін ғаламның бір бөлшегі екенін сезіндіріп, оны жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарымен таныстырып, құрметтеуге үйрету жолында мектеп ұжымы жылдан-жылға табысты еңбек етуде. Дарынды балаларға арналған мектептің әрбір ұстазы, өз заманының алдыңғы қатарлы білімдар өкілдері: әр сабағында білімнің біртұтас жүйесін ендіріп, оқушыларын әлемдік ақыл-ойдың қол жеткен табыстарымен сусындауына өз бетінше білім алуына, шығармашыл бастамаларға бейім болуына баулып, жұмыс істеуде. Заман талабына сай шәкірттерге білім нәрін сусындату жолында ерекше үлес қосып келе жатқан мектептің он жылдық еңбегін қорытындылай отырып, ұжымның жаңа сапалық сипатта істелетін жұмыстарының келелі үрдістермен үндесетіндігіне күмән жоқ.

Мектеп іс-әрекетінің басты бағыттарының бірі-оқу үдерісінің сапасының басқаруын жетілдіру, түлектерді мемлекеттік стандарт талаптанатындай деңгейде сапалы білім беру. Мектеп қолданатын білім сапасын басқару моделі оқушылардың жетістіктерінің жүйелі түрде қаралуын топшылайды. Мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектісін, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, оқушының табиғи қасиеттерін, әр пән бойынша білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін құру.

Мектептің педагогикалық ұжымы 38 мұғалімнен құралған. Соңғы 3 жылда мұғалімдердің жоғары және бірінші санаттағы сапалық құрамының мониторингісінің көрсеткіші бойынша өсу динамикасы байқалады: бүгінгі күні жоғары санатты 29 мұғалім – (76 %), I санатты 5 мұғалім – (13 %), санатты 4 мұғалім – (10 %), санатсыз мұғалім жоқ..

Педагогикалық құрамның рейтинг картасы бойынша марапатталғандар көрсеткіштері: «Оқу ісінің үздіктері» - 3, облыс әкімінің грант иегерлері - 2, ҚР БҒМ

Құрмет грамотасымен-8, ҚР БҒМ мақтау қағазымен – 21, білім беру басқармасының мақтау қағазымен – 15.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің сапалық құрамын жақсарту жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыр. ПМБАИ және РИКСО білімін көтеру курстарынан түгел мұғалімдер тақырыптық семинарларға, облыс, республика шеңберінде өткен конференцияларға қатысты. Мектепте мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге, білім беру үрдісін өткізуге және қамтамасыз етуге барлық қолайлы жағдай жасалған. Бұған дәлел - оқушылардың жыл сайын пән олимпиадасында, облыстық, республикалық және халықаралық пән олимпиадаларында, оқушылардың ғылыми жоба сайыстарында жеңімпаз атануы.

Бүгінгі күні 18 сынып- комплектісінде 331 оқушы оқиды, жалпы білім сапасы 84 %.

Орта білім беру ұйымдарында МАБ білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және бастауыш пен негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын білім алушылардың меңгеру деңгейін 9- сыныптар үшін орыс тілі, математика, ағылшын тілі, пәндерінен стандартқа сәйкес алған білімдерінің беріктігін, оны тест тапсырмаларына пайдалана білуін байқау, анықтау мақсатында жүзеге асырылды. Мектептің 9 «а», «ә» сыныптарының 30 оқушысы қатысып өте жоғары 96%деңгейді көрсетті.

Оқу процесін жетілдіріп, сабақ сапасын арттырудың әдіс – тәсілдерін жете меңгерген МАБ көрсеткіші өте жоғары болған мұғалімдер: Хабылбекова А.Қ., Камелова Б.Қ., Рахимжанова А. С., Хасанова С. Б., Куватова М.Б., сынып жетекшілер Сумбаева А.Х., Сәрсембекова К.А. Жоғары жетістікке жетудің сыры - аталған әр мұғалімнің шығармашылық еңбегіне, әдіс-тәсілдерді қолданудағы шеберлігіне, терең теориялық біліміне, тәжірибесіне, оқушылардың жеке дара психикалық ерекшеліктерін анықтап, меңгерілетін тақырыпты әр оқушыға сай үйлестіре білуіне байланысты дер едік.

Он бір жыл ішінде мектеп жетінші рет мектеп түлектерін шығарды: ҰБТ қорытындылары бойынша: 2004 жылы орта ұпай – 87,7; 2005 жылы орта ұпай – 101,2; 2006 жылы орта ұпай – 98,2; 2007 жылы орта ұпай - 99,7; 2008жылы орта ұпай – 107,5, 2009жылы орта ұпай -115,1, 2010ж – орта ұпай – 118, 2011ж – орта ұпай – 115,6. Үш жыл бойы мектеп республика бойынша «жиырма үздік мектептердің» қатарында жүрсе, былтырғы оқу жылының нәтижесі бойынша «он үздік мектептің» қатарына енді. Биылғы оқу жылында мектебіміз облыс көлемінде ҰБТ нәтижелері бойынша бірінші орында. Бізден түлеп ұшқан оқушылардың 100 пайызы жоғары оқу орындарының грантына иіледі.

Оқушының білім деңгейіне сүйене отырып олардың дайындық жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастыруды, білімге деген ынтасын, қызығушылығын, тұрақтылығын қалыптастыру жолдарын, әр түрлі тапсырмаларды орындату арқылы бақылап отыруды, берілген тапсырмаларды тиянақты орындалуын талап етуді, сабақта уақытты тиімді пайдалануды жете меңгерген, осының нәтижесінде ҰБТ көрсеткіштері жоғары пән мұғалімдері: қазақ тілінен Қабылова А. М., Арынғазина Ә. М.; математикадан Бокаева Р.С, Бегалина Ж.Б., Қазақстан тарихынан Итемгенов Б.Ұ., орыс тілінен Рахимжанова А. С. таңдау пәндерінен физика пәнінен Сумбаева А. Х., ағылшын тілінен Куватова М.Б, география пәнінен Бейсембаева Н.Ә.

Бір сөзбен айтқанда, заман ағымынан бір елі қалмайтын «Жас дарын» мектебі аймағымыздың білім беру саласын алға жетелейтін бірегей мекемелердің қатарында.

Еңбек жолымдағы алғашқы баспалдақ

Арынғазина Әсел Мұратқызы
- мектеп директорының
тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары

Өмір заңдылығы бойынша барлық адамның өмірі белгілі бір кезеңдерден тұрады. Олардың қатарына балабақша, мектеп, жоғары оқу орны және жұмыс орны жатады. Бірақ әрбір адамның өмірі қайталанбас, ұмытылмас, өзінше бір тарих. Барлығы бірдей кезеңдерден өткенімен әрқайсысының өзіндік жолы бар. Мен де «Жас дарын мектебіне қалай келгенім жайлы, осы мектеп қабырғасында өткізген 7 жылымның есте қалған сәттерімен, өз ойыммен бөліскім келеді.

2002 жылдың көктемінде С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетінде мемлекеттік емтиханға дайындалып жүрген кезіміз. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында лаборант болып істеп жүрген Алма Шакуовна деген адам мені шақырып алып (тобымның старостасы болғандықтан, түрлі сұрақтармен кафедраға жиі баратынымын, мұғалімдермен де қарым – қатынасым жақсы болатын): «Сендерді келесі аптада мектептерге бөледі. Қызыл дипломмен аяқтағандарды қалада, ал қалғандарын ауылды жерлерге жібереді. Мына тізімді қарашы»- деп, қазақ тілі мұғалімдеріне сұраныс білдірген мектептердің тізімін алдыма қойды. Алдағы мақсатым мемлекеттік емтиханды өте жақсы тапсырып, қызыл дипломымды дәлелдеу болатын, ал жұмыс жайында әлі ойланбаған едім. Қала мектептері жайында хабарым да аз еді. Алма Шакуовна мектептерді талдай келе «Жас дарын» деген мектепке тоқталды. «Бұл дарынды балаларға арналған мектеп, осы мектепке сен лайықтысың. Мен по блату сені осы мектепке жазып қояйын»- деді. Мен бірден келістім, ол кісінің маған жасаған қамқорлығына риза болып, алғысымды жаудыртым.

Сол жылы университет аяқтаған барлық мамандықтар бойынша студенттерді аудиторияға жинап, әр мектептен, ауылды жерлердің директор, олардың орынбасарлары келіп, болашақ мамандарды өздеріне ала бастады. Бейне бір базар сияқты. Студенттің мінездемесі оқылады, оны алатын адам қолын көтеріп, атын жазып алып жатыр. Мені «Жас дарынға жазып қойғанымен, мені алуға ешкім келмеді.

Келесі күні қалада қалатын болған студенттерді облыстық білім департаментіне (қазіргі білім басқармасы) кездесуге жіберді. Онда бізге сәттілік тілеп, қолымызға жолдамаларымызды беріп, қалада қалатындарды қалалық білім басқармасына жіберді. Онда Күлмаш Қасымовна деген адам (кім болып істейтініне көңіл аудармаппын):

- Бұл дарынды балаларға арналған мектеп, дарынды балалар оқиды, талап мықты, істей аласың ба? , - деді.

- Тырысып көремін, - деп жауап қайтардым.

- Ендеше, тамыздың 15- і күні мектепке бар да, жұмысқа кіріс, - деп шығарып салды.

Кейбір студенттер мүлдем жұмыс таппай, кейбіреулері ауылды жерлерге барғылары келмей, қиналыс үстінде жүрсе, менің тағдырым бір жұманың ішінде шешілгеніне құдайға рахметімді жаудыртым.

Емтихандар сәтті аяқталып, қолыма аңсаған, армандаған қызыл дипломымды алған соң, жазғы демалысымды ата – анамның жанында өткіздім.

Сөйтіп, жазғы демалыс та көзді ашып жұмғанша өте шықты. 15 тамыз күні таңертең ерте тұрып, жаныма жеңгемді ертіп «Жас дарын» мектебіне аттандық. Мен бұл мектептің қай жерде орналасқанын да білмейді екенмін. Оным заңды да құбылыс еді, өйткені мектептің жұмыс істеп тұрғанына 3 жыл ғана болатын.

Екі қабатты ескі ғимараттың ішіне кіріп, қабылдау бөлмесіне жол тарттық. Қабылдау бөлмесінде 2 адам сөйлесіп отыр екен. Ол кезде бухгалтер болып істеген Гүлназ және хатшы болып істеген Гүлнар Шекерқызы:

- Сіздер қандай сұрақпен келдіңіздер? – деді бірден екеуі бізге қарап.

- Мені осы мектепке жолдамамен жіберді. Директорға жолығайын деп едік, - дедім мен.

- Ол кісі қазір бос емес, қабылдауында кісі бар. Сыртқа шығып, күте тұрыңыздар-деп, бірден өз әңгімелерін жалғасыра кетті.

Жеңгем екеуміз дәлізге шығып, (ол кезде 1 қабаттың ортасында айна, оның алдында отыратын тақ сияқты бірдеңе болатын) айнаның алдына отырдық. Біраз уақыттан соң, қабылдау бөлмесінен бір әйел адам шығып бізге келді де:

- Сіздер неге отырсыздар?
- Біз директорға жолығайық деп едік.
- Мен – директор. Гүлбаршын Жұмажанқызы. Қандай сұрақпен келдіңіздер?
- Мені осы мектепке жолдамамен жұмысқа жіберді.
- Кім?-деп таңдана қарады, қарасында шынымен де қатты таңдаңғаны байқалды.
- Білім департаментінен, - дедім мен.
- Жүріңіздер, кабинетке барып сөйлесейік – деп, бізді кабинетіне жетелеп әкетті.

Кабинетке кіріп, жайғасқан соң:

- Мен сендердің келгендеріңе таң қалып тұрмын. Біздің департаментке сұраныс бергеніміз рас. Бірақ, сен университетті енді бітірген жас мамансың ғой. Біз жас мамандарды қабылдамаймыз. Біздің мектеп дарынды балаларға арналған мектеп, мұнда тек тәжірибелі, көп жылғы еңбек өтілі бар мұғалімдер ғана жұмыс істейді, – деді. Жұмысым бар деп рахаттанып, уайым – қайғысыз жүрген менің үстімнен жай түскендей болды. Үндемей отырған жерімнен директор:

- Осы күнге дейін қайда жүрдің? Неге ертерек келмедің? – деді.
- Маған қалалық басқармада жолдама бергенде, жұмысқа 15 тамыз шығасың деген соң, бүгін келдім, - дедім жасқана сөйлеп.

- Кәне, қандай құжаттар әкелдің?- деді қолымда ұстап отырған қағаздарыма қарап. Жолдамамды байқап, қызыл аттестатымды көрді де, ойланып отырып:

- Жәрәйді, қызым, көрейік. Дипломың қызыл болғандықтан, 1 айға алайын.

Көрейік, істей алсаң, байқармыз, – деп 1 айға жұмысқа қабылдады.

Жеңгемді үйге қайтарып, мені алып қалды. Сол кезде мұғалімдердің барлығы кабинетте жиналысқа жиналып отыр екен. Директор мені ертіп барып, ұжыммен таныстырды. Мені қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айсұлу Мажитқызына тапсырды, маған ол кісі көмектесіп, жауапты болатын болды. Шынымен де, ұжымның барлығының жасы менен әлдеқайда үлкен екен. Сөйтіп, мектеп тарихында ең жас мұғалім болып мен орналасқан болатынымын.

Жиналыстан соң Айсұлу Мажитқызы мені кабинетіне ертіп барып, екеуміз мектептің қабылдауына кабинетті дайындадық, плintустарды боядық. Айсұлу Мажитқызы:

- Қандай, кімнің әдістемесін пайдаланасың?- деді маған сынай қарап. Жұмысқа енді келіп жатқан менде қандай әдістеме болсын, әйтеуір университетте оқытқан мұғалімдерім Қуандық Пазылұлының, Еңлік Өсербайқызының, Қанипа Досжанқызы үйреткен әдістемелерді айтып бердім. Екеуміз пән бойынша біраз тілдесіп, ол кісі мені мектептің ережелерімен таныстырды.

- Демалыс кезінде жұмыс 9.00- де басталады, бірақ мен ерте келемін. Сен де 8.30.- да осында бол, - деп талап қойды. Басында Айсұлу Мажитқызы өте қатал болып көрінгенімін, жақын танысып, біліскен соң жақсы әріптес, дос болып кеттік. Ол кісі маған күнтізбелік, күнделікті жоспар жазу үлгілерін көрсетіп, өзінің әдістемесімен таныстырды. Жалпы, мұғалімдік жолымда мен үшін Айсұлу Мажитқызының орны ерекше. Өйткені өз ісінің мықты маманы бола тұра, мені де көп нәрсеге үйретті. Кез – келген іс- шараны бірлесіп, ақылдасып, бір – бірімізге көмек, қолдау жасай отыра тындырып тастайтынбыз. Өмір жолымда өз мамандығым бойынша Айсұлу Мажитқызы сияқты маманның кездескені де менің бір бақытым болар.

Тағы бір ерекше мақтанышпен, қуанышпен айтатын жәйт, студент кезімде университетте сабақ берген ұлағатты ұстаздарым Қанипа Досжанқызы, Бекен Сағындықұлы, Гүлнар Әдебиетқызы сынды ғалымдармен әрдайым байланыста болып, ақыл – кеңестер алып тұрамын. Білімдерінің тереңдігі мен жан – жақтылығы арқылы,

карапайым мінездері негізінде ең беделді үлгі бола алған, ұстаздық – шәкірттік үдерісті берік ұстанған жандар.

2 жұма жұмыс істеген соң, Гүлбаршын Жұмажанқызы мені шақырып алып, ақылдаса отырып, мені 4- сыныптың жетекшісі етіп тағайындады. Ол сынып Тоқмейіл Жайлауқызының бастауыш түлектері еді. Іштей «Сынып берді, ендеше мені жұмысқа қабылдағаны ғой» деп қуандым. 2 аптадан соң маған: «Қазақ тілінің маманысың ғой, педагогикалық кеңестің хаттамаларын жазасың»- деді. Ол кезде оқу ісінің меңгерушісі Сәуле Төлегенқызы болатын. Ол кісі хаттама жазудың үлгілерін көрсетіп, сол кісімен қоян – қолтық жұмыс жасадық. Сөйтіп, келісімен бірден мектеп өміріне белсене араласып кеттім.

1 қыркүйек алғашқы қоңырау мерекесі де келіп жетті. Салтанатты жиында сыныбымның жанынды тұрып, жиыннан соң сыныпқа келіп ашық сабақ өткіздім. Бұл сабаққа оқушылардың ата – аналары да қатысты. Сайыс түрінде ұйымдастырылған сабақ өте жақсы өтті. Мен де, оқушылар да, ата – аналар да жоғары көңіл күймен тарастық..Менің жауапкершілігіме, ары қарай жетелеуіме 17 оқушы берілді. II тоқсанда тағы 2 бала қосылып, барлығы 19 бала болды. Біреуі келеді, біреуі кетеді, көп дегенде 26 оқушыға дейін көбейді. Оқушыларым айтқаныңды екі етпейтін, көздері жәудіреп не айтарыңды күтіп тұратын кішкентай ғана болатын. Бірақ мен сыныбым жайлы «Шумные, но умные» дейтінмін. Ата – аларыммен де тіл табысып кеттік. Бұл сыныппен 3 жыл жұмыс істедім де, қимастықпен Клара Қалиқызына тапсырдым. Уақыт та зымырап өте шықты, қазір сол балалардың 13- і мектеп бітіретін түлектер. Сыныпты тапсыруымның нақтылы себебі де бар еді. Ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары Сәуле Төлегенқызы №35 мектепке директор қызметіне тағайындалғандықтан, тәрбие ісінің орынбасары қызметін атқарған Армангүл Сартайқызы сол кісінің орнына көтеріліп, тәрбие ісі орынбасарының орны босады. Гүлбаршын Жұмажанқызы, Гаухар Қабдырқызы, Армангүл Сартайқызы ақылдасып бұл жұмысқа мен лайықты деп шешіпті. Бұл жайында маған айтқанда кәдімгідей шошып кеттім және таң қалдым «Неге мен? Менің еңбек өтілім 3- ақ жыл, менен басқа да тәжірибелі, мықты ұстаздар бар емес пе? Әрине, маған мұндай сенім артқандарыңызға рахмат, бірақ мен ыңғайсызданып тұрмын. Жап – жас болып үп – үлкен мұғалімдерге қалай сөзімді өткіземін?»- дедім. Бірақ олар: «Сырттан біреуді алғанша, өз ішімізден шықсын. Сен істей аласың. Біз көмектесеміз, алып кетесің» деп жігерлендірген соң, келістім. Қорыққаным бекер болыпты, ұжымның мұғалімдері мені бірден қабылдап, жасыма қарамай, айтқанымды орындап, керісінше, көмектесуге тырысты. Орынбасар қызметімде Армангүл Сартайқызының, Гаухар Қабдырқызының көмегі көп болды, көп нәрсені сол адамдардан үйрендім. Мектепке келгеннен – ақ үлгі тұтып, көп сабақ алған, ақыл – кеңес алған мұғалімдер қатарына Жарова Тоқмейіл Жайлауқызын, Асаинов Мұрат Бәкенұлын, Ақатаева Алма Мажитқызын, Ельтаева Гүлнар Рашатбекқызын, Кабылова Күлкен Ғазизқызын жатқызуға болады.

Гүлбаршын Жұмажанқызы – менің өмір тарихымдағы алғашқы директор. Бұл кісінің басшылығымен мен 5 жыл жұмыс істедім. Осы уақыт аралығында ол кісі маған бір рет те дауыс көтеріп сөйлеген емес, қандай – да бір кемшілігің болса, ақырын ғана, ақылмен айтқанынан- ақ,өзіңе қорытынды жасайтындай дәрежеге жеткізетін. Менің аз жылдың ішінде осындай дәрежеге жетуіме себепкер болған да Гүлбаршын Жұмажанқызы. Үш- ақ жыл жұмыс істегеннен кейін, мені өзінің орынбасары етіп тағайындады. Сол кездегі ол кісінің маған артқан сенімін мен әркезде ақтауға тырысамын. Мені пән мұғалімі ретінде олимпиадаға, облыс әкімінің грант тағайындау сайысына жіберіп, қатыстырды. Алғашында қорқып қатысқым келмегенде «Бар, қатыс, көр. Сенің өсуің керек. Бұл сенің болашағың. Орын алмасаң да, тәжірибе жинайсың. Бірақ ,сен орын алуға тиіссің » деп жіберетін. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің олимпиадасына қатысқан кезде, I турында шығарма жазып, II турға өткен соң, кешке жеребе алып, таңертең сабақ беретін сыныпты анықтадық. Сол күні түннің бір уағына дейін өткізетін сабағымды дайындауға көмектескен Армангүл Сартайқызы, Айсұлу Мажитқызы, Гүлнар Сартайқызы сынды мұғалімдерге алғысым шексіз.

Жалпы бұл мектеп менің өміріммен тығыз байланысты. Осы мектеп қабырғасында өмірімнің қызығы да, шышығы да ақырындап өтіп жатты. Осы мектеп қабырғасында отбасы құрдым, сәби сүйіп, ана атандым. Жолдасыммен кездесуімізге Сәуле Төлегенқызының да қатысы болған еді. Ол кезде 9- сынып оқушыларын (ЕрмұратВалерийұлының сыныбы) мемлекеттік емтиханға дайындап жатқан едім. Кабинеттің есігі сәл ашылып тұрған еді. Бір кезде есіктің тесігенен біреу қарғандай болды, шығып қарасам, өзімнің гимназияда бірге оқыған сыныптасым келіп тұр екен. Қасында інісі бар. Көрісіп, қал сұрасып, олар мені далада күтетін болды. Сабағымды аяқтап, астына түссем, Сәуле Төлегенқызы тұр екен. Ол кісі маған:

- Саған келген адамдармен жолықтың ба? – деп сұрады.
- Ия, сіз кіргіздіңіз бе? – дедім. Өйткені үстіңгі қабатқа бөтен адамдарға көтерілуге болмайтын еді.
- Мен кіргіздім. Сырт келбеттері дұрыс болғасын, кіруге рұқсат бердім – деді күлімдеп. Мектеп аяқтағалы, 5 жылдан соң қайта кездесіп, сол кездесуімізден соң, 2 жыл өткесін отбасы құрдық. Сәбилі болдым. Баламен үйде отырған кезімде әріптестерім үнемі келіп, қал – жағдайымды сұрап, мектептің жаңалықтарын айтып кететін. Жалпы, бұл мектептің мұғалімдері бір отбасыдай өмір сүреді, бір – біріне қамқор, жанашыр. Қуанышыңда бірге қуанып, кейіген сәттерінде демеу беретін жандар.

Мен баламен үйде отырғанда мектеп директоры болған Гүлбаршын Жұмажанқызы құрметті демалысына шығып, орнына Сәуле Төлегенқызы келді. Қайта жұмысқа шығар кезде, мені орныма алар ма екен, маған деген көзқарасы қандай болар екен? деген ойлар мазалады. Кабинетіне кірген сәтте күлімдеп, құшағын жая қарсы алды. Ешқандай сөзге келместен бірден жұмысқа қабылдады. Бұрын бірге істегендігімізден, бір – бірімізді жақсы танығандықтан тіл табысып, жұмыс жасап кету қиын болған жоқ. Өзім сабақ алатын Сәуле Төлегенқызының бір қасиеті – ол оның барлығын жүйемен, орнымен, уақытымен орындауы. Мұғалімдер мен оқушыларға мықты талап қоя білгендігінен де мектеп көптеген нәтижелерге жетіп жатыр. Тәрбие ісінің орынбасары болғандықтан, мектептің түрлі іс – шараларын өткізу менің мойнымда. Ал концерттердің дұрыс шығуы, оқушылардың сыртқы киіміне байланысты. Сәуле Төлегенқызының басқаруымен мектептің оркестр қатысушыларына, би үйірмесіне қатысатын ұлдар мен қыздарға ұлттық киімдер тігіліп, оркестрге қажетті ұлттық аспаптар толық алынды. Бұның барлығы Сәуле Төлегенқызының басқара алу, ұйымдастыра алу қабілеттерінің арқасында деп ойлаймын.

Ұстазық үздік қасиеттің, абырой – беделдің артуы – баулыған шәкіртіне байланысты. Мектепте алғашқы істеген жылы бастауыш сыныптардың пән олимпиадасына ана тілі пәні бойынша 4- сынып оқушысы Темірғалы Айжан деген оқушыны дайындадым. Ол мәнерлеп Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» шығармасынан үзінді оқыды. Бойында әртістік қабілеті өте жақсы дамыған, айтқаныңды бірден қағып алатын, ұялмай, қымсынбай өзіне берілген рөлге еніп, жоғары деңгейде ойнап беретін оқушы еді. Сол сайыста II орын алып, менің алғашқы нәтижем деп, төбем көкке жеткенше қуанғаным өмір бойы есімде қалды. Одан кейінгі ауыз толтырып айтатын шәкіртімнің бір Изгуттинов Анияр болатын. Бұл оқушы қазақ тілі бойынша 5 – сыныптан бастап мектепшілік ғылыми жобалар жазып, олимпиадаға қатысып, үнемі жүлделі орынға ие болатын. 7- сыныпта жазған ғылыми жобамыз сәтті шығып, тағы да жүлделі I орынды алғандықтан, Сәуле Төлегенқызы мені шақырып алып:

- Әсел Мұратовна, Аниярдың бұл жобасын жоғары сыныптарға арналған қалалық ғылыми жобалар сайысына жіберсек қайтеді? Жұмыстарың жақсы, баланың қорғауы да керемет. Көрейік, Анияр да болшаққа тәжірибе жинай берсін,- деген соң, жобамызды сайысқа жібердік. Қалалықтан I орын, облыстықтан II орынға иемдендік. Республикаға өту үшін тапсырылған тестен де 85 % жинады. Бұл сыныпта одан соң Айсұлу Мажитқызына тапсырғандықтан, ары қарай оны Айсұлу Мажитқызы жетелеп, көптеген нәтижелерге жетті. Жалпы Анияр өте ақылды, шын мәніндегі дарынды, талапты да талантты оқушы. Сондай ашық, ақкөңіл, ақжарқын, нағыз қазақы мінезді бала. Барлық оқушылар Анияр сияқты болса арман болмас еді.

Мектепке алғашқы орналасқан кезде компьютерді білмеген едім. Маған компьютердің қыр – сырын үйреткен сол кезде мектептің шаруашылық ісінің меңгерушісі болып істеген Ахметов Серік Зейноллаұлы болатын. Мен әріптерді бір қолмен теретінмін, ол: « Болмайды, жаман үйренесің, екі қолыңмен жаз» деп ұрсатын. Бірдеңе жазып бер, істеп бер десең, тек істеп бере салмай, «былай істейсің, былай істейсің», - деп көрсетіп үйрететін. Сол кісінің арқасында компьютердің нағыз білгірі болып алдым.

Мен мектепке келгенде ең жасы болсам, менен кейінгі 1-2 жылдың ішінде көптеген жас мамандар келіп, ортамыз толықты. Жас ерекшелігімізге қарамай, барлығымыз әріптес, дос болып кеттік. Олардың қатарында мына мұғалімдерді атауға болады: Белгібаева Гүлшекер Манатқызы, Какабаева Айнаш Манатайқызы, Сыпатаев Ермұрат Валерийұлы, Махамбетова Ботагөз Қайыргелдіқызы, Ембергенова Айгүл Еділқызы, Сүлейменова Анаргүл Серікқызы, Тұрарова Динара Мөрленқызы, Қайдарова Гүлнар Сартайқызы, Арынова Зәуре Мұратқызы, Қайдарова Лаура Сартайқызы, Жарова Самал Төлегенқызы, Нұрпейісова Назгүл Қабдрашқызы, Момынов Қуат Мырзатайұлы, Шаймұрат Азамат Боранбайұлы, Ахметова Сәбира Қуанышбекқызы, Мұстафина Айымгүл Еділқызы, Ертаева Ақмарал Хамитқызы, Асқарова Жұлдыз Мұфталқызы, Иглікова Гүлназ Бекболатқызы, Ибраева Жанар Бәкібайқызы, Жансүгіров Нұрлан Тілемесұлы, Сақанова Гүлнар Бейсенбекқызы, Күльбаева Гүлнар Әсетқызы, Хайсина Клара Қалиқызы, Сырттанова Айнаш Тоқтарханқызы, Хасанова Сәуле Барықызы, Тұрсынов Ғаждембек Қуанышұлы, Макина Гүлжан Төлейбайқызы, Бекібаева Сәнгүл Ғосманқызы, Ескендірова Майса Түсіпқызы, Ашықова Мәншүк Амангелдіқызы, Бейсенбаева Нағима Әмзеқызы, Ильясова Гульмира Раушанқызы, Ахметова Ләззат Нарботақызы, Жүнісова Жәмиля Жұмайқызы. Мектептің мұғалімдерін тізбектеген кезде, мектепте биология пәнінен сабақ берген, әріптес, дос болған марқұм Төлеубаева Дана Балтабекқызын да айтпай кетуге болмайды. Қазір ортамызда болмағанымен, мектеп тарихында өзіндік орнын қалдырған сыпайы, қарапайым, әдепті, ерекше тәртіпті ұстаз болатын. Мұндай ұстазымыздың қазіргі таңда ортамызда болмағаны өкінішті – ақ!

Тәрбие ісінің орынбасы қызметімде жергілікті ақын, жазушы Қайдаров Сартай Қайдарұлының да көмегі зор. Мектепте өткізілетін түрлі іс – шараларға арнап ой маржандарын өлең сөзге өріп, жыр жазып беретін керемет дарын иесі.

Үлкенді сыйлау – халқымыздың өнегелі қасиеттерінің бірі. Үлкендер өз алдына бір төбе, өз алдына бір отау. Қазіргі кездегі ортамыздағы үлкендеріміз, ақылшы, қамқоршыларымыз Камелова Бәтима Қабиденқызы, Әбдіжісіпова Бәтима Халыққызы, Жарова Тоқмейіл Жайлауқызы, Бокаева Роза Сұңғатқызы, Оспан Орынгүл Оспанқызы, Хабылбекова Айсұлу Қайырбекқызы, Шайдарманова Сақыпжамал Тұяққызы, Сеитова Бақыт Жұмажанқызы, Жекеева Алтынай Нұрмағанбетқызы, Қасенова Айман Жұмажанқызы, Сумбаева Алтын Хайроллақызы, Сәрсенбекова Күләш Амантайқызы, Төлекова Бәтіш Қайржанқызы сынды білікті маман иелері. Бұл адамдарды құрмет тұтып, үлгі алу - өмір жолыма зор бақыт, мол сабақ алғанмен пар – пар. Әсіресе, Бәтима Қабиденқызы (бір кабинетте отырғандықтан, өте тығыз қарым - қатынастамыз) өмірден көрген, білгенін, түйгенін айтып, кез – келген жәйттерде, оқиғаларда өз ақылдылығының, көрегендігінің арқасында ақыл – кеңес айтып, өмірімізге бағыт – бағдар беріп отырады. Кез – келген жағдайға, сәтке орай ұйқастырып өлең оқып ала жөнелуі де өз алдына бір ерекшелігі.

Вахтада отыратын Әминә апай, мектептің тазалығына жауапты, Жанар апай, Әминә апай Айтжамал апай, Қарлығаш апай, Гүлнұр апайлардың да еңбегін айтпай кетпеуге болмайды. Осы кісілердің арқасында мектеп әркезде жарқырап, мұнтаздай тап – таза болып тұрады.

Топырағы қасиетті Ертіс бойында орналасқан, саналы ғана ғұмыры бар мектебімнің мерейтойы құтты болсын! Осындай кереметтей мектепте, еш жерден табылмас, мықты, берік, жанашыр да қамқор ұжымның жанында, дарынды да талантты оқушылардың ортасында жүргенім үшін өзімді бақытты сезінемін. 10 жылдық тарихы бар мектептің өткенінен күткені көп. Сондықтан да мектептің алар асулары әлі де алда. Сол жолда мектептің барлық шығармашыл ұжымына мықты денсаулық, шалқар шабыт,

зейінді де зерделі, дарынды шәкірттер тілеймін. Мәртебен мен мерейің асқақтай берсін, сүйікті мектебім!!!

Школа, устремленная вперед



Хасанова Сауле Бариевна
ағылшын тілі мұғалімі

Жас дарын в моем представлении это школа, устремленная только вперед, завоевывающая высоты в казахстанском образовании. За короткий срок мы достигли небывалых результатов, став первой школой области по итогам ЕНТ. Наши ученики участвуют во всевозможных конкурсах в дальнем и ближнем зарубежье, каждый раз подтверждая свои основательные знания. Я думаю, что у этой школы великое будущее, потому как выбранный курс развития снова и снова доказывает, что мы на правильном пути. Наши выпускники учатся в лучших вузах республики и не только. Это будущее Казахстана, его элита, способная поднять престиж своей родины в мировых масштабах. Сама мысль о том, что мы имеем возможность внести *такой* вклад в систему образования, придает море энтузиазма, сил, энергии. В нашей школе созданы все условия для развития творческого и профессионального потенциала учителей. В частности, у нас есть несколько интерактивных досок нового поколения, мультимедийные кабинеты, практически у каждого учителя имеется свой компьютер. Кабинеты полностью укомплектованы новой мебелью, их интерьер тщательно продуман, все выдержано в единой цветовой гамме. В каждом кабинете имеются информационные стенды, где без труда можно найти необходимые сведения, а также и интересные познавательные факты. Наша школа напоминает мне маленький уютный дом, где каждый нашел свою нишу. Учителя в нашем коллективе являются настоящими профессионалами своего дела, любящими и совершенствующими его. Многие награждены почетными грамотами республиканского и областного масштаба, являются отличниками образования республики Казахстан. Мои коллеги ежегодно участвуют во всевозможных профессиональных и творческих конкурсах, выигрывая призовые места и устанавливая новые стандарты.

Но, конечно, наше движение вперед не хаотично. Все мы работаем в одном русле, следуем по одному пути. Привести все в одну систему, которая доказала бы свое право на жизнь, подобрать коллектив, создав благоприятную психологическую обстановку, разработать перспективный план развития школы, соответствующий реалиям современного рыночного общества и включающий в себя качество как главный фактор — все это в полной мере удалось нашему директору — Сауле Толегеновне. Она являет собой эталон, образец профессиональных, человеческих и материнских качеств. Ее стараниями в школе трудятся видные ученые нашей области, внося ощутимый вклад в развитие нашего олимпийского резерва, прокладывая нашим детям дорогу на вершину наук.

Я думаю, что у этой школы великое будущее, главное — верить в это.

Өз ісінің білгірі



Мектептегі информатиканы оқытудың негізгі міндеті – ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру, оқу барысында кейіннен қызмет ету саласында да өзін-өзі көрсету, дамыту құралы ретінде компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін үйрету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда, төзім мен ерік-жігері мол, ізденімпаз ұстазымыздың бірі - информатика пәнінің мұғалімі Момынов Қуат Мырзатайұлы.

Момынов Қ. М. Лебязжі ауданында сегіз жылдық мектепті бітіріп, қаламыздағы №3 гимназия интернатының жаратылыстану-математика бағытындағы сыныпта білім алып, 1992 жылы бітіреді. Сол жылы Павлодар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1997 жылы тамамдайды. Ұстаздық еңбек жолын 1997-2000 жылдар аралығында Лебязжі ауданы Потанин орта мектебінде физика және информатика пәндері мұғалімі ретінде жұмыс атқарады. 2000-2003 жылдары Павлодар қаласының №10 Абай мектебінде информатика пәнінен сабақ берді.

Астана қаласындағы «Дарын» ғылыми орталығында «Дарынды балалардың дарындылығын анықтау» тақырыбы бойынша өз біліктілігін арттыруда курстан өтеді. 2003-2005 жылдары Павлодар педагог мамандар біліктілігін арттыру институтында ақпараттық технологиялар орталығы кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарады. Облыстық информатика мұғалімдеріне дәрістер оқып, арнаулы курстар жүргізді. 2005-2008 жылдары ПМПИ-да информатика кафедрасының оқытушысы қызметінде жұмыс атқарды. 2008 жылдан бастап мектебімізде информатика пәні мұғалімі ретінде жұмыс істеуде.

Момынов Қуат Мырзатайұлы жоғары білімді, өз пәнін жетік игерген, тәжірибелі ұстаз. Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану – ұстаз алдына қойылып отырған уақыт талабы. Ю. К. Бабанский: «Сапаны арттыру – нақты жағдайдағы кез-келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау» - деп атаған болатын. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында модульдік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың танымдық әрекетіне қызығушылық тудыра біледі. Оқушылардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, тақырыпты өз беттерінше меңгеруіне, практикадан-теорияға бағытын ұстанып, ой еркіндігіне аса мән береді. Осы бағытта Қуат Мырзатайұлы өз тәжірибесімен алмасу және кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында үнемі облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтымен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Жетістіктері де баршылық. Шәкірттерінің білімін шыңдауға деген құлшынысын үнемі арттыруға бейім. Соның нәтижесінде шәкірттері білім додасынан топ жарып, жүлделі орындарды иеленді. Оқушылары **Жақсылықов Бейбарыс, Қайырбаев Темірлан облыстық олимпиадада II орынды** жеңіп алды. (2009ж.)

Жемісті күтіп баптасаң ғана - өнім беретін секілді, шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз ғана жетістікке жетері анық.

Ұлы ғұлама А. Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика мен методикадан хабары бар оқыта білетін мұғалім» деген екен.

Қ. Мырзатайұлы теорияны практика жүзінде ұштастыра білетін, үнемі ізденіс үстінде жүретін ұстаз. Мектепшілік, қалалық, облыстық, аймақтық іс-шараларға, оқушыларын үнемі қатыстырып қана қоймай, өзі де белсенді қатысады. 2009 жылы **V облыстық мұғалімдер пәндер олимпиадасына** қатысып жүлделі **II орынға** ие болды. Ұстаздың шығармашылықпен жүйелі еңбек етуі өз нәтижесін беруде. 9-сыныптарға арналған программалау тілін оқыту электронды оқулық құралын жасады. ҰБТ кезінде **Білім және ғылым министірлігінің программисі** қызметін атқаруға белсене қатысып, Білім беру министрлігінен «Алғыс хат»-пен марапатталды. **«Сәтбаев оқулары»** атты

халықаралық ғылыми-конференциясында «Қашиқтан оқытудың сапалық критерийлерін анықтау» атты мақаласы жарияланды (2008ж).

Егеменді еліміздің болашағы құтты, тұғырлы, мықты болуы үшін өз ісіне берілген осындай ұстаздарымыз көбірек болсын.

Бекібаева С.Ғ.- қазақ тілі пәнінің мұғалімі

С детства мечтала быть учителем...

**Жунусова Ж. Ж.-учитель математики
Школы «Жас дарын»**



С детства мечтала быть учителем. Проходя практику в одной из общеобразовательных школ города Павлодар, уже на последнем курсе, вдруг поймала себя на мысли, что не только не хочу быть учителем, но даже не хочу заниматься этой областью деятельности. Практику сдала на «5», но вместе с оценкой в зачетке унесла с собой ужасные воспоминания и мысли, о том, что выбрала не ту профессию. Думала о рутинности работы, о не перспективности, о том, что год за годом, занимаясь одним и тем же, не смогу развиваться ни профессионально, ни социально, ни говоря уже о личном росте. Но кризис не тётка и выбирая между школами, обратила внимание на название школы «Жас дарын». Хочу выразить огромную благодарность руководству школы, за то, что не побоялось взять на работу молодого специалиста без стажа работы, без опыта. За год работы в школе, я поняла, что мне ужасно повезло. Ни один день не похож на предыдущий. Можно только удивляться тому, насколько может быть разнообразна работа учителя! Сколько нового и полезного приносит каждый день, сколько возможностей и перспектив. Предоставлены все условия для получения дополнительного образования, повышения квалификации. Здесь учатся самые лучшие дети, действительно одаренные. Каждый ребенок уже личность. Здесь работают самые талантливые преподаватели, которые заботятся о том, чтобы каждый учащийся выбрал свой единственный и верный путь.

Конечно, мне многому еще нужно научиться, многое познать, многое освоить. Но будущее меня уже не страшит. Я уверена, что занимаюсь интересным и ,главное, нужным делом.

Керегесі кеңейген іргелі мектеп



**Тұрсынов Ғ.Қ.-қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі**

Көрнекті қаламгер М. Әуезов «Адам баласы жан жемісін таппай, өмірдің терең мағына, шын мақсұтына түсіне алмайды» - деген болатын. Жан жемісі, ең алдымен, оқу, білім, тәрбие десек, сол жемісті берер мәуелі ағашымыз – білім ошақтары емес пе? Павлодар қаласының орталығынан орналасқан «Жас дарын» мектебінің шаңырақ көтергеніне оншақты жылдың жүзі өтсе де, айтуға тұтарлық өзіндік тарихы бар. «Дарындыға дархан жол» деген қағидаға сүйенген мектеп ұстаздары оқу-тәрбие саласында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Мектептегі әр ұстаз үлкен жүректілігімен, сауаттылығымен өз шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, оның өмірге нық қадам басып, нағыз Адам болып қалыптасуына, жан-жақты еңбек етуде. Оқушыларға заман талабына сай тиянақты білім беру, оқыту мәселесінің негізгі бағыт бағыдары деп санайтын іргелі мектеп ұжымындағы отыздан

астам мұғалімдердің барлығы өз істерінің хас шеберлері. Бұл – ұжымның ортақ мерейі. Мектептегі әр оқушыны жеке тұлға ретінде зерттеп, оқушыларды шығармашылыққа баулып ғылыми қоғамның жұмысын жетілдіру, түрлі білім додаларында жоғарғы көрсеткіштерге жету – мектеп ұстаздарының басты мақсаттарының бірі. Ал оқу ордасының білім беру тұжырымдамасының негізінде мемлекеттік стандартты меңгерумен қатар, ағылшын тілі, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, биология, информатика пәндерін ғылыми тұрғыдан тереңдете оқытып, заман талабына сай білікті де білімді, дарынды, іскер шәкірттерді тәрбиелеу көзделген.

Шәкірттер мен ұстаздардың бір-біріне деген осындай құрмет, адал сенімі бар жерде білім қайнарынан сусындап жүрген ұл-қыздардың қашанда ел сенімін ақтар саналы азаматтар болып шығатынына менің күмәнім жоқ.

Мектеп алғашқы қадамдарын сәтті бастап, бүгінде мемлекетіміздің «Он үздік білім ордасы» атанып, әлі де үздіксіз дами отырып, жас ұрпаққа өмірлік азық, болашаққа темірқазық болатын сапалы білім мен біліктілік сыйлауды жалғастыра бермек.

Химия пәнінен үшінші деңгейлі есептерді шешу технологиясынан үлгілер

(Павлодар қаласының “Жас дарын” мамандандырылған мектебінің жоғары санатты химия пәні оқытушысы Әлібеков Мұрат Сабырұлы)

Тереңдете оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады.

Бұл жағдай :

- а) оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;
- ә) алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;
- б) оқу процесінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;
- в) бағалаудың жетелеушілік қасиеті;
- г) тереңдете оқытудың әдіс – тәсілдерін қолдануға ыңғайлы жағдайлар жасалуы, т.б. себептерге байланысты оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды.

Меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ендеше тереңдете оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге, оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етеді.

Тереңдете оқыту негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі:

- жеке құрылымдарға бағдар беру;
- білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы.

Оқушылар бір сыныпта, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әртүрлі деңгейде игере алуы деңгейлік саралау деп аталады. Сондықтан міндетті дайындық деңгейі анықтаушы шарт болып табылады. Міндетті дайындық деңгейіне жету оқушының мазмұнды игеруге қойылатын ең аз қажетті талаптарды орындағанын сипаттайды. Осының негізінде материалды игерудің жоғарырақ деңгейлері қалыптасады.

Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:
I – деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;

3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;

II – деңгейдегі тапсырмаларға :

1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар.

III – деңгейдегі тапсырмаларға :

1) танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;

2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен шешілетін есептер;

3) Ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

IV – шығармашылық деңгей тапсырмалары:

1) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірбиесі мен қалыптас-тырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін бомаған, белгілі бір дәреже-де олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.

2) олимпиадалық есептер;

3) берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, докладтар дайындау.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Тапсырмаларды деңгейге бөліп берудегі мақсат – сынып оқушы-ларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау;

- бірінші деңгейдің тапсырмаларын орындап үлгерген оқушылар екінші деңгейдің тапсырмаларын;

- екінші деңгейдің тапсырмаларын орындаған оқушылар үшінші деңгейлердің тапсырмаларын орындайды;

Үшінші деңгейдің ізденуді қажет ететін тапсырмаларын, әрине дарынды да, еңбекқор оқушы орындай алады.

Қандай оқушы болмасын, мысалы өзінің жақсы оқитындығына қарамастан жұмысын «оқушылық», «міндетті», бірінші деңгейдің, ол үшін жеңіл болса да тапсырмаларын орындаудан бастайды.

Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап, әр қайсысы, білім игерудегі өз қабілетіне қарай, өз биігіне жетеді.

Бір деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап, өткізбегенінше, келесі деңгейге көшпейді. «Міндетті» деңгейді толық меңгергеннен кейін оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне - өзінің сенімі артады.

Олардың әрқайсысы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы.

Осылайша, бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып, өз қабілетін де жетілдіреді. Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының күнделікті мақсатына айналады.

Үшінші деңгейлік тапсырмаларға мынадай есептерді ұсынуға болады:

1. Құрамында 0,1 молярлы 200 мл мыс (II) нитраты және 0,1 молярлы 300 мл күміс нитраты бар ерітінді күші 4 А токпен 965 с электролизделінді. Электролиз аяқталғаннан соң ерітіндіде қай тұздан, қанша мөлшерде (г) қалатынын анықтаңдар.

А) $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$; 0,94

В) AgNO_3 ; 0,94

С) электролизден соң ерітіндіде тұз қалмайды

D) AgNO_3 ; 5,1

E) $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$; 2,82

Шешуі:

Берілгені:

$C_m(\text{Cu}(\text{NO}_3)_2) - 0,1\text{M}$

$V(\text{Cu}(\text{NO}_3)_2) - 200 \text{ мл}$

$C_m(\text{AgNO}_3) - 0,1\text{M}$

$V(\text{AgNO}_3) - 300 \text{ мл}$

$I - 4 \text{ A}$

$t - 965 \text{ c}$

табу керек: тұз - ?

$m(\text{тұз}) - ?$

- 1) Ерітіндінің молярлық концентрациясы формуласы бойынша ерітіндідегі әр бір тұздың массасын анықтаймыз:

$$C_m = \frac{m \cdot 1000}{MV} \rightarrow m(\text{Cu}(\text{NO}_3)_2) = \frac{C_m MV}{1000} = \frac{0,1 \cdot 188 \cdot 200}{1000} = 3,76 \text{ г}$$

$$C_m = \frac{m \cdot 1000}{MV} \rightarrow m(\text{AgNO}_3) = \frac{C_m MV}{1000} = \frac{0,1 \cdot 170 \cdot 300}{1000} = 5,1 \text{ г}$$

- 2) Катодта металл иондарының тотықсыздану реті олардың стандарттық электродтық потенциалдар қатарындағы орнына тәуелді. Бұл қатарда күміс ионы мыс ионынан кейін орналасқан, сол себепті бірінші орында күміс иондары тотықсызданады.

Фарадей формуласы бойынша 5,1 г күміс нитратын электролиздеуге қажетті ток күшін анықтаймыз:

$$m(\text{AgNO}_3) = \frac{i \Delta t}{96500} \rightarrow i = \frac{m \cdot 96500}{\Delta t} = \frac{5,1 \cdot 96500}{170 \cdot 965} = 3 \text{ A}$$

- 3) 4 A токтың 3 A і күміс нитратын электролиздеуге жұмсалды, қалған токпен қанша массадағы мыс (II) нитратын электролиздеуге болатынын есептейміз:

$$I = 4 - 3 = 1 \text{ A}$$

$$m(\text{Cu}(\text{NO}_3)_2) = \frac{i \Delta t}{96500} = \frac{1 \cdot 94 \cdot 965}{96500} = 0,94 \text{ г}$$

- 4) Ерітіндіде қалған тұз - мыс (II) нитраты, оның массасы:

$$m = 3,76 - 0,94 = 2,82 \text{ г}$$

Жауабы: E

Ескерту: тұздардың эквиваленті мына формуламен анықталады:

$$\Delta_{(\text{тұз})} = \frac{M_{(\text{тұз})}}{N_{\text{Me}} \cdot B_{\text{Me}}} = \frac{188}{1 \cdot 2} = 94$$

2. Күміс нитратының 136 мл ($\rho = 1,25 \text{ г/мл}$) 10% - ды ерітіндісіне массасы 10 г мыс тақташа (пластинка) салынды. Мыс тақташаның массасы 12,28 г болғанда ерітіндіден алынды. Ерітіндіге өткен мыстың, бөлінген күмістің массаларын (г) және ерітінді құрамында қалған күміс нитратының массалық үлесін (%) есептеп табындар ($A_r(\text{Cu}) - 63,5$; $A_r(\text{Ag}) - 107,87$).

A) $m(\text{Cu}) - 3,42$; $m(\text{Ag}) - 5,54$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 8,13\%$

B) $m(\text{Cu}) - 3,26$; $m(\text{Ag}) - 5,54$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 4,93\%$

C) $m(\text{Cu}) - 3,16$; $m(\text{Ag}) - 5,45$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 5,25\%$

D) $m(\text{Cu}) - 4,26$; $m(\text{Ag}) - 7,04$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 6,43\%$

E) $m(\text{Cu}) - 3,26$; $m(\text{Ag}) - 5,54$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 7,93\%$

Шешуі:


Берілгені:

 $\omega_1(\text{AgNO}_3) - 10,0\%$ $V(\text{AgNO}_3) - 136,0 \text{ мл}$ $\rho - 1,25 \text{ г/мл}$ $m_1 - 10,0 \text{ г}$ $m_2 - 12,28 \text{ г}$ табу керек: $m(\text{Cu}) - ?$ $m(\text{Ag}) - ?$ $\omega_2(\text{AgNO}_3) - ?$

1) Ерітіндідегі күміс нитратының массасын мына формула бойын-

$$\text{ша табамыз: } \omega = \frac{m \cdot 100}{\rho \cdot V} \rightarrow m(\text{AgNO}_3) = \frac{\omega \cdot \rho \cdot V}{100} = \frac{10 \cdot 1,25 \cdot 136}{100} = 17 \text{ г}$$

2) Мыс тақташа ерітіндіге батырылғанда мынадай реакция жүреді:



3) Мыстың қанша мөлшері (моль) еритінін және күмістің бөлінген мөлшерін мына теңдеу бойынша анықтаймыз:

$$\text{a) } v = \frac{m}{M} \rightarrow m = vM$$

$$\text{ә) } 10 - 63,5v + 107,87v = 12,28$$

$$44,37v = 2,28$$

$$v = 0,0514 \text{ моль}$$

4) Ерітіндіге өткен мыстың массасы:

$$m(\text{Cu}) = vM = 0,0514 \cdot 63,5 = 3,26 \text{ г}$$

Бөлінген күмістің массасы:

$$m(\text{Ag}) = vM = 0,0514 \cdot 107,87 = 5,54 \text{ г}$$

5) Ерітіндіде қалған күміс нитратының массасы:

$$m(\text{AgNO}_3) = 17 - vM = 17 - 0,0514 \cdot 169,87 = 8,27 \text{ г}$$

6) Реакциядан кейінгі ерітіндідегі күміс нитратының массалық үлесін есептейміз:

$$\omega_2(\text{AgNO}_3) = \frac{m_2(\text{AgNO}_3) \cdot 100}{\rho \cdot V + m(\text{Cu}) - m(\text{Ag})} = \frac{8,27 \cdot 100}{1,25 \cdot 136 + 3,26 - 5,54} = 4,93\%$$

Жауабы: $m(\text{Cu}) - 3,26$; $m(\text{Ag}) - 5,54$; $\omega_2(\text{AgNO}_3) - 4,93\%$ **Ескерту:** Бастапқы ерітіндінің массасы еріген мыстың есебіне

артады, ал ерітіндіден бөлінетін күмістің есебіне кемиді.

$$M_1 = \rho \cdot V = 1,25 \cdot 136 = 170 \text{ г};$$

$$M_2 = M_1 + m(\text{Cu}) - m(\text{Ag}) = 167,72 \text{ г}$$

3. Мыс (II) сульфатының 20% - ды 400 г ерітіндісін инертті электродта ерітінді массасы 76 г ға азайғанға дейін электролиздеді.

Электродтарда бөлінген заттардың массаларын (г) анықтандар:

1) катодта 32 г мыс; 2) катодта 8 г мыс; 3) катодта 4 г сутегі;

4) анодта 40 г оттегі; 5) анодта 32 г оттегі; 6) анодта 8 г оттегі

А) 3, 5

В) 1, 6

С) 2, 3, 6

Д) 1, 3, 4

Е) 1, 5

Шешуі:

Берілгені:

 $\omega(\text{CuSO}_4) - 20,0\%$

$$m(\text{CuSO}_4) - 400,0 \text{ г}$$


$$m - 76,0 \text{ г}$$

табу керек: $m(\text{заттар}) - ?$

- 1) Ерітіндідегі мыс (II) сульфатының массасын мына формула

$$\text{бойынша табамыз: } \omega = \frac{m \cdot 100}{M} \rightarrow m(\text{CuSO}_4) = \frac{\omega \cdot M}{100} = \frac{20 \cdot 400}{100} = 80 \text{ г}$$

- 2) Электролиз теңдеуін түземіз:




$$320 \text{ г} \text{ ————— } 128 \text{ г} \text{ — } 32 \text{ г}$$

$$80 \text{ г} \text{ ————— } x_1 \text{ г} \text{ — } x_2 \text{ г}$$

$$x_1 = 32 \text{ г} \quad x_2 = 8 \text{ г}$$

$$M = 76 - 32 \text{ г} (\text{Cu} \downarrow) - 8 \text{ г} (\text{O}_2 \uparrow) = 36 \text{ г}$$

- 3) Есептің шартында ерітінді массасы 76 г ға азайған, демек электролизде тұздан басқа су молекулаларыда (36 г) тотығу-тотықсыздану реакциясында қатысқан:



$$36 \text{ г} \text{ ————— } 4 \text{ г} \text{ — } 32 \text{ г}$$

$$36 \text{ г} \text{ ————— } x_1 \text{ г} \text{ — } x_2 \text{ г}$$

$$x_1 = 4 \text{ г} \quad x_2 = 32 \text{ г}$$

- 4) Электродтарда бөлінген заттар:

а) мыс – 32 г

ә) оттегі – (8 + 32) = 40 г

б) сутегі – 4 г

Жауабы: D

4. 60% ды ерітінді түзілуі үшін күкірт қышқылының 20% ды 300 грамм ерітіндісіне қанша литр (қ.ж.да) күкірт триоксидін сіңіру қажет ?
 А) 192,00
 В) 67,72
 С) 53,76
 D) 235,2
 Е) 105,42

Шешуі:

Берілгені:

$$\omega_1(\text{H}_2\text{SO}_4) - 20,0\%$$

$$M(\text{H}_2\text{SO}_4) - 300,0 \text{ г}$$


$$\omega_2 - 60,0\%$$

табу керек: $V(\text{SO}_3) - ?$

- 1) Берілген ерітінді құрамындағы қышқылдың массасын мына формуламен анықтаймыз:

$$\omega_1 = \frac{m \cdot 100}{M} \rightarrow m_1(\text{H}_2\text{SO}_4) = \frac{\omega \cdot M}{100} = \frac{20 \cdot 300}{100} = 60 \text{ г}$$

- 2) Күкірт триоксиді суда ерігенде күкірт қышқылы түзіледі, мына теңдеу бойынша төмендегідей пропорция түземіз:



$$80 \text{ г нан} \text{ ————— } 98 \text{ г түзіледі}$$

$$x \text{ г нан} \text{ ————— } y \text{ г түзіледі}$$

$$y = \frac{98 \cdot x}{80} = 1,225x \text{ г}$$

- 3) Енді мына формула бойынша есептеулер жүргіземіз:

$$\omega_2 = \frac{(m_1 + y) \cdot 100\%}{300 + x} \rightarrow 60 = \frac{(60 + 1,225x) \cdot 100\%}{300 + x}$$

$$60(300 + x) = (60 + 1,225x)100$$

$$18000 + 60x = 6000 + 122,5x$$

$$18000 - 6000 = 122,5x - 60x$$

$$12000 = 62,5x$$

$$x = 192 \text{ г}$$

4) Табылған массаны көлемге аударамыз:

$$\text{a) } \nu = \frac{m}{M} = \frac{192}{80} = 2,4 \text{ моль}$$

$$\text{ә) } \nu = \frac{V}{V_m} \mapsto V = \nu \cdot V_m = 2,4 \cdot 22,4 = 53,76 \text{ л}$$

Жауабы: C

5. 60% ды ерітінді дайындау үшін 500 г суға қанша грамм олеум $\text{H}_2\text{SO}_4 \cdot \text{SO}_3$ қосу қажет ?

- A) 984,0
- B) 850,0
- C) 500,0
- D) 780,0
- E) 600,0

Шешуі:


Берілгені:

$\omega(\text{H}_2\text{SO}_4) - 60,0\%$

$M(\text{H}_2\text{O}) - 500,0 \text{ г}$

табу керек: $m(\text{H}_2\text{SO}_4 \cdot \text{SO}_3) - ?$

1) Олеум суда ерігенде мынадай процесс жүреді:



178 г $\text{H}_2\text{SO}_4 \cdot \text{SO}_3$ тен ————— (98 + 98) = 196 г түзіледі

x г нан ————— y г түзіледі

$$y = \frac{196x}{178} = 1,1x \text{ г } \text{H}_2\text{SO}_4$$

2) Енді мына формула бойынша есептеулер жүргіземіз:

$$\omega_1 = \frac{y \cdot 100\%}{500 + x} \rightarrow 60 = \frac{1,1x \cdot 100\%}{500 + x}$$

$$60(500 + x) = 1,1x100$$

$$30000 + 60x = 110x$$

$$30000 = 110x - 60x$$

$$30000 = 50x$$

$$x = 600$$

Жауабы: E

6. Ас тұзы ерітіндісін электролиздегенде 2,8 л (қ. ж. да) хлор бөлінді. Түзілген ерітіндіге 7,75 г фосфорға концентрірлі азот қышқылы әсер еткенде түзілген фосфор қышқылы қосылды. Соңғы ерітіндіде түзілген тұздың массасын (г) есептеп табыңдар.

- A) 30,00
- B) 34,00
- C) 45,48
- D) 58,00

Е) 25,25

Шешуі:


Берілгені:

$V(\text{Cl}_2) - 2,8 \text{ л}$


$m(\text{P}) - 7,75 \text{ г}$

табу керек: $m(\text{тұз}) - ?$

- 1) Ас тұзының электролиз теңдеуін жазып, түзілген ерітіндідегі сілтінің массасын табамыз:



- 2) Фосфордың концентрілі азот қышқылымен әрекеттесу теңдеуі бойынша түзілген фосфор қышқылының массасын есептейміз:






- 3) Түзілген сілті мен қышқылдың мөлшерін анықтаймыз:


$$v = \frac{m}{M} = \frac{10}{40} = 0,25 \text{ моль NaOH}$$

$$v = \frac{m}{M} = \frac{24,5}{98} = 0,25 \text{ моль H}_3\text{PO}_4$$

- 4) Фосфор қышқылы үш негізді қышқыл болғандықтан, ол үш түрлі тұз түзеді:



Соңғы теңдеуде заттардың 1 : 1 моль қатынаста әсерлесуі көрініп тұр, осы теңдеу бойынша түзілген тұздың массасын табамыз:



$$v = \frac{m}{M} \rightarrow m(\text{NaH}_2\text{PO}_4) = v \cdot M(\text{NaH}_2\text{PO}_4) = 0,25 \cdot 120 = 30 \text{ г}$$

А.Х.Сумбаева. «Жарықтың интерференциясы. Жарық толқындарының дифракциясы» тақырыбына арналған физика пәнінен сабақ жоспары

Сабақтың түрі: аралас

Сабақтың мақсаты:

- интерференция, дифракция құбылыстарының физикалық мағынасын ашу;
- тұрақты интерференциялық бейне алу шарттарын түсіндіру;
- алған білімдерін есеп шығаруда қолдана білуге үйрету;

- логикалық ойлау, эксперимент құрастыру дағдыларын, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін дамыту;
- қарым – қатынас мәдениетін және жинақылыққа тәрбиелеу.

Әдістер: көрнекілік, практикалық, репродуктивтік және продуктивтік.

Формасы: фронталдық, жеке, топтық.

Сабақтың міндеттері:

- « когерентті жарық көздері », « когеренттік толқындар », « жол айырымы », « интерференция », « дифракция » - түсініктерін енгізу;
- Интерференциялық және дифракциялық бейнелердің пайда болуын түсіндіру;
- Интерференциялық тақ және тіп шарттарын ашу.
- Юнг тәжірибесін түсіндіру;
- Френель биризмасының құрылысын және жұмыс істеу принципін таныстыру;
- Дифракцияның әртүрін көрсету;
- Қоршаған ортадағы интерференция мен дифракцияны анықтау білуге және түсіндіре білуге үйрету;
- Интерференцияны техникада қолдану;

Құрал - жабдықтар:

1. Компьютер: Windows 2000/XP, Internet Explorer 6.0, Pentium-150, 200 Мб еркін дискілік кеңістік, 64 Мб оперативтік жады, CD-ROM, бейнепроектор, экран.
2. Мультимедиялық курс *«Открытая физика. Ч. 1, 2. Версии 1.1.»* (Долгопрудный: Компания «Физикон», 1996 - 2001).
7–11 сыныптар. Базалық және бейіндік курс.

Тараулар:

А. Ньютон сақиналары.

Б. Юнг тәжірибесі.

В. Френель зоналары.

Г. Әртүрлі кедергілерден алынған дифракциялық картиналар.

3. 1С: Репетитор. Физика: версия 1.5 (разработчик: АОЗТ «1С» – Долгопрудный: Компания «Физикон», 1997- 2001).

Тараулар:

А. Интерференциялық жолақтардың пайда болу шарты.

4. « Жарықтың интерференциясы мен дифракциясы » презентация.
5. Фронталдық жұмыс үшін: капрон лента, грампластинка, екі жазық шыны, қара қағаз (тілігі бар)

I Ұйымдастырушылық кезең. Сабақтың міндеттерін қою (1 минут)

II Фронталдық қайталау. Сабақтың міндетін өзектілендіру (5 минут)

1. Жарық деген не?
2. Жарықтың электромагниттік толқын екендігі қалай дәлелденді?
3. Вакуумдегі жарық жылдамдығы қандай?
4. Жарықтың дисперсиясы деген не?
5. Дисперсиялық картина деген не?
6. Неге тек өте жіңішке жарық шоғы спектрге жіктеледі, ал кең жарық шоғының тек шеті ғана боялады?

III Жаңа тақырып игеру (25 минут)

(лекцияның мазмұны)

- 1) Когеренттік толқындар түсінігі.
coherens – (лат.) үйлескен немесе үйл

Когерентті толқындар - деп жиіліктері бірдей, ал фазалар айырымы барлық уақытта тұрақты болып қалатын толқындарды айтады.

Слайд.

- Толқындардың ұзындықтары бірдей;
- Толқындардың формасы уақыт өтуімен өзгереді;

$$\lambda_1 = \lambda_2$$

- Фазалар айырымы тұрақты немесе нөлге тең;


2) Механикалық толқындар интерференциясы

Слайд.

«интерференция» түсінігі

Inter- өзара (лат.)

Ferio – соғыламын(лат.)




Интерференция- толқындар қосылуының нәтижесінде ортаның кейбір нүктелерінің тербеліс амплитудасының артуы, ал кейбір нүктелерінің тербеліс амплитудасының азаяуы.

3) Толқындық ваннаның көмегімен тәжірибе жасау.

Су бетінде дөңгелек толқындарды көруге болады, олар бір – бірімен қосылып ақ – кара жолақтардың пайда болуына әкеліп соғады олар маңындағы су бетінде ұйытқулар болмайтынын көруге болады.

Слайд

Егер M нүктесіне бір толқынның өркеші мен басқа толқынның шұңғымасы сәйкес келсе (яғни толқындар фазасы қарама - қарсы), онда тербелістер өзара әлсірейді су бөлшектері тербелмейді және су беті қозғалыссыз болады. Бұл жағдай интерференциялық минимум деп аталады да оны мына схема түрінде түсіндіруге болады:



Толқынның жол айырымы жарты толқынның тақ санына тең

Слайд

$$\Delta d = (2k + 1) \lambda / 2,$$


где $k = 0, 1, 2, \dots$



Егер бірдей уақыт аралығында өркеші немесе екі толқын шұңғымасы бөлшектерінің тербеліс амплитудасы екі еселенеді.

бір нүктеде екі толқын кездессе, онда су

Бұл жағдай интерференциялық максимумға сәйкес келеді:



Толқынның жол айырымы толқынның бүтін санына немесе жарты толқынның жұп санына тең:

$$\Delta d = 2 k \lambda / 2 \quad \text{или} \quad \Delta d = k \lambda, \text{ где } k = 0, 1, 2, \dots$$

Су бетіндегі әр түрлі нүктелердегі қорытқы толқынның амплитудасы «0»-ден екі еселенген амплитудаға дейін өзгереді де, сонан соң уақыт өтуімен бұл нүктеде өзгермейді.

Су бетіндегі максимумдар мен минимумдар орналасуы өзгермейді. Яғни, интерференциялық картина тұрақты.

4). Жарық толқындарының интерференциясы.

«Жарық жарықпен қосылғанда түнек пайда болатынын кім білген. Міне гипотезалар ішіндегі ең кереметі!...»

« Вот бесспорно

самая странная из гипотез!..

Кто бы мог подумать, что свет, слагаясь со светом, может вызвать мрак?».

Д.Ф. Араго.

Араго (Arago) Доминик Франсуа (26.2.1786 — 2.10.1853, Париж),

Француз астрономы, физик және саяси қайраткер.

Жарықтың екі шоғының қосылуы жарықтың күшеюіне немесе әлсіреуіне әкеліп соғады. Тіпті мына жағдайға әкеліп тірейді

«жарық» + «жарық» = «түнек».

(1С: Репетитор. А. Интерференциялық жолақтардың пайда болу себептері.)

Егер жарықтың интерференциясын түсіндіру үшін бір –біріне байланысы жоқ жарық көздерін алса (екі қыздыру шамы), онда экранда жарықтың күшеюін немесе әлсіреуін байқауға болмайды. Екі жарық шоғының кездескен жерінде беттің бірқалыпты жарықталынуын көруге болады. НЕГЕ?

Себебі кәдімгі жарық көздері шығаратын толқындар үйлеспеген. Олардың бастапқы фазалары хаосты өзгереді. Сондықтан кеңістіктің әр нүктесіндегі қорытқы толқынның амплитудасы хаосты және тез өзгереді. Адам көзі инерциалды және амплитуданың орта мәндерін ғана қабылдайтындықтан интерференциялық сурет пайда болмайды.

Интерференциялық сурет тек үйлескен (когерентті) жарық толқындары қосылған кезде пайда болады.

Егер жарық көзінен шыққан жарық шоғын қандай – да бір жолмен екі шоққа бөліп сонан соң екі шоқты біріктірсе интерференциялық сурет пайда болады.

Слайд.

Томас Юнг (1773 – 1829г.г.).

Т.Юнгтің өмірлік девизи:


« Басқа адамдардың істеген ісін кез – келген адам істей алады».

«Всякий человек может сделать то, что делают другие».

Осы девизін бетке ұстай отырып, ол белгілі дәрігер, керемет физик, астроном, механик, металлург, египтолог, океанограф және ботаник, сол заманның барлықтай музыкалық инструменттерінде ойнай білетін тамаша музыкант, үлгілі суретші тіпті... цирктегі ат үстінде ойын көрсетуші болған.

Слайд.

1802 жылы. Т.Юнг жарық интерференциясын мына қондырғы көмегімен бақылаған:



(«Открытая физика. Б. Юнг тәжірибесі»)

Т.Юнг тәжірибе нәтижесінде:

- Когерентті толқындар;
- Тұрақты интерференциялық картина;
- Әртүрлі жарық түсіне сәйкес толқын ұзындықтарының мәнін алған.

Кәдімгі жарық көздерінің көмегімен интерференциялық суретті қалай алуға болады?

О. Френель бір жарық толқынын екі когерентті толқынға жіктеуді ұсынды. Осы толқындар қосылған кезде тұрақты интерференциялық сурет пайда болады.

Слайд.

Френель Огюстен (1788—1827).

Француз физигі.

Френель толқындық оптиканың негізін қалады. Гюйгенс принципін екінші реттік толқындар интерференциясы идеясымен толықтырып дифракцияның сандық теориясын қалады. Осы принцип негізінде Френельгеометриялық оптика заңдарын түсіндірді. Мыс: Жарықтың біртекті ортада түзу сызықты таралуы. Толқындық бетті зоналарға бөлуге негізделген, дифракциялық суретті жуықтап есептеу әдісінің негізін қалады.

Френель жарық толқындарының көлденеңдігін дәлелдеді.

Өз тәжірибелерінің бірінде, Френель жарық толқынын жарық көзінен негіздері жабыстырылған екі жұқа шыны призманың көмегімен айырды. Мұндай призманы Френель бипризмы деп атайтын болды.

Егер саңылауды монохроматты жарықпен сәулелендірсе (біртүсті) , онда интерференциялық суреттің барлық жарық жолақтары сондай түсті болады.

Егер саңылауды ақ жарықпен сәулелендірсе, онда интерференциялық сурет кемпіркосақ түсті болады: әрбір жарық жолақта қызылдан күлгінге дейінгі біртіндеп ауысу байқалады. Тек орталық ақ жолақ қана қалады.

Қоршаған ортадағы интерференция .

Слайдтар.

❖ Су бетіндегі, асфальттағы кемпіркосақ түсті дақтар.

Түсіндіру: Су бетіндегі жұқа мұнай қабатында жарық толқындары сыртқы және ішкі беттерден шағылады. Шағылған толқындар интерференцияланады: бірін – бірі күшейтеді немесе әлсіретеді. Қорытқы тербеліс амплитудасы жұқа қабыққа жарықтың түсу бұрышына, оның қалыңдығына, жарықтың толқын ұзындығына және сыну көрсеткішіне тәуелді. Сондықтан, ақ жарықпен жарықталынған жұқа түссіз пленка боялғандай болып көрінеді.

Интерференцияны қолдану

Слайдтар.


- Интерферометрлер;
- Интерференциялық микроскоптар;
- Интерференцияны техникада қолдану:
« Оптиканың жарықталынуы»
- Өңделетін беттің сапасын бақылау.
- Голография;
- Прецизиялық өлшеулер;
- Өңделетін беттер сапасын анықтау;
- Астрономиялық өлшеулер;

- Спектралдық прибор – дифракциялық тор

Ньютон сақиналары.

(«Открытая физика. А.Кольца Ньютона».)

Слайдтар



Дифракция.

(лат. *diffractus* — сынық)

Дифракция – толқындардың түзу сызықты таралудан ығысуы, толқындардың бөгеттерді айналып өтуі.

Нақты дифракциялық сурет : егер $\lambda \geq$ бөгет өлшеміне.


Френель теориясы.

(Открытая физика. В. Френель зоналары

Г. Әртүрлі бөгеттерден дифракциялық суреттер)

1. Дифракцияның әртүрлі жағдайларын зерттеді (сымнан, дөңгелек саңылаудан, дөңгелек экраннан)

Слайд.



2. Дифракцияның сандық теориясын құрды.
3. Біртекті ортада жарықтың түзу сызықты таралуын түсіндірді.

Егер жарық толқынынан оларға кездесетін бөгеттердің өлшемі көп үлкен болса, онда геометриялық оптика заңдары дәл орындалады.

Қоршаған әлемдегі дифракция.

Слайдтар.

- ❖ Құстар, көбелектер, қоңыздардың дифракциялық боялуы. Павлиндер, фазандар, колибрилердің дифракциялық түстерінің әртүрлілігі.

IV Есептер шығару. (12 минут)

1. Френель қызыл жарықты қолдана отырып, айналардың көмегімен интерференциялық сурет алды. Егер күлгін жарықты қолданатын болса, онда интерференциялық жолақтар қалай өзгереді?

(жолақтар бір- біріне жақын орналасады)

2. Екі когерентті жарық толқындары интерференция нәтижесінде кеңістіктің бір облысында өзара жұтылады.Бұл толқындардың энергиясы қайда кетті?

(Кеңістікте қайта таралады)

3. Жұқа пленкалар түсі (су бетіндегі бензин пленкасы) кемпірқосақ түстерінен айрықшалаанады.Неге?

(Интерференция кезінде кейбір жарық толқындары сөнеді; жұқа толқындардан шағылған жарық монохроматты емес).

4. Өлшемі 0,3мк бөлшектер микроскопта көрінбейді?

(Дифракция. Жарық бөлшектерді айналып өтеді.)

5. Егер қыздыру шамының қылына көзді сығырайтып қараса, онда қыл ақшыл жарқыраумен қоршалғандай болып көрінеді.Неге?

(Саңылудағы дифракция.сығырайған көздің қабағының арасында пайда болады және кірпік дифракциялық тор рөлін атқарады)

6. Аязды күні шыныға дем алу керек. Пайда болған мұз кристалдарының жұқа плнкасы арқылы жарқыраған шамдарға қара. Сен олардың кемпірқосақ түсті дөңгелекпен қоршалғанын көресің. Неге? (көгілдір – көктен (шамның қасында) сарғыш – қызылға дейін (алыста))

(Өртекті ортадағы жарық дифракциясы).

V Үй тапсырмасы. Сабақты қорытындылау(2 минут)

«Теңдеулер, теңсіздіктер» тақырыбына технологиялық карта



(Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебінің математика пәні мұғалімі А.Қ.Хабылбекованың тәжірибесінен)

Білім - терминдер -теңдеу, теңсіздік, түбір, жүйе, шешімі.

Біліктілік -теңдеулермен теңсіздіктер жүйесін шеше алу

Дағды - шешу тәсілдерін тандап ала білу. Жүйелерді шешудің алгоритмін мәтінді (сөз) есептерді шығаруда қолдана алу

Тақырыптардың мазмұны	О.Ү. логикасы		Менгеру деңгейі (мақсаттары)	
	модуль	сабақ	м	ж - м
1.А)Теңдеулер, теңсіздіктер жүйелері тақырыбының мақсатталынған бағдарламасымен танысу. Б)Математика курсындағы теңдеулер, теңсіздіктер жүйелері ұғымының орны, ролі, математикалық аппарат ретіндегі қажеттілігі.	І-Ө Ү К-қ	1	Жабайы теңсіздіктер, теңдеулердің түрлерін, шешу жолдарын, түбір ұғымын қайталау, еске түсіру, шығару алгоритмін анықтау, мысал келтіру, дәлелдеу.	
2.Теңдеулер, теңсіздіктер түрлері, олардың жүйелері математикалық оқыту жүйесінің құрылымының компоненттері (тақырыптық тезаурус). Айнымалы шамалар арасындағы байланыс Теңдеулер, теңсіздіктер түсініктері, олардың жүйелерін шешу жолдары, түрлендірулер үрдісінің басым оқыту құралы ретінде.	ЖТИ	6	Айнымалы шамаларды табу алгоритмін білу, бір айнымалы шаманы екінші айнымалы шама арқылы ауыстырып өрнектеу. Теңдеулер мен теңсіздіктердің жүйелерін шешу тәсілдерін білу.	

3.Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктердің шешу алгоритмін, екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктердің жүйелерін шешу тәсілдерін қолдануда практикалық есептер шығару, жаттығулар жүргізу.	Б	6	Теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін графикалық, ауыстыру, қосу тәсілдері мен шешу жолдарының алгоритмін қолдана алу, жауаптарын дұрыс жаза алу.
--	---	---	--

Ылжытылған	Әдістемелер	Жұмыс түрлері	Бақылау және коррекция
Жүйелердің пайдалы-ғын қажеттілігін болашақта қай, жерде кездесуі мүмкін жағдайларды баяндау, мысал келтіріп, дәлелдеп беру.	1.Модельдік 2.Теңдеулер мен теңсіздіктердің түрлерін, анықтамаларын, қасиеттерін еске түсіру. Мысалдар келтіру.	- Барлық сынып оқушыларымен жұмыс - Жеке дара - Топтық	Рефлексия (тақырыпты игерудің, меңгерудің жоспарын іске асырудағы оқушының құзіретілігі.)
Теңдеулер мен теңсіздіктердің жүйелері арқылы мәтінді (сөз) есептердің тобын шығара алу.	3.Эвристикалық 4.Түсіндірмелі – көрнекілік 5.Мәселелік (мәселе қою, оны шешу)	- Жеке дара жұмыс - Барлық сынып оқушылары мен (лекция) - өзіндік жұмыс	
Жүйелердің шығару тәсілдерін қиындатылған, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға қолдана алу, мәселе есептерді шығара алу.	6.Бағдарламаланған 7.Эвристикалық 8.Ізденіс, жартылай ізденіс	Жеке дара өзіндік жұмыс, жұмыс дәптеріндегі тапс, тест тапсырмаларын орындау, талдау. Практикум	Өзін өзі тексеруге жатжазу. Тест жұмысын орындау А, В, тобындағы есептерді талқылау, салыстыру.

4.Теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуге күрделі есептер , мәтінді (сөз) есептер шығару жаттығулар жүргізу жүйе шешудің	П.Ж.	6	Теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін құру арқылы мәтінді (сөз) есептерді шығара алу шығару жолын дәлелдеп беру дұрыс жауаптарын жаза алу.
---	------	---	---

жолдарын алгоритмін жатқа айтып беру.			
5.Теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін мәтінді (сөз) қиын есептерді шығаруға қолдануды қарастыру графиктерді (сызбаларды) орындау дағдарысының талаптарын қалыптастыру.	Ж Қ	1	Теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешу тәсілдерін тандап алу арқылы теориялық материалмен негіздей отырып жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау. әрбір тәсілдерін ерекшеліктерін атап кету.Кесте құру , күрделі есептер шығару.
6.Әртүрлі деңгейлердегі тапсырмалар (жұмыс дәптерлер,тест тапсырмаларын тобы) бақылау үзіктерін орындау, сынақ жұмыстарын жүргізу арқылы.	Б-Қ	1	1.жатжазу 2.Алгоритм бойынша тірек сөздермен, тұжырымдармен шығару жолын аяқтауды қолдана алу. 3.Тапсырмаларды әр түрлі тәсілдермен орындай алу 4.Тексеруді әр түрлі деңгейде жүргізу.
7.Шешу тәсілдерінің ерекшеліктерін білу,қажетті кезде оларды тиімді пайдалану, қателердің болмауын болжау, алдын ала керекті ұғымдарды еске түсіру.	Кор	1	Шешу жолдарының дұрыстығына көз жігін, қателерді түсіну, жібермеу жолын істестіру,қателердің кету себептерін ашу,ережелермен анық ттапсырмаларды пысықтау.Қателерді топтау жою жолдарын қарастыру.

Мәтіндердің құрлымын жасау, сөз есептердің шығару моделін (үлгісін) беру,басқа жағдайда қолдану экспериментін құру.	- Жеке дара жұмыс - Топтық жұмыс	1.Жұмыс дәптерін, тестілеу өздік жұмыстарды; 2.Өзін өзі тексеру 3.Бірін-бірі тексеру
- Мәселелік - Талдау - Жатжазу - Жинақтау - Біріктіру - Салалау - Салыстыру	- Топтық жұмыс - Жеке дара - Бақылауға дайындық:әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар орындау	Сандық,реттік,салыстырмалы,алдын ала тексеру жұмысын жүргізу,қателерді талқылау.
- Жатжазуды талқылау - Тексерулерге талдау жасау - Болжау	- Барлық сынып оқушылармен - Жеке дара - топтық	Сандық салыстырмалы бағалар

1.Мәселелік 2.Ізденіс, жар тылай-ізден 3.практикалық 4.Өздігімен коррекция жолын болжау, жобалау	• Топтық жұмыс (тегістелеу, қолдану, д амыта алу) • Жеке дара жұмыс	Бағаларды түзету
---	--	------------------

ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА БЕРЕТІН МЕКТЕП

БІЛІМНІҢ БЕСІГІ МЕКТЕП ДЕГЕН...



Мектеп, шәкірт, ұстаз... Осы үш сөздің әрқайсысына жеке-жеке ой толғап, көп нәрсе айтуға болады. Осы үш ұғымның аясына көп ой сыйғызуға болады. Бәрінен де әрбір адам өткеніне үңіле қарағанда, ерекше жылы сезіммен, риясыз көңілмен еске алатын кезі осы мектептегі оқушы кезі. Бір кездегі шәкірт бүгінде мектебімен мақтанса, мектеп шәкіртімен мақтанады...

Сондай шәкірті мектебімен, мектебі шәкіртімен мақтана алатын алтын ұя мектептердің бірі - бүгінгі мерейтойын атап өткелі отырған дарынды балаларға арналған оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін арнайы мектеп. Облысымыздағы іргелі, өзіндік білім-тәрбие өрнегі бар білім ошақтарының бірі.

Мектептің табалдырығынан аттап, ішке енгеннен-ақ тазалықтың, мәдениеттіліктің, шын мәнісіндегі білімнің жылы ұясына енгендей боласыз. Бұл «Сәлеметсіз бе» деп амандасқан оқушылардан да, биязы сөйлескен мұғалімдерден де сезіліп тұрады. Мұндай тәртіп мектепті басқарып отырған білікті басшы мен оны қолдаған ұжымның «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырған» ұйымшылдығының нәтижесінен деп білемін.

Мектепті дарынды балалардың ұстаханасы дерсің. Оқушыларының білімге деген құштарлығын көріп қуанасың. Ғылымға деген ынтасын көріп қызығасың. Өнерін көріп тамсанасың.

Оқушылары түрлі халықаралық, республикалық білім сайыстарында талай жүлделерді алып келеді. Түрлі ғылыми жарыстарда атаулы жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Мұндай жақсы істердің алда да жалғасын табатыны сөзсіз.

Мектептің ұстаздар ұжымының еңбегін ерекше атап өткен жөн. Бар білімін, күш-қайратын жұмсап еңбек етіп жүрген ұстаздарына шәкірттерінің айтар алғысы, көрсетер құрметі шексіз болуы керек.

Ойы терең, өресі биік қазақтың ұл-қыздарын тәрбиелеп, ұядан ұшырып жатқанына қуанамын. Қазақ деген бойында намысы бар ұлтжанды ұрпақтың тәрбиеленіп жатқанына қуанамын.

Мерейтойында тәуелсіз елдің талантты ұрпағының тәрбиесіне сүбелі үлес қосып отырған мектеп ұжымына шығармашылық табыстар тілеймін! Қарыштаған заманның қарымды ұл-қыздарына берген білімдеріңіз сіңісті болып, еткен еңбектеріңіз ақталсын! Өркениетті елдің тізгінін ұстар қылықты қыздар мен ұлықты ұлдардың болашағы жарқын болсын деймін!

Сәрсекес Гүлнәр Әдебиетқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты.

Берекелі бірлік болсын...



Қазақ жаңа қауымының қалыптасуы жас жеткіншектердің қазіргі жетістіктерімен көрініс керек. Жас буын кемел біліммен сусындаса ғана болашақ барысын айқындайды. Бұл да қазіргі өзекті мәселенің бірі. Бірақ қалада қаланған оқу орындарының оның ішінде мектеп базасын материалдық, білімдік тұрғыда нық болуы қазіргі заман сұранысын қанағаттандырып-ақ жатыр.

Сондай білім ошағының бірі, бірі емес бірегейі – Дарынды балаларға арналған оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін жалпы орта білім беретін арнайы мектебі.

Бұл мектеп талай түлектің білімін ұштастырды. Павлодар облысының білім бәсекесінде алдыңғы қатарда болуына өз үлестерін қосқан да осы мектеп оқушылары. Қазақ филологиясының аймақтық дамуында жеке үлестерін қосқан оқушылар қатарында Изғұтты Анияр, Смағұлов Бекзат, Оспанова Әсел бар. Қазір олар өз білімін жоғары оқу орындарында жалғастыруда.

Мектеп білімі мұғалім біліктілігімен танылады. Бұл орайда өзіндік біліми қабілетін көрсеткен жоғары санатты Қабылова Айсұлу Мажитқызы, Арынғазина Әсел Мұратқызы сынды мұғалімдерді атаған жөн.

Бұл 10 жылдан астам тарихқа ие мектеп үшін де абырой.

10 жылдық ғұмыр көп емес. Бірақ бір есеп беретін баспалдақ жолы. Бұл өз кезегінде ұжым басшысының көрегенділігіне, оның шағын және қарымды іс жоспары негізінде жүзеге асады. Дарынды балаларға арналған оқу мемлекеттік тілде жүргізілетін арнайы мектебіне тағайындалған директорлар осал болған жоқ. Алғашқы уығын қадаған Мұқашева Гүлбаршын Жұмажанқызы – үлкен жүректі азамат-тын. Жанына жасты да, ғылыми білімдар адамдарды да тарта білді. Жемісін де жеді, жеңіске де жетті, жеткізді де.

Қазіргі басшы Хасанова Сәуле Төлегенқызының да абыройлы азамат екеніне сөз жоқ. Жаңаланған ғимаратқа орналасып, оқушы білімін ғылымиландыруға да бар күшін салуда. Мұғалім біліктілігін арттыру, әріптестік ынтымақтастық бірлікті нығайту сияқты заманауи талаптар күн тәртібіне қойылған сияқты.

Қорыта келгенде, 10 жас мектеп ғұмыры үшін бір белес. Мұнда оқушының ащы тері мен мұғалімнің сүбелі еңбегі бар. Білім базарына айналған мектеп ұжымына басты тілегіміз сол, бар жетістіктермен тоқталмай, болашақтың білім базасына айналсын! Ең бастысы, қазақ болашағын қалыптастырып отырған бірлік бар. Ал «Бірлік бар жерде, тірлік бар» дейді қазақ. Онда берекелі бірлік болсын, әріптестер!

Сағындықұлы Бекен ф.ғ. докторы, профессор.

Несколько теплых слов о школе «Жас дарын»



Мне посчастливилось работать в школе «Жас дарын» с сентября 2002 года. Именно посчастливилось, потому что такого доброжелательного коллектива, таких воспитанных, вежливых, порядочных, по-настоящему интеллигентных детей, родителей я не встречала ни в одной другой школе нашего города за 20 лет работы в народном образовании и лучших школах области.

Поэтому я благодарна первому директору Мукашевой Гульбаршин Жумажановне, которая пригласила меня семь лет назад в эту школу. Хасановой Сауле Тулегеновне, с которой с первого дня моей работы в школе мы всегда находили общий язык и как коллеги, и как люди, и как женщины, и просто как добрые друзья, мы не прекращали общаться даже тогда, когда Сауле Тулегеновна работала директором 35-ой школы.

Я всегда знала, что могу обратиться к этому человеку и рассчитывать на её помощь и поддержку. Это Человек с большой буквы! Удивительно, что будучи директором такой школы, ученики которой добиваются таких потрясающе высоких результатов во всём, что касается и учебной, и внеучебной деятельности, Сауле Тулегеновна остается скромной, доброй и даже застенчивой женщиной, что само по себе редкость для нашего времени и тем более для человека такого ранга!

Особо хочется сказать и о Рахимжановой Армангуль Сартаевне, с которой по учебной работе я сталкиваюсь особенно часто. Это настолько творческий, прогрессивно мыслящий, неординарный человек, который способен увлечь за собой коллектив учащихся, педагогов, именно благодаря её творческой энергии, рабочему энтузиазму, обаянию, положительной энергетике, учащиеся школы занимают такие высокие места на самых престижных конкурсах в городе, области, республике и мире! Она удивительно чутко может почувствовать человека, подсказать сомневающемуся ребенку, в какой отрасли науки он может наиболее полно раскрыть свой талант, неслучайно, все дети, которым она предлагает дополнительно и углубленно заниматься тем или иным предметом, связывают потом всю свою жизнь с этой отраслью человеческих знаний!

С гордостью могу сказать, что и все мои ребята «Жас дарыновцы» успешно поступали на бюджетные места и Вузы и на факультеты именно биологической направленности в Казахстане, ближнем и дальнем зарубежье! Я до сих пор общаюсь с этими, теперь уже взрослыми людьми, первые из которых уже закончили Вузы и с успехом трудятся на благо нашего государства, их труд высоко ценится их коллегами, а они, в свою очередь, никогда не забывают свою школу и всегда при случае не забывают говорить слова искренней благодарности своим учителям!

С самого порога этого здания, только какходишь в него, сразу же ощущается какая-то необыкновенная аура, энергетика, видишь добрые лица, улыбки, и понимаешь, что любой человек этой школы постарается помочь, с какой бы просьбой ты к нему не обратился, это может касаться изменения кабинета для урока, переноса урока, коррекции расписания или просьбы в столовой приготовить крепкий, сладкий чай - все спокойно и доброжелательно тебе помогают! Великий Дидро говорил «Гений падает к нам с небес, но на один раз, когда он встречает ворота дворца, приходится сто тысяч раз, когда он пролетает мимо». «Ворота дворца» - это образное выражение, под которым здесь подразумеваются прекрасные, комфортные условия, созданные для детей, для наиболее полного раскрытия их талантов, способностей, особенностей личности, именно таким дворцом и является эта прекрасная школа!!!

Хочется сказать слова благодарности всему коллективу педагогов во главе с директором Хасановой Сауле Тулегеновной, библиотекарю, работникам бухгалтерии, всему техническому персоналу, который первым встречает тебя на пороге здания школы и ты чувствуешь, что это утро, этот день будет удачным для тебя, только потому, что сегодня пришёл в эту необыкновенную школу!!! Мне искренне хочется пожелать всем работникам

школы здоровья, творческих свершений, триумфальных побед, успехов, благополучия семьям, дальнейшего процветания, финансовой стабильности, душевного покоя!

С уважением, благодарностью
и любовью учитель биологии
Синицына Ирина Юрьевна.

Биік белестерден көріне беріңіздер...

Павлодар қаласындағы «Жас дарын» мектебі бүгінгі таңда облысымыздағы қабілетті, дарынды, шығармашылық бағыттағы оқушылар оқитын білім ошақтарының бірі.

Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің студенттері болашақ өмірлеріне тәжірибе алу мақсатында аталған мектепте іс - тәжірибешіліктен өтіп келеді. Іс - тәжірибешіліктен өту барысында студенттер мектепке қуана, құлшына барып тұрады. Себебі «Жас дарын» оқушыларының әрқайсысымен жұмыс жасау өте қызықты. Мұндағы әр бала өзінше, ерекше әлем, олардың әрқайсысының бойында шығармашылыққа бейімділік сынды қабілет ерекше дамыған.

Жалпы, бұл мектепте мен 2001 – 2002 оқу жылдары музыка мұғалімі ретінде жұмыс істеген болатынымын. Сондықтан да мектеп ұжымымен және оқушыларымен етене таныспын. Еліміздің болашағы - шығармашылық дарыны бар тұлға десек, бұл мектеп оқушылары, сөзсіз, болашақта ел тірегі, қоғам белсенділері болады деп ойлаймын.

Дарынды оқушыларыңыздың арқасында биік белестерден көріне беріңіздер деп тілеймін.

Музыка оқытушысы: Жакина А. М.

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ - ӨШПЕС ҰЛЫ МҰРА

Адам баласының бойына оңайлықпен дари бермейтін ұстаздық ұлы қасиетті бойына жинап, егемен елдің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген, құрметті де аса қадірмеді «Жас дарын» мектебінің Сәуле Төлегенқызы бастаған ұстаздар қауымы!

Кешегі тарих бүгінге және болашаққа керек тарих. Сол «керек тарихтың» кейінге қалдырар мұрасы, ұрпаққа ұсынатын үлгісі – ХХІ ғасырда еңбегімен елін марқайтар ұлағатты ұстаздардың жарқын өмірі мен қызметі. Ұстаз еңбегі - өшпес ұлы мұра.

Ұстаз жайында ұлы данышпан Әл-Фараби «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көреген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындары мен жат адамдарына да әділ., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсететін... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек. Сонымен қатар ұстаз тым қатал да болмай, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген біліміне шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» - деп IX ғасырда-ақ деп басып айтып кеткен екен. Әрине ұстаз бола білудің өзі де үлкен өнер. Ол асқан жауапкершілікті қажет етеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген дана халқымыздың сөзі де босқа айтылмаса керек-ті.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі», - дейді ағартушы ғалым Б. Алтынсарин. Сол айтқандай мектебіміздің іргетасы қаланған күннен бастап, дарынды балаларды қабілеттеріне қарай іріктеп, оларға жүйелі түрде білім беру ережесін бірінші жолға қойған майталман ұстаздар бүгінгі күнге дейін еңбек етуде. Ұжымның нәтижелі еңбектерінің негізгі көзі – дарынды балаларды анықтап, оның қабілетін арттырып, шынайы өмірге қалыптастыру. Жылдан жылға оқушылардың білім деңгейі жоғары дәрежеге көтеріліп, Республикалық және Халықаралық дәрежедегі байқауларда жеңімпаз атанып, ҰБТ қорытындысы бойынша мектебіміздің үздік мектептер қатарына қосылуы тәлімгер ұстаздарымыздың еңбегінің жемісі. Өйткені ұстаз еңбегі шәкірттерінің қол жеткізген жетістіктерімен өлшенеді.

Мектебіміз 2003-2004 оқу жылында орта мектепке айналып, содан бері мектепті 88 түлек аяқтаса, олардың барлығы дерлік байқау жеңімпаздары мен еліміздегі және алыс-жақын шет елдердегі жоғары оқу орындарының грант иегерлері.

Бір сөзбен айтқанда, заман көшімен ілесіп, қиын кезеңдерге қарамастан, «Жас дарын» мектебі еліміздің білім беру жүйесіне өз үлесін қосып келе жатқан бірден-бір білім ордасы. Одан әрі қарай да егемен еліміздің өркендеуіне, қоғамымыздың саналы азаматтарын қалыптастыру мақсатында қажырлы еңбек етіп, зияткерлік қоғамның дұрыс қалыптасуына, мектебіміздің даңқы мен мерейін арттыруға өзіндік үлестеріңізді аянбай қосатындарыңызға сенімдімін.

Отбасыларыңызға рухани байлық, жұмыстарыңызға шығармашылық өркендеу, кәсіби деңгейлеріңіздің өсуіне, ғылыми ізденістер жолында ірі табыстарға жете берулеріңізге тілектеспін. Мерей тойларыңыз құтты болсын қадірлі ұстаздар!

Ізгі тілекпен: Абдуллаева Қалдыкүл Манашқызы (ата-ана)

МҰҒАЛІМ – МАДАҚҚА ДА, СЫЙҒА ДА ЛАЙЫҚ ТҮЛҒА

Ғасырлар тоғысында, қазақ халқы жаңа заманға бет бұрған тағдырлы кезеңде Павлодар қаласында дарынды балаларды мемлекеттік тілде оқытатын мамандандырылған мектеп ашылды. Ең алғашында бастауыш сыныптармен ғана ашылған мектеп бүгінде элитарлық білім ордасына айналды. Дарынды балаларды тәрбиелеп отырған мемлекеттік тілдегі мектептер – ұлтымыздың тал бесігі. Оған басқа теңеу жоқ. Сол ұрпақтың білімді де білікті, парасат пайымы мол, мәдениеті жоғары, саналы азамат болып қалыптасуы мектептегі мұғалімге тікелей байланысты. Сондықтан да мұғалім – мектептегі басты тұлға. Мұғалімге артылар сенім жүгі ауыр әрі ұлағатты ұлы жол. Баланы азамат етіп қалыптастыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ондай адамды қалыптастыру үшін мұғалім адам жанының шебері болу керек. Нағыз ұстаз жауапкершілігі мол жұмысты мінсіз атқарып, өз отанын сүйетін, тіл мен дінін құрметтей білетін, мәдениеті жан-жақты дамыған ұрпақ даярлай біледі. Өйткені ұрпақ тағдыры – ертеңгі ел тағдыры.

Осындай ұлы жолда еңбек етіп, небір қиын кезеңде шыдас беріп, үлкен асулардан асып, өзінің бойына жинаған бар білімін ұрпақ бойына сіңіруге аянбай еңбек етіп жүрген осы мектептің ұстаздарына алғысымыз шексіз. Себебі келешек ұрпақ тағдырына алаңдаушылықпен қарап, біліммен қатар қазақ халқының ұлылығын ұлықтайтын рухани ұлттық тәлім-тәрбиемен қаруландырып, ұлттық сана сезімін оятып, патриоттық сезімді бала жүрегіне ұялату мақсатында еңбек етіп жүрген ұстаздар баршылық. Мектептегі атқарылып жатқан игі істер балалардың ғылымның алғашқы баспалдағына қадам басуына ықпал етуде. Ұлтымыздың ұлылығын дәріптеу мақсатында әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты шаралар да жиі өткізіледі. Ондағы балалардың бойындағы ұлы қасиеттерінен саналы азаматтарымыздың өсіп келе жатқанын байқауға болады. Болашақта ұлтымыздың рухын асқақтатып, жүрекпен сөйлеп, елін қорғайтын, кеудесі ашық, көкірегі ояу, жүрегі тек ұлт деп соғатын ұрпақтың боларына сеніміміз мол. Мұндай бала бойындағы ұлы

қасиетті қозғап, оята білген нағыз ұстаздың ісі. Осындай ізгі шараларға мұғалім ретінде әрі осы ұжымның басшысы ретіне басшылық жасап жүрген Сәуле Төлегенқызының еңбегін айта кеткен жөн. Өйткені мектептегі мұндай іс-шаралар басшының қарамағындағы қызметкерлеріне мамандығына қарай, талап қоя білетінін және оның дұрыс орындалуын қатаң қадағалай алатынын, білмегендеріне өз тәжірибесінен үйрете білетін нағыз басшының іскерлік еңбегін көрсетеді. Сіздердей ұлағатты ұстаздар барда, ұлт беделін асқақтататын жас ұрпақтың өсіп, ұлтпен бірге жасай беретіндігіне кәміл сенеміз.

Сондықтан да құрметті Сәуле Төлегенқызы! Құрметті ұстаздар, ұлы жолдағы жауапты да абыройлы жұмыстарыңызға жаңашылдық пен тың ізденістер тілейміз. Әлем таныған Қазақстанның дарынды азаматтарын даярлаудан жалықпаңыздар!

Мектептің ата - аналары

Мың шұғылалы мұзарттар

Терендігіне табынатындар көп бүгін,
Ұста мен ұстаз түбірі бірге текті ұғым.
Қасиетті ұя – қарлығаштарымен әлемге,
Таныта білген қазақтың биік шоқтығын!
Күләш Ахметова

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.
Гафу Қайырбеков

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Осындай білімділер ғасырында зерек те зейінді, талапты да талантты, тапқыр да ойшыл, ұшқыр да қанатты, ұлы мақсаттар иегерлері, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығатын дүлдүл шабыс шәкірттерді біліммен сусындатып жүрген «Жас дарын» мектебін ерекше атағым келеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, білімге құштар, алдарына мұзарт мақсат қойып, сол жолда аянбай еңбек ететін шәкірт бойындағы ұстамдылық пен тәрбиелілік, шыдамдылық пен қайраттылық, қайсарлық пен өжеттік ұстазға келіп тіреледі. Ескендір Зұлқарнайын: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», – десе, Абылайхан Төле биді, Шәкәрім ұлы ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтесе, біз мектебіміздің көшбасшысы – Хасанова Сәуле Төлегенқызын ешкіммен салыстыруға болмайтын ұлы, дана да, дара тұлға деп санаймыз. Өйткені ол – өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салып, болашаққа адастырмас ақ жол сілтейтін асыл жан. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, қаламы қуатты, қиялы қанатты, қажымас талапты адамға тән қасиет.

Сіз бізге – көшбасшысыз дара туған,

Көрінер балаларға дана тұлғаң.

Біз үшін аман жүрші, аяулы ұстаз,

Жүрегі күн нұрынан жаратылған.

Бақыттың үлкені – өзінді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Француздың ұлы ойшыл-философы Ж.Руссо «Ұстаздық ету – өзінің уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген екен. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне ұстаздарымыздың сіңірген еңбегі зор. Осындай асыл

ұстаздарымыз мектебімізде қырыққа жуық. Олардың әрқайсысының еңбегі зор, мектеп тарихында алатын орны да ерекше және олар есімдерін алтынмен қашап жазуға лайық деп ойлаймын. Атап айтсақ, Хасанова Сәуле Төлегенқызы, Белгібаева Гүлшекер Манатқызы, Тұрсынов Ғаждембек Қуанышұлы, Бегалина Жұпар Бегалиқызы, Рахимжанова Армангүл Сартайқызы, Әбдіжүсіпова Бәтима Халыққызы. Ұстаздың бойындағы білім мен ақыл-ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды. Осы тұста Абайдың:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе ?!

Тыңдаған көңілдегі толғамымды,
Шындаған тәрбие мен талғамымды.
Өмірдің маған сыйы деп білемін,
Өзіндей жанға шәкірт болғанымды.

Қазіргі жас буын – еліміздің келер кейінгі келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», – деген тұжырым жасады. Міне, бұл біздің мектебіміздің шәкірттерінің айқын мақсаты. Және осының бәрі асыл ұстаздарымыздың арқасы. Сіздерге алғысымыз шексіз!

Игіліктен теріп маржан-жақұтты,
Ізгілікке арнаған бар уақытты.
Қиындықтан қаймықпаған ешқашан,
Барлық ұстаз бола берсін бақытты!
Талпынған балапан ем ұядағы,
Қырандай жетілдірдің қиядағы.
Ұстаздарға арналар лебіздерім,
Бір жырға қалай ғана сыя алады?!

Марат Ахбөпе
11-сынып оқушысы
«Жас дарын» мектебі

«Жас дарын» мектебі туралы жақсы ой...

Павлодар қаласы «Жас дарын» мамандырылған мектебі туралы тек жақсы тілектер, ойлар айтуға болады. Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалы драма театры мектептермен тығыз байланыс жасайды. Әрбір кездесу үлкен ой салады. Мектептің ішіне кіргеннен бастап, әдептілік, мейірімділік, мәдениеттілік байқалады. Балалардың жүріс-тұрысы, білімге деген құштарлығы, ізеттілігі көрініп тұрады. Мен өзім осы мектепке әртүрлі артистермен кездесулерге барғанда, балалардың білімділігін көргенде, кеудеме қуаныш толады. Егеменді еліміздің болашағын нығыз ұстайтын, еліміздің елдігін сақтайтын, еліміздің болашағын көркейтетін нағыз азаматтардың өсіп келе жатқанына қуана қараймын.

«Жас дарын» мамандандырылған мектеп ашылғалы театрмен тығыз байланысты. Әрбір қойылымды көргеннен кейін сол қойылым туралы үлкен ойлар айтылады, талқыланады. Нағыз мәдениетті болу өмірдің талабы, өркениетті мектептердің қатарында болу үшін мәдениетті, білімді болу керек. Осы ұстанымды мектеп директоры Хасанова

Сәуле Төлегенқызы жауапты міндет деп алдына үлкен мақсат қойған. Әрбір бастамасында сондай ұқыптылық, ақыл мен білімділік, сыпайлық байқалады.

Сондықтан да театрмен мектеп оқушыларының, ата-аналарының тығыз байланысты, болашаққа, өмірге деген көзқарасының нық анық екенін көрсетеді.

Театрымыздың өсу жолы көрермендермен байланысты. Қазақстанның түпкір-түпкірінен Павлодар қаласына келген театрлар Павлодар қаласындағы көрермендердің талғамының биіктігін айтады. Ж.Аймауытов атындағы театрдың шетелдерде, өзімізде өтіп жатқан фестивальдерде жүлделі орын алып жүргені «Жас дарын» мектебінің ұстаздары мен оқушыларының зор үлесі бар екенін мақтаныш, қуаныш сезіммен айта аламын.

Сіздерге алғысымыз шексіз. Әрқашанда табысты болыңыздар!

**Ж.Аймауытов атындағы театр
директорының орынбасары, ҚР
мәдениет қайраткері
С.Н. Бекболатов**

Болашақ түлектердің лебізі

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» демекші, «Жас дарын» жалпы орта білім беру ошағының еліміздің жас азаматтарын оқытуда атқарған еңбегі орасан зор. Он жылдан аса уақыт бойы, алғаш іргесі қаланған сәттен бері мектеп талай-талай дарынды балаларды үлкен жолға, келешек өмірге даярлаумен айналысуда.

Әрине, білім нәріне сусындаған шәкірттерді дайындауда мектеп ұжымының, әсіресе мұғалімдер қауымының рөлі аса маңызды. Ең бастысы, метеп абыройын жоғары ұстатуға бар күшін салып жатқан директорымыз Хасанова Сәуле Төлегенқызының еңбегін атап өткен абзал. Сәуле Төлегенқызы мектеп оқушыларын түрлі-түрлі олимпиадалар мен интеллектуалдық сайыстарға қатыстырмақ үшін көптеген шара жасауда, мұның арқасында балалардың білімге деген құштарлығы мен әуестілігін күннен-күнге артуда. Сонымен қатар, аяулы ұстаздарымыз жаңа ғана қалыптаса бастаған тұлғалардың, яғни шәкірттердің түпкілікті адам болып жетілуі үшін тәлім-тәрбие, баға жетпес терең білім беріп отыр. Мұндай асыл адамдардың еңбегі нәтижесінде оқушылар білім аренасында биік белестерге жетіп, мектебіміздің жетістіктер қоржынын үзіліссіз толтыруда.

Бүгінде мен «Жас дарын» оқу ұясынан ұшқалы тұрған болашақ түлекпін. Осындай қасиетті мектеп табалдырығын аттап, терең білім алғаным үшін үлкен алғысымды білдіремін. Мектебіме одан әрі гүлденіп, республика ауқымында өз орнын сақтап қалуға тілектеспін.

**11 «Ә»-сынып оқушысы
Сұлтанғазина Қ.**

Мектебімнің іргесінің қаланғанына 13 жыл болып та қалды. Мұндай ұзақ емес, бірақ қуанышты сезімдерге, толғанысты сәттерге толы уақыт ішінде осы оқу ордасы көптеген елеулі оқиғалар кешіп, облыс, Республика деңгейлерінде ауқымды дәрежедегі мәртебеге ие болып, жалпыға ардақты мектепке айналды.

Мектебіміз кішкентай, бірақ бұл жайт оның толыққанды өмір сүруіне еш әсерін тигізбейді. Керісінше, мұнда келген әр адам, білім алатын әр оқушы өзін жайлы сезінеді деп ойлаймын. Табалдырығын аттаған сәттен бастап сені жайдары жүздер қарсы алып, бірден жылы достық қарым-қатынасты елейсің. Жалпы бұл әрдайым мектебіміздің ерекше өзгешілігі болып еді. «Жас дарында» балалық шағының балдай тәтті кездерін

көрген бірнеше дарынды аға буындар бұған дәлел. Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кеткен түлектері әліп үйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық кездерінің талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, мақтанышпен еске алып, жиі-жиі мектептің құрметті қонақтары болып тұрады.

Міне, бүгін мен де мектебімен қимастықпен қоштасатын түлекпін. Уақыт өте келе мектеп өсті, мен өстім. Мен қанша жыл өмір сүрсем де, қандай іспен айналыссам да, өмірдегі ең ұмытылмас сәттер болып «Жас дарында» өткізген уақыт қалатыны сөзсіз. Мектепте өткен уақыт өміріндегі шаттыққа толы кездер. Дәл осы кездер есімде ең жарқын естелік боп қалады. Мектебім маған үлкен өмірге жолдама береді, үлкен өмірге дайындайды.

Он бір жыл бойы сүйенішім, әрбір бастауымда қолдаушым болған, жылулық пен бақыт сыйлайған осы үлкен жанұяның кішкентай бір бөлшегі – мен, ал алтын ұям-мектебім - жүрегімнің төрінде айырықша үлкен орын алатын тірегім.

Н.Темірова, 11-сынып оқушысы

Ұстазыма

Ұстаз деген – ардақты екінші ана,
Білім алған ұстаздан ғұлама да.
Әрқашан білім нәрін сеуіп өткен,
Қасиетіңнен айналдым ұлы дана.

Жүріп өткен ізіңнен ғибрат алған,
Тек өзіңнен ұрпаққа мұра қалған.
Қадірлі де, аяулы ұстазымсың,
Бас иеміз әрқашан тек бір саған.

Жас ұланы қанат қағар қияға,
Жетер ме екен аңсаған ұлы арманға.
Сусындап түпсіз терең тұңғиықтан,
Көп алғысын айтар сонда ұстазға.

Марат Ахбөпе, 11-сынып оқушысы